# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## ТҮРІК ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Базалық деңгей

A2



# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**ТҮРІК ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

# A2

БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ

Астана, 2024

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2Қаз-923
Қ17

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
"Ш.Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ҰҒПО" КЕАҚ әзірледі
Түрік тілді аудиторияға арналған «Қазақ тілі» оқу құралы
(А2 – базалық деңгей)

**Авторлары:**

***Н. Бирай,*** Памуккале Университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

***Г. Құрманғалиева Ерджиласун,*** Анкара Қажы Байрам Вели Университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы.

***С. Ұзақбайқызы,*** Гуманитарлық ғылымдар магистрі.

***Л. Есбосын,*** «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ, филология магистрі.

***Ж. Искакова,*** «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ, филология ғылымдарының кандидаты.

**Қазақ тілі:** Базалық деңгей (А2): Түрік тілді аудиторияға арналған оқу құралы. – Астана: 2024. – 272 бет.

ISBN 978-601-7504-86-1

Бұл оқу құралы қазақ тілін базалық деңгейде үйренуге арналған. Құралда туыстас тілдерді үйрету әдістемесі басшылыққа алынып, күнделікті жиі қолданылатын лексикалық тақырыптар және сөйлеудің төрт дағдысын тез әрі тиімді меңгертетін тапсырмалар берілген.

Оқу құралы түрік және қазақ тілдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленген. Түрік тілді тіл үйренушінің қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыруды көздейді.

© Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті, 2024

© «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ, 2024

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1-ДӘРІС | ТАНЫСТЫРУ | 6 |
| | 1.1 Өзім туралы | 6 |
| | 1.2 Отбасы мүшелері | 25 |
| | 1.3 Біздің Отанымыз | 34 |
| 2-ДӘРІС | ДАҒДЫЛАР | 42 |
| | 2.1 Күнделікті өмір | 43 |
| | 2.2 Уақыт және мекен | 53 |
| | 2.3 Хобби | 63 |
| 3-ДӘРІС | САЛАУАТТЫ ӨМІР | 75 |
| | 3.1 Денсаулық | 76 |
| | 3.2 Спорт | 86 |
| | 3.3 Табиғат | 94 |
| 4-ДӘРІС | АДАМ КЕЛБЕТІ | 101 |
| | 4.1 Сырт келбет | 102 |
| | 4.2 Киім үлгісі | 112 |
| | 4.3 Маусымдық киім | 121 |
| 5-ДӘРІС | ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС | 128 |
| | 5.1 Мінез-құлық | 129 |
| | 5.2 Достық | 133 |
| | 5.3 Әріптестік | 139 |
| 6-ДӘРІС | ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР | 145 |
| | 6.1 Қоғамдық орындар | 146 |
| | 6.2 Сауда-саттық | 157 |
| | 6.3 Халыққа қызмет көрсету | 164 |
| 7-ДӘРІС | САЯХАТ | 171 |
| | 7.1 Саяхатқа дайындық | 172 |
| | 7.2 Отандық туризм | 181 |
| | 7.3 Шетелге саяхат | 188 |
| СӨЗДІК | | 197 |
| ТЫҢДАЛЫМ МАТЕРИАЛДАРЫ | | 228 |
| ДҰРЫС ЖАУАПТАР | | 250 |
| ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН 100 ЕТІСТІК | | 269 |

# АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесі тәуелсіздіктің соңғы 10 жылдығында әлемдік тәжірибенің озық үлгілері мен қалыптасқан дәстүрлі әдістемемен қоса жетілдіріліп, бүгінде оң бағасын алуда. Бірқатар уақытқа дейін қазақ тілі өзге ұлт аудиторияларының, оның ішінде орыс тілді аудиторияның ерекшелігін ескере отырып оқытылып келді. Алайда қазақ тілінің көкжиегі әлдеқашан кеңейгенін байқауға болады. Мәселен, бауырлас Түркия Республикасының 20-ға жуық жоғары оқу орындарында қазақ тілі арнайы пән, курс ретінде оқытылады, сондай-ақ түрлі жекеменшік қоғамдар мен орталықтарында қазақ тілі мен мәдениетіне қызығушылық танытқан азаматтарға қазақ тілі курстары ұйымдастырылған. Міне, осындай үрдістерді бақылай келіп, «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ басшылығының бастамасымен Орталықтың ғалымдары мен Түркияның белгілі профессорлары, әдіскерлерімен бірлесе отырып арнайы түрік тілді аудиторияға арналған қазақ тілі оқу құралын жазу қолға алынды. 2023 жылы жазылған А1 деңгейінің оқу құралы бауырлас елдің 30 шақты мекемесіне таратылып, оқу құралымен 20 шақты оқу орындарының студенттері қазақ тілінен білім алып жатыр. Тіл оқыту әдістемесінің әлемдік тәжірибесіне көз жүгіртетін болсақ, әр ел мен тілдің ерекшелігін ескере отырып тілді оқыту әдістемесін жетілдіру әлдеқашан тәжірибеге енгенін көруге болады. Мысалы, орыс тілді аудиторияға ағылшын тілін оқыту немесе неміс тілді аудиторияға түрік тілін үйрету т.с.с.

Алдарыңызға ұсынылып отырған құрал қазақ тілін шет тілі ретінде, оның ішінде туыстас тілдердің ерекшелігін сақтай отырып тіл үйрету әдістемесі негізінде жазылған. Атап айтқанда, екі тілде айтылуы ұқсас және мағыналас лексикалық және грамматикалық минимумға назар аударыла отырып, қазақ тілінің түрік тілінен өзге құрылымдарын, лексикасын үйрету жолға қойылған. Базалық А2 деңгейіне арналған бұл құралда А1 қарапайым деңгейдегі тақырыптар мен грамматиканы тереңдетіп оқытуға және жаңа материалмен таныстыруға бағытталған, яғни екі құралдың арасындағы логикалық, мазмұндық байланыс сақталған. Сондай-ақ құралда грамматикалық және лексикалық материалды бекітуге арналған жеңілден күрделіге қарай принципіне негізделген әртүрлі заманауи, дәстүрлі жаттығулар мен тапсырмалар берілген.

Оқу құралы 7 модульден тұрады, әр модуль 3 тақырыпқа бөлінген. Әр модульде күнделікті өмірде қолдануға қажет тақырыптар мен грамматикалық құрылымдар таңдалып, студенттердің тез әрі жеңіл үйренуіне ыңғайланып әзірленген тапсырмалар, мәтіндер мен диалогтер, полилогтер берілген. Оқу құралының соңында қазақ және түрік тілінде әр модульде өткен тақырыпқа сай сөздік берілді. Сонымен қатар тыңдалым материалдары, дұрыс жауаптар мен қазақ тілінде жиі қолданылатын 100 етістік арнайы енгізілген. Қазақ тілін оқу арқылы бауырлас елдердің арасындағы мәдени, тарихи, экономикалық байланыстардың одан әрі нығая түсіп, қазақ тілін өзге ұлттарға үйрету әдістемесі жетіле түсуіне үлесін қосады деген оймен, еңбектің авторлары ұсынылып отырған оқу құралын қолға алған әр тіл үйренушіге сәттілік тілейді!

**Барлығыңызға сәттілік тілейміз!**

# 1 ДӘРІС

## ТАНЫСТЫРУ



# ТАНЫСТЫРУ

## 1.1 Өзім туралы



**1.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Сәлеметсіз бе! Менің есімім – Айзере. Әкемнің аты – Мұрат, яғни аты-жөнім – Айзере Мұратқызы. Мен оқушымын, 18 жастамын. Мектепте 12-сыныпта оқимын. Біз отбасымызбен Астана қаласында тұрамыз.

Мен келешекте университетте оқып, мұғалім болғым келеді. Кітап оқығанды, сурет салғанды, би билегенді және музыка тыңдағанды жақсы көремін. Физика және математика пәндерін ұнатамын. Республика бойынша олимпиадаға қатысып, бірінші орын алдым. Сіз келешекте кім болғыңыз келеді?

**1.1.2-тапсырма. Айзеремен танысайық! Толтырыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Аты-жөні | ____________ | Қаласы | ____________ |
| Кім? | ____________ | Арманы | ____________ |
| Жасы | ____________ | Ұнататын пәндері | ____________ |
| Оқу орны | ____________ | Хоббиі | ____________ |

**1.1.3-тапсырма. Өзіңіз туралы мәліметтерді жазыңыз.**

Аты-жөніңіз? ____________________

Қызметіңіз? ____________________

Жасыңыз? ____________________

Оқу орныңыз? ____________________

Қалаңыз? ____________________

Арманыңыз? ____________________

Ұнататын пәндеріңіз? ____________________

Хоббиіңіз? ____________________

**1.1.4-тапсырма. Өзіңізді қысқаша таныстырыңыз.**

**ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ. МЫСАЛДАР:**

| Жекеше түрі | Көпше түрі |
|---|---|
| Мен студентпін | Біз студентпіз |
| Сен студентсің / Сіз студентсіз | Сендер студентсіңдер / Сіздер студентсіздер |
| Ол студент | Олар студент |
| Мен медбикемін | Біз медбикеміз |
| Сен медбикесің / Сіз медбикесіз | Сендер медбикесіңдер / Сіздер медбикесіздер |
| Ол медбике | Олар медбике |

**1.1.5-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз. Жіктік жалғауы жалғанған сөздерді табыңыз.**

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Кешіріңіз, сіз бас дәрігерсіз бе?
- Жоқ, мен медбикемін. Айта беріңіз, сізді тыңдап тұрмын.
- Мен студентпін, медицина университетінде оқимын. Дәрігермен тағылымдама туралы сөйлесейін деп едім.
- Тағылымдама туралы директормен сөйлесе аласыз.
- Директор қай жерде отырады?
- Екінші қабатта, 201-бөлмеде қабылдайды.
- Рақмет, сау болыңыз!
- Сау болыңыз!



**1.1.6-тапсырма. Төменде берілген суреттер мен мамандықтарды сәйкестендіріп, жіктік жалғауын жазыңыз.**



Мен ........................................ ..........



Сен ........................................ ..........



Сіз ........................................ ..........



Ол ........................................ ..........



Сіз ........................................ ..........



Ол ........................................ ..........



Біз ............................................ ............



Сендер ............................................ ............



Сіздер ............................................ ............



Олар ............................................ ............



Сіздер ............................................ ............



Олар ............................................ ............

# 1 ДӘРІС

# ТАНЫСТЫРУ

## 1.1 Өзім туралы

### ЖАҢА СӨЗДЕР

| | |
|---|---|
| аспаз | медбике |
| ғарышкер | мұғалім |
| жүргізуші | сатушы |
| заңгер | суретші |
| құрылысшы | |

**1.1.7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіздің атыңызды кім қойған?___________

______________________________________

2. Есіміңіз өзіңізге ұнай ма? ____________

______________________________________

3. Тегіңіз кім?__________________________

______________________________________

4. Жақындарыңыз сізді қалай атайды?

______________________________________

**1.1.8-тапсырма. Қажетті жалғауларды жалғаңыз.**

1. Таныс болыңыз, менің жақын құрбы... – Айша
2. Оның әріптесінің есім... – Жайна.
3. Бұл Айбектің әйел... – Шынар.
4. Ат... өте әдемі. Танысқаныма қуаныштымын... .
5. Біздің жаңа әріптес... – Салтанат.
6. Олардың ана... Айгүл – менің әжем. Мен оның немересі... .
7. Менің ат...ды әжем қойған.

**1.1.9-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз.**



- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Менің есімім – Алтай. Сіздің атыңыз кім болады?
- Менің атым – Аружан. Танысқаныма қуаныштымын, Алтай мырза!
- Мен де қуаныштымын, Аружан ханым! Мен Анкарада тұрамын. Сіз қайда тұрасыз?
- Мен Измирде тұрамын. Сіз студентсіз бе?
- Мен университетті бітірдім. Қазір банкте жұмыс істеймін. Сіз ше?
- Мен студентпін, экономика факультетінде оқимын.
- Мен де экономиспін, онда біз әріптес болдық.

**1.1.10-тапсырма. Диалог бойынша дұрыс, бұрыс сөйлемдерді белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Аружан – студент. | ☐ | ☐ |
| Алтай мен Аружан әріптес. | ☐ | ☐ |
| Алтай Анкарада тұрады. | ☐ | ☐ |
| Аружан Денизли қаласында тұрады. | ☐ | ☐ |
| Алтай банкте жұмыс істейді. | ☐ | ☐ |
| Аружан да банкте жұмыс істейді. | ☐ | ☐ |
| Алтай экономика факультетінде оқымаған. | ☐ | ☐ |

**1.1.11-тапсырма. Осы диалогқа ұқсас диалог құрастырыңыз.**

**1.1.12-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құраңыз.**

соңында\Көктөбеге\апта\барамыз\біз.

домбырада\ойнағым\мен\келеді.

ұлты\мажар\құрбымның\менің.

жаңа\5- қабатта\олардың\үйі\орналасқан.

**1.1.13-тапсырма. Сауалнамаға жауап жазыңыз.**

Аты-жөніңіз кім? ______________________

Тегіңіз кім? ______________________

Туған жылыңыз қай жыл? ______________________

Жасыңыз нешеде? ______________________

Сіздің ұлтыңыз кім? ______________________

Сіздің мамандығыңыз қандай? ______________________

Мекенжайыңыз қандай? ______________________

Туған жеріңіз қай жер? ______________________

Телефон нөміріңіз қандай? ______________________

**1.1.14-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.1.15-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Тимеа қай мемлекеттен?________________________________________________

Әділет қай жерде дүниеге келген?________________________________________

Арайлым қай университетте оқиды?______________________________________

Кім Анкарада тұрады?__________________________________________________

Кім болашақта дәрігер болады?__________________________________________

**1.1.16-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| Әділет ☐ | ☐ Жасы отызда |
| Тимеа ☐ | ☐ Докторант |
| Арайлым ☐ | ☐ Ахмет Ясауи университетінде оқиды |
| | ☐ Экономика бөлімінің студенті |
| | ☐ Тегі – Сәдуақас |
| | ☐ Ош қаласынан |
| | ☐ Орал қаласынан |
| | ☐ Анкарада тұрады |
| | ☐ Жасы жиырмада |
| | ☐ Мажар |

**1.1.17-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**




1. Отбасында қанша бала бар?
2. Кенжесінің есімі кім?
3. Балалардың үлкені ұл ма, қыз ба?
4. Ортаншы баланың аты кім?
5. Тұңғыш баланың есімі кім?

**1.1.18-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті жалғауларды қойыңыз.**

Менің аты... – Әли. Мен... жасы... онда. Мен төртінші сыныпта оқимын. Менің ұлт... – түрік. Отан... – Түркия. Мен туған жер...ді сүйемін. Менің әке... – мұғалім. Ана... – журналист. Мен Анкара қаласында тұра... .

**1.1.19-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрастырыңыз. Танысу үлгісін жазыңыз.**



______________________________________

______________________________________

______________________________________



______________________________________

______________________________________

______________________________________



______________________________________

______________________________________

______________________________________

# 1 дәріс

# ТАНЫСТЫРУ

## 1.1 Өзім туралы

### ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚ

Етістік + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + жіктік жалғаулары

(Мен) Етістік + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + -м
(Сен) + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + -ң
(Сіз) + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + -ңыз/-ңіз
(Ол) + ***-ды/-ді/-ты/-ті***

(Біз) + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + -қ/-к
(Сендер) + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + -ңдар/-ңдер
(Сіздер) + ***-ды/-ді/-ты/-ті*** + -ңыздар/-ңіздер
(Олар) + ***-ды/-ді/-ты/-ті***

***Мысалы:***
бар-у

Мен бардым
Сен бардың
Сіз бардыңыз
Ол барды
Біз бардық
Сендер бардыңдар
Сіздер бардыңыздар
Олар барды

**1.1.20-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Жанайдар кеше достарымен киноға бар.......... .
2. Мен мектептен келіп, ойнауға шық.......... .
3. Біз кітапхананың ашылуына қатыс.......... .
4. Сен жаңа кітап ал.......... ба?
5. Сіз жаңа тапсырыс ал.......... ба?
6. Олар базардан соң тамақтануға кел.......... .
7. Біз іссапардан сыйлық әкел.......... .
8. Сендер жаңа киноға бар.......... ма?

**1.1.21-тапсырма. Тыңдаңыз.
Сұрақтарға жауап беріңіз.**



Ауылға кімдер барды? ______________________________

Ауылда олар не істеді? ______________________________

Әпкесі ауылға неге бармады? ______________________________

Таңертең не істеді? ______________________________

Кім бауырсақ пісірді? ______________________________

Бақшада не істеді? ______________________________

**1.1.22-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**



Сізге кітап оқыған ұнай ма, кино көрген бе?

Ең соңғы оқыған кітабыңыз қандай?

Ең соңғы көрген киноңыз қандай?

**1.1.23-тапсырма. Берілген сөздерді қолданып сөйлем құрастырыңыз.**

Кітап үш оқығанды барады анасы
кітапханашы жақсы көреді бір айда тұрады
Арманның кітапханаға ол күнде қалада
Арман кітап оқиды



______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

## ӨТКЕН ШАҚТЫҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ (1)

*ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе + -ды, -ді*

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мен | | ***-ма-* ды** | *-м* |
| Сен<br>Сіз | | ***-ме-* ді**<br>***-ба-* ды** | *-ң*<br>*-ңыз/-ңіз* |
| Ол | **Fiil kökü +** | ***-бе-* ді** | - |
| Біз | | ***-па-* ды** | *-қ, -к* |
| Сендер<br>Сіздер | | ***-пе -* ді** | *-ңдар / -ңдер*<br>*-ңыздар / -ңіздер* |
| Олар | | | - |

***Мысалы:***

Мен бармадым

Сен бармадың

Сіз бармадыңыз

Ол бармады

Біз бармадық

Сендер бармадыңдар

Сіздер бармадыңыздар

Олар бармады

### 1.1.24-тапсырма. Сөйлемдерді болымсыз мағынада айтыңыз.

1. Біз мерекеде ауылға бардық.
2. Мен шетелде демалдым.
3. Мен жұмысқа келдім.
4. Біз суретшілермен кездестік.
5. Олар емтихан тапсырды.

### 1.1.25-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.

1. Кеше үй тапсырмасын орындамадым. Өйткені....
2. Жазда демалысқа бармадық. Өйткені...
3. Бүгін дәріске кешіктім. Себебі...
4. Кездесуге келмедім. Себебі....
5. Концертке билет таба алмадық. Өйткені...

### ЖАҢА СӨЗДЕР

әкелу

болашақ

кенже

тұңғыш

қатысу

сүю

сыйлық

тапсырыс

теру

халықаралық

іссапар

**1.1.26-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.1.27-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Эрен қайда барады?
2. Эрен қай университетте оқиды?
3. Консулдық бөлімнің жұмыс уақыты қандай?
4. Эрен консулдық бөлімге не үшін келді?

**1.1.28-тапсырма. Берілген жауаптарға сұрақтар жазыңыз.**

1. ______________________________

Иә, өткен аптада киноға бардық.

2. ______________________________

Ыстанбұлға екі ай бұрын келдім.

3. ______________________________

Иә, әлі таңғы ас ішпедік.

4. ______________________________

Автобус әлі келмеді.

**1.1.29-тапсырма. Сурет бойынша болымды, болымсыз сөйлем құрастырыңыз.**





______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

















## БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚТЫҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ (2)

***Етістік*** + -ған, -ген; -қан, -кен ***жоқ*** + жіктік жалғаулары

(Мен) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқпын
(Сен) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқсың
(Сіз) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқсыз
(Ол) етістік+ ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқ

(Біз) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқпыз
(Сендер) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқсыңдар
(Сіздер) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқсыздар
(Олар) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** жоқ

***Мысалы:***

| **бар** -у | **қара** -у |
|---|---|
| Мен барған жоқпын | Мен қараған жоқпын |
| Сен барған жоқсың | Сен қараған жоқсың |
| Сіз барған жоқсыз | Сіз қараған жоқсыз |
| Ол барған жоқ | Ол қараған жоқ |
| Біз барған жоқпыз | Біз қараған жоқпыз |
| Сендер барған жоқсыңдар | Сендер қараған жоқсыңдар |
| Сіздер барған жоқсыздар | Сіздер қараған жоқсыздар |
| Олар барған жоқ | Олар қараған жоқ |

## БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚТЫҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ (3)

***Етістік*** + -ған, -ген; -қан, -кен ***емес*** + жіктік жалғаулары

(Мен) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емеспін
(Сен) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емессің
(Сіз) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емессіз
(Ол) етістік+ ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емес

(Біз) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емеспіз
(Сендер) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емессіңдер
(Сіздер) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емессіздер
(Олар) етістік + ***-ған, -ген; -қан, -кен*** емес

***Мысалы:***

**орында** -у
Мен орындаған емеспін
Сен орындаған емессің
Сіз орындаған емессіз
Ол орындаған емес
Біз орындаған емеспіз
Сендер орындаған емессіңдер
Сіздер орындаған емессіздер
Олар орындаған емес

| Болымды | Болымсыз 1-түрі. | Болымсыз 2-түрі. | Болымсыз 3-түрі. |
|---|---|---|---|
| Мен көрдім | Мен көрмедім | Мен көрген жоқпын | Мен көрген емеспін |
| Сен көрдің | Сен көрмедің | Сен көрген жоқсың | Сен көрген емессің |
| Сіз көрдіңіз | Сіз көрмедіңіз | Сіз көрген жоқсыз | Сіз көрген емессіз |
| Ол көрді | Ол көрмеді | Ол көрген жоқ | Ол көрген емес |
| Біз көрдік | Біз көрмедік | Біз көрген жоқпыз | Біз көрген емеспіз |
| Сендер көрдіңдер | Сендер көрмедіңдер | Сендер көрген жоқсыңдар | Сендер көрген емессіңдер |
| Сіздер көрдіңіздер | Сіздер көрмедіңіздер | Сіздер көрген жоқсыздар | Сіздер көрген емессіздер |
| Олар көрді | Олар көрмеді | Олар көрген жоқ | Олар көрген емес |

**1.1.30-тапсырма. Төмендегі етістіктерді өткен шақтың болымды және болымсыз түрінде жазыңыз.**

| Болымды | Болымсыз 1-түрі. | Болымсыз 2-түрі. | Болымсыз 3-түрі. |
|---|---|---|---|
| Мен айт................ | Мен айт................ | Мен айт................ | Мен айт................ |
| Сен айт................ | Сен айт................ | Сен айт................ | Сен айт................ |
| Сіз айт................ | Сіз айт................ | Сіз айт................ | Сіз айт................ |
| Ол айт................ | Ол айт................ | Ол айт................ | Ол айт................ |
| Біз айт................ | Біз айт................ | Біз айт................ | Біз айт................ |
| Сендер айт............ | Сендер айт............ | Сендер айт............ | Сендер айт............ |
| Сіздер айт............ | Сіздер айт............ | Сіздер айт............ | Сіздер айт............ |
| Олар айт............... | Олар айт............... | Олар айт............... | Олар айт............... |

**1.1.31-тапсырма. Өткен шақтағы етістіктерді табыңыз.**



### Біздің әулет

Менің тегім – Аман. Есімім – Гүлсезім. Әкемнің аты – Асқар. Менің әкем, атам, арғы атам барлығы теміржолшы болған. Жылдар бойы Қазақстан темір жолында қызмет еткен. Атам Мәмбетәлі машинист болған. Әкем осы жылы зейнеткерлікке шықты. Мен де теміржолшы болғым келеді. Мен әулетіммен мақтанамын.

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- есім, ат
- тек, тегі
- мамандық
- әріптес
- ханым
- мырза
- туған жер
- әулет
- шақырту қағазы
- шетел

**1.1.32-тапсырма. Әулетіңіз туралы баяндаңыз.**

**1.1.33-тапсырма. Жауап жазыңыз.**



**Домбырада ойнай аласыз ба?**

Иә, *ойнай аламын.*

Жоқ, *ойнай алмаймын.*

**Өзбекстанға бардыңыз ба?**

Иә,______________________

Жоқ,______________________



# ТАНЫСТЫРУ

## 1.1 Өзім туралы



**Мына көлікті жүргізе аласыз ба?**

Иә,____________________________

Жоқ,___________________________



**Сіздің әулетіңіз үлкен бе?**

Иә,___________________________

Жоқ,__________________________



**Шетелге саяхаттадыңыз ба?**

Иә,____________________________

Жоқ,___________________________

**1.1.34-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.1.35-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Тоқтар Әубәкіров қазақтың.... ғарышкері.

☐ А) екінші ☐ Ә) тұңғыш ☐ Б) соңғы

2. Қайда дүниеге келген?

☐ А) Мәскеуде ☐ Ә) Қарқаралы ауданында ☐ Б) Ыстанбұлда

3. Қай ғарыш айлағынан ұшқан?

☐ А) Мәскеу, «СоюзТМ-13» ☐ Ә) Америка Құрама Штаттары, Axiom Mission 3 (Ax-3) ☐ Б) Байқоңыр, «СоюзТМ-13»

4. Тоқтар Әубәкіров ғарышқа қашан ұшқан?

☐ А) 2001 жылы ☐ Ә) 1991 жылы ☐ Б) 1946 жылы

5. Тоқтардың әкесінің есімі кім?

☐ А) Әубәкір ☐ Ә) Тоқтар ☐ Б) Оңғарбай

**1.1.36-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.1.37-тапсырма. Бос орындарды тыңдалым бойынша толтырыңыз.**

| | Юсуф | Мұрат | Берік |
|---|---|---|---|
| 1. Өзбек. Филология факультетінің студенті. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2. Биология факультетінің магистранты. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3. Түрік. Журналистика факультетінің студенті. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4. Университеттің кітапханасы қайда орналасқан? | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5. Студенттерге көмек көрсеткен кім? | ☐ | ☐ | ☐ |

**1.1.38-тапсырма. Берілген құжаттар бойынша баяндаңыз.**








**1.1.39-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.**




1. Taş сөзінің қазақшасы
2. Есім сөзінің синонимі
3. Қазақстанның бас қаласы
4. Үйдің ең кіші баласы
5. Үйдің ең үлкен баласы
6. Ағамның әйелі
7. Ауруханада қызмет етеді
8. Қазақстандық жас әнші (фото Димаш)
9. Soyadı сөзінің қазақша баламасы
10. Boncuk  сөзінің қазақша баламасы

**Мақал-мәтелдерді оқыңыз**

Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткішіңіз.

## 1.2 Отбасы мүшелері

**1.2.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Отбасы мүшелері дегенде қазақтарда ата, әжеден бастайды. Содан кейін әке, ана, балалары, немерелері айтылады. Біз анамызды анашым, әкемізді әкешім, әкетай деп те атаймыз. Отбасындағы балалар: үлкені немесе тұңғыш бала, ортаншы бала, кенже бала, кенжетай деп аталады. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің кенже ұлы әке-шешесімен бірге тұрады. Ол әке-шешесін бағып, қара шаңыраққа ие болады. Қара шаңырақ дегеніміз әке-шешенің үйі.

Мен үйдің кенжесімін, атым – Болат. Атам мен әжем, әке-шешем ауылда мал шаруашылығымен айналысты, мен де мал ұстаймын. Әкемнің есімі – Қайрат, анам – Гүлбаршын. Олар қазір зейнеткер, немерелерін бағады. Менің ағам мен әпкем бар. Ағам үйленген, аты – Олжас, Астанада тұрады. Әпкем Қаламқас университетте жұмыс істейді. Ол тұрмыста емес. Алматыда тұрады. Ал мен үйдің кенжесі болғандықтан ауылда әке-шешеммен бірге тұрамын. Біз жас отбасымыз. Әйелімнің аты – Гүлнұр. Ол қаланың қызы, қазір ауылда тұруға үйренді. Біздің екі кішкентайымыз бар. Үлкеніміз төрт жаста балабақшаға барады, аты – Аслан. Қызымыз Нұрия бір жасқа толды. Біз ауылымызды, отбасымызды жақсы көреміз.

**1.2.2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Отбасы мүшелері деген кімдер?
Қазақ дәстүрі бойынша қара шаңырақта кім қалады?
Болаттың үйіндегі тұңғыш, ортаншы, кенже бала кімдер?
Болаттың әпкесі мен ағасы қайда тұрады?
Олжас үйленген бе?
Гүлнұр Болатқа кім болады?
Гүлбаршын деген кім?
Болаттың аты-жөні кім болады?
Болаттың әке-шешесі немен айналысқан?
Болаттың неше баласы бар?
Үлкені нешеде, есімі кім?
Кішісі балабақшаға бара ма?



**1.2.3-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз. Тәуелдік жалғау жалғанған сөздердің астын сызыңыз.**

- Сәлем, Айжан! Біздің үйімізге қош келдің!

- Сәлеметсіздер ме, қош көрдік!

- Айжан, сені отбасыммен таныстырайын. Бұл менің әкем. Әкемнің аты – Ахмет. Ол дәрігер. Бұл анам, анамның аты – Гүлнұр. Анам – медбике. Бұл менің әпкем. Әпкемнің аты – Айнұр. Әпкем – музыкант, ол пианино мұғалімі. Ағам әскерде. Бүгін бізге қонаққа нағашы атам мен нағашы апам келді.

- Танысқаныма қуаныштымын!

- Біз де танысқанымызға өте қуаныштымыз!

## ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

*Тәуелдік жалғау - белгілі бір заттың, адамның немесе ұғымның иелігін, меншігін білдіретін грамматикалық категория*

| **Жекеше түрі** | **Көпше түрі** |
|---|---|
| Менің ........-ым, -ім, -м | Біздің ........-мыз, -ымыз, -міз, -іміз |
| Сенің ........-ың, -ің, -ң | Сендердің ........-тарың, -терің, -дарың, -дерің, -ларың, -лерің |
| Сіздің ........-ыңыз,-іңіз,-ңыз,-ңіз | Сіздердің ........-тарыңыз, -теріңіз, -дарыңыз, -деріңіз, -ларыңыз, -леріңіз |
| Оның -сы, -сі, -ы, -і | Олардың ........-сы, -сі, -ы, -і. |

***Мысалдар:***

| | |
|---|---|
| Менің жанұям<br>Сенің туысың<br>Сіздің ағаңыз<br>Оның жиені | Біздің Отанымыз<br>Сендердің үйлерің<br>Сіздердің бауырларыңыз<br>Олардың қарындасы |
| балам<br>балаң<br>балаңыз<br>баласы | баламыз<br>балаларың<br>балаларыңыз<br>баласы |
| елім<br>елің<br>еліңіз<br>елі | еліміз<br>елдерің<br>елдеріңіз<br>елі |

### 1.2.4-тапсырма. Тәуелдік жалғауларын жалғап жазыңыз.

Менің үй.......
Сенің үй.......
Сіздің үй.......
Оның үй.......

Біздің үй.......
Сендердің үй.......
Сіздердің үй.......
Олардың үй.......

Менің қала......
Сенің қала......
Сіздің қала......
Оның қала......

Біздің қала......
Сендердің қала......
Сіздердің қала......
Олардың қала......

### 1.2.5-тапсырма. Төмендегі хатты оқыңыз.



Бүгін сіздерге өзімді және отбасымды таныстырайын. Менің атым – Сәния, 19 жастамын. Мен колледжде оқимын. Біз отбасымызда бесеуміз. Қаһраманмараш қаласында тұрамыз.

Анамның аты – Сәлима. Ол тігінші, 45 жаста. Анам тамақты өте дәмді пісіреді.





Әкемнің аты – Садық. Ол жиһаз жасайтын фабрикада жұмыс істейді, ағаш ұстасы. Әкем 47 жаста.

Ағам тасымалдау компаниясында жұмыс істейді, үйленбеген, 25 жаста.





Бір әпкем бар, ол тұрмыста, 23 жаста.
Оның бір баласы бар.
Жиенімнің аты – Мехмет Мерт.
Жиенім екі жаста.

## 1.2 Отбасы мүшелері



Жездем дүкенде сатушы болып істейді. Ол кітап, дәптер, қалам т.б. сатады.



Әпкем үй шаруасымен айналысады және жиенімді бағады. Бос уақытында тоқыма тоқиды.



Менің ата-әжем Адана қаласында тұрады. Аданада басқа туыстарымыз көп.

Әкемнің аға-інілері, қарындастары – бәрі Аданада тұрады. Біз Аданаға айт кезінде барамыз. Анамның туыстары, яғни нағашыларым Газиантеп қаласында тұрады. Газиантеп те, Адана да дәмді тамақтарымен танымал. Қаһраманмараш та түрлі тағамдарымен, әсіресе балмұздағымен танымал. Ал сіз Мараш балмұздағын жеп көрдіңіз бе?




**1.2.6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сәнияның қанша бауыры бар?
2. Қахраманмараш несімен танымал?
3. Сәнияның анасы неше жаста?
4. Сәнияның әкесі қайда жұмыс істейді?
5. Сәнияның жиенінің аты кім? Ол неше жаста?
6. Сәнияның жездесі кім болып істейді?
7. Адана қаласында кім тұрады?
8. Газиантепте кім тұрады?
9. Сәнияның әпкесінің отбасы туралы баяндаңыз.
10. Нағашылары туралы баяндаңыз.

**1.2.7-тапсырма. Белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Сәнияның анасы әкесінен төрт жас кіші | | |
| Мехмет Мерт Сәлима мен Садықтың немересі | | |
| Ағасы мен әпкесінің арасы екі жас | | |
| Ағасы үйленген | | |
| Жездесі тасымалдау компаниясында жұмыс істейді | | |
| Аданаға айт кезінде барады | | |
| Нағашылары Адана қаласында тұрады | | |
| Газиантеп балмұздағымен танымал | | |

**1.2.8-тапсырма. Өзіңізді және туыстарыңызды берілген үлгіде таныстырыңыз.**

Арғы атам
↓
Ата-әжем
↓
Әке-шешем
↓
Бауырларым
↓
Нағашыларым

**1.2.9-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрастырыңыз.**




**1.2.10-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Талғат | ☐ | ☐ | Сая мен Жарастың баласы |
| Дәулет, Айман | ☐ | ☐ | Саяның ата-анасы |
| Асқар, Шолпан | ☐ | ☐ | Саяның інісі |
| Жангелді | ☐ | ☐ | Амангелдінің ата-әжесі |
| Марал, Мақсат | ☐ | ☐ | Дәулеттің немересі |
| Жангелді | ☐ | ☐ | Амангелді мен Саяның інісі |
| Амангелді | ☐ | ☐ | Асқар мен Шолпанның немересі |

**1.2.11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Асқар мен Шолпанның отбасы қандай?
2. Дәулет пен Айманның немерелері кімдер?
3. Дәулет пен Айманның шөберелері кімдер?
4. Сая отбасында жалғыз қыз ба?
5. Сая Амангелдіге кім болады?

**1.2.12-тапсырма. Берілген суреттерді досыңызға сипаттаңыз. Қай сурет екенін сұраңыз.**










**1.2.13-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.2.14-тапсырма. Өз отбасыңыздағы дәстүрлер туралы мәтін құрастырып, жазыңыз.**

______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

**1.2.15-тапсырма. Сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| К | Ж | Й | Н | А | Ғ | А | Ш | Ы | Й |
| І | Ү | Е | М | Ь | Ч | В | І | С | Ө |
| Н | Й | Й | З | Х | Ө | Й | Е | Ң | Ғ |
| Е | Ң | П | Е | Д | З | У | Н | Й | Б |
| М | Ғ | У | І | У | Е | Ч | Е | Й | А |
| Е | Г | Н | В | Д | Б | Ө | Л | Е | У |
| Р | І | Ы | Ы | Г | Д | Қ | М | Ғ | Ы |
| Е | Х | Ж | Е | Ң | Г | Е | З | Я | Р |
| Д | Қ | А | Й | Ы | Н | А | Ғ | А | Л |
| В | Й | І | Ф | Е | Ғ | Ю | Б | Ц | Е |

- Баланың баласы
- Ағаңның әйелі
- Бір әке-шешенің балалары
- Анаңның туыстары
- Әйелдің ері, жұбайы
- Әпкеңнің күйеуі
- Бірге туған апалы-сіңілі кісілердің балаларының
- Жолдасыңның анасы
- Жолдасыңның ағасы
- Бауыр

**1.2.16-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Әр абзацтың суреттерін табыңыз.**

Мынау менің студенттік кезім. Отбасыммен университет алдында естелік фотомыз. Ата-анам және қарындасым бар. ☐ ☐



Бұл менің бала кезім. Анам мені көтеріп тұр. Әкем фотоға түсіріп тұр. ☐ ☐



Мынау әскердегі суретім. Бұл жерде жасым он тоғызда. ☐ ☐



## ЖАҢА СӨЗДЕР

| | |
|---|---|
| әке-шеше | қара шаңырақ |
| аға-іні | отбасы мүшелері |
| өмір сүру | туыс |
| үйлену | немере |
| тұрмысқа шығу | шөбере |

## Мақал-мәтелдерді оқыңыз

Қарға баласын аппағым дер,
Кірпі баласын жұмсағым дер.

Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

# ТАНЫСТЫРУ

## 1.3 Біздің Отанымыз

**1.3.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**



Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет, өз мемлекеттік рәміздері: туы, елтаңбасы, әнұраны бар. Қазақстан – жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында. Қазақстан Республикасының батысында Каспий теңізі, шығысында Алтай таулары, солтүстігінде Батыс Сібір жазығы, оңтүстігінде Тянь-Шань таулары бар. Жері кең және құнарлы, жерасты қазба байлықтарға толы. Елордамыз – Астана қаласы.

Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік таулар, мөп-мөлдір көлдер, өзендер бар; неше түрлі ағаштар, өсімдіктер мен шөптер өседі. Қазақстанда сирек кездесетін аңдар мен құстар, әртүрлі жануарлар мекендейді. Бұл жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз туып-өскен. Отан – біз үшін оттан да ыстық.

Қазақстан – білімі мен ғылымы, экономикасы, мәдениеті мен өнері дамыған ел. Әлемге танымал ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз, өнерпаздарымыз бар. Қазақстан – әлемдегі достық пен бейбітшілік мекені.

**1.3.2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Мемлекеттік рәміздер деген не?
2. Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде нешінші орында?
3. Қазақстан Республикасының батысында, шығысында, солтүстігінде және оңтүстігінде қандай жерлер бар?
4. Қазақстан Республикасының елордасы қай қала?
5. Қазақстанның табиғаты туралы баяндаңыз.
6. "Отан – оттан да ыстық" сөзін қалай түсінесіз?
7. Қазақстанның қазіргі кездегі рөлі мен маңызы туралы баяндаңыз.

**1.3.3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

Ту ☐ ☐ 

Түркістан ☐ ☐ 

Елтаңба ☐ ☐ 

Астана ☐ ☐ 

Алатау ☐ ☐ 

теңге ☐ ☐ 

## ШЫҒЫС СЕПТІК

***Жалғаулары:***
***-дан, -ден; -тан, -тен; -нан, -нен.***

*Тәуелдік жалғау - белгілі бір заттың, адамның немесе ұғымның иелігін, меншігін білдіретін грамматикалық категория.*

*Шығыс септік адамның, істің, қимылдың неден, қай жерден басталғанын немесе белгілі бір жерден қашықтап, алыстап бара жатқанын көрсетеді.*

***Мысалдар:***

төбеден (секіру)
кірпіштен (жасалған)
шелектен (төгілу)
наннан (тістеп алу)

астан (жеу)
сүттен (десерт жасау)
қаладан (алыстау)
күннен (күнге арықтау)

сөзінен (бас тарту)
маңдайынан (сүю)
сөзінен (қайтпау)

ауылдан келдім
Болаттан сұрадым
жұмыстан шықтым
ағаштан жасадым

**Қайдан келдің(дер)?**

- Базардан келдім.
- Мектептен келдім.
- Дүкеннен келдім.
- Үйден келдік.
- Театрдан келдік.
- Досболдың ауылынан келдік.
- Даладан жаңа келдік.
- Семейден кеше келдік.
- Концерттен автобуспен келдік.

**1.3.4-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңыз. Шығыс септік жалғауларының астын сызыңыз.**



Менің есімім – Ержан. Мен туристік компанияда жол нұсқаушы болып жұмыс істеймін. Бұл менің әріптесім – Қасым. Ол жүргізуші. Біз Анталияда жұмыс істейміз. Біз шет елдерден келген туристерге Түркияның туристік орындарын көрсетеміз. Бізге жыл сайын Қазақстаннан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Әзірбайжаннан, Ресейден, Алманиядан, Бельгиядан, Франциядан, Италиядан, Ұлыбританиядан және басқа да көптеген мемлекеттерден туристер келеді. Биыл бізге Қазақстанның көптеген қалаларынан: Алматыдан, Астанадан, Шымкенттен, Өскеменнен, Қарағандыдан, Ақтаудан, Ақтөбеден туристер келді.

**1.3.5-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Ержан қайда жұмыс істейді?
2. Ержан кім болып істейді?
3. Қасым Ержанға кім болады?
4. Қасым кім болып істейді?
5. Ержан мен Қасым қай қалада жұмыс істейді?
6. Жыл сайын қай мемлекеттерден туристер келеді?
7. Биыл Қазақстанның қай қалаларынан туристер келген?

### 1.3.6-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ержанның әріптесі | ☐ | ☐ | Ержан |
| Туристік компанияда жол нұсқаушы | ☐ | ☐ | Қасым |
| Қазақстандық туристер | ☐ | ☐ | Қазақстан, Өзбекістан, Әзірбайжан, Ұлыбритания |
| Олар Анталияда жұмыс істейді. | ☐ | ☐ | Ержан, Қасым |
| Туристер | ☐ | ☐ | Алматы, Астана, Шымкент, Ақтөбе қалаларынан |
| Ол жүргізуші | ☐ | ☐ | Қасым |

### 1.3.7-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Мен бос уақытта ☐ **спортпен** / ☐ **спортқа** шұғылданамын.
Спорт орталығында ☐ **он** / ☐ **оннан** астам спорт түрі бар.
Әсет бала ☐ **кезінен** / ☐ **кезде** спортпен айналысады.
Менің туған күнім ☐ **мамырдан** / ☐ **мамырда**.

### 1.3.8-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз. Шығыс септік жалғауларын табыңыз.

- Алло, Жаннұр, сәлем, ертең кешке уақытың бар ма? Біздің үйде сабаққа бірге дайындалайық.

- Ария, сәлем! Жарайды. Сендердің үйлерің университетке жақын ба?

- Аса алыс емес. Университеттен шыққаннан кейін трамваймен тауға қарай келіп, 5-аялдамадан түсесің. Түскеннен кейін оңға бұрылсаң, біздің көшеге келесің. Оң жақтан үшінші үй, дүкеннен кейінгі жасыл шатырлы үй – біздің үйіміз. Үйдің жанында бақшамыз да бар. Бақшамызда алма, өрік ағаштары өседі. Кешке бірге тамақтанып, тамақтан кейін сабақ оқимыз. Ертең трамвайдан түскен кезде телефон соқ.

- Жақсы, келістік. Ертең кездесеміз!

- Көріскенше!

**1.3.9-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңыз. Шығыс септік жалғауларының астын сызыңыз.**




Бұл – Гүлнар. Америкада «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатыр. Ол бүгін сабақта Отаны Қазақстанды таныстырады.

Қазақстанның жер көлемі – 2724,9 мың шаршы шақырым. Қазақстанда 17 облыс бар. Астана, Алматы, Шымкент – ең ірі қалалар.

Қазақстан бес мемлекетпен шегаралас. Олар Ресей, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай. Елдегі халық саны - 20 075 271. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ресми тілі – орыс тілі. Ұлттық валютасы – теңге.

Менің туған қалам – Семей. Абай облысының орталығы. Ертіс өзенінің жағасында орналасқан. Мен Отаным Қазақстанды қатты сағындым.

**1.3.10-тапсырма. Толтырыңыз.**

| Атауы | Жер көлемі | Облыс саны | Ірі қалалары | Мемлекеттік тілі | Ресми тілі | Ұлттық валютасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан | | | | | | |

**1.3.11-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.3.12-тапсырма. Белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Элиф таңғы жаттығуды жақсы көреді | ☐ | ☐ |
| Элиф жатақханада тұрмайды | ☐ | ☐ |
| Таңғы жаттығудан соң кітапханаға барады | ☐ | ☐ |
| Элиф ерте ұйықтайды | ☐ | ☐ |
| Элиф студент емес | ☐ | ☐ |

**1.3.13-тапсырма. Берілген сөздер арқылы сөйлем құрастырыңыз**

Демалыстан соң • жұмыстан кейін • сағат 8-ден он минут кеткенде • ауылдан • қаладан • атамнан • отбасымнан • көліктен • судан

______________________________

______________________________

______________________________

**1.3.14-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**1.3.15-тапсырма. Толтырыңыз.**

| Кім? | Қай бөлімде оқиды? | Қайдан? | Қайда тұрады? |
|---|---|---|---|
| Натык | | | |
| Мехмет | | | |

| Кім? | Қай бөлімде оқиды? | Қайдан? | Қайда тұрады? |
|---|---|---|---|
| Рамиль | | | |
| Гүлнар | | | |
| Сардар | | | |

**1.3.16-тапсырма. Тиісті қосымшаны таңдаңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Біз студент... | ☐ | ☐ | – сындар |
| 2. Олар әнші... | ☐ | ☐ | – піз |
| 3. Сендер жеңімпаз... | ☐ | ☐ | – лер |
| 4. Сіздер қонақ... | ☐ | ☐ | – сыздар |
| 5. Мен оқытушы... | ☐ | ☐ | – мын |

**1.3.17-тапсырма. Туған қалаңыз туралы жазыңыз.**

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

### Мақал-мәтелдерді оқыңыз

Отан – отбасынан басталады.

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

### Жаңылтпашты оқыңыз

Асан бақша жақтан,
Ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан,
Басқарақ асқабақ әкелді.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

Отан
рәміз
Ту
Елтаңба
Әнұран
Елорда
мемлекет
қала
ауыл
әлем
тәуелсіздік
болашақ

Тыңдаңыз.

Халық әні “Көзіңнің мөлдірін-ай”.

# 2 ДӘРІС

## ДАҒДЫЛАР



### 2.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.

Мен күнде таңертең сағат жетіде тұрамын. Оянғаннан кейін беті-қолымды жуамын, тісімді тазалаймын. Төсегімді жинаймын. Одан кейін 15 минут жаттығу жасаймын.

Таңғы астан бұрын бір стақан су ішемін. Сосын шай қайнатамын. Таңғы аста жұмыртқа, ірімшік, зәйтүн, қияр, қызанақ, аздаған нан, сары май немесе қаймақ және бал жеймін. Таңғы аста міндетті түрде шай ішемін. Одан кейін жұмысқа жиналамын.

Жақсы көңіл-күймен жұмыс істеймін. Түскі тамақты жұмыс орнында әріптестеріммен бірге ішемін. Түскі астан кейін кофе немесе шай ішкенді ұнатамын. Түстен кейін қалған жұмыстарды бітіремін. Кешке келесі күнімді жоспарлаймын. Үйге барардан бұрын дүкенге кіріп, керек заттарды аламын.

Үйге барғаннан кейін кешкі тамақты дайындаймын. Кешкі тамақтан кейін туыстарыма немесе достарыма телефон соғамын. Сондай-ақ кешке біраз таза ауада жаяу жүремін, өйткені жаяу жүру денсаулыққа өте пайдалы.

Жатардан бұрын жуынамын. Ұйықтардан бұрын кітап оқимын.

### 2.1.2-тапсырма. Тыңдалым бойынша суреттерді ретімен қойыңыз.
























**КЕЙІН = СОҢ X БҰРЫН**

**isim + -дан / -ден, -тан/ -тен, -нан /-нен**
**fiil kökü + -қаннан /-кеннен, -ғаннан/-геннен кейін**
**isim + -дан / -ден, -тан/ -тен, -нан /-нен**
**fiil kökü +-қан/-кен, -ған/-ген; -қаннан/-кеннен, -ғаннан/-геннен соң**
**isim + -дан / -ден, -тан/ -тен, -нан /-нен**
**fiil kökü + -қаннан /-кеннен, -ғаннан/-геннен бұрын**

**Мысалдар:**

алғаннан кейін
оқығаннан кейін
барғаннан кейін
түстен кейін
кеткеннен кейін
бітіргеннен кейін
ішкеннен кейін
тамақтан кейін

Жаңа киім сатып алғаннан кейін киместен бұрын жуу керек.
Оқығаннан кейін кітапты орнына қойыңыз.
Барғаннан кейін телефон соқ.
Түстен кейін гүлдерге су құйдым.
Кеткеннен кейін хабарласпады.
Бітіргеннен кейін айт.
Ішкеннен кейін ыдысты жу.
Тамақтан кейін бірден спортпен айналысуға болмайды.

**Мысалдар:**

барған соң
киген соң
айтқан соң
жаңбырдан соң
кеткен соң
жасаған соң
көрсеткен соң
түскен соң

Барған соң оған хат жаздым.
Жаңа көйлекті бір рет киген соң жуып едім, қысқарып қалды.
Айтқан соң орындау керек.
Кеткен соң жолда көлігі бұзылып қалыпты.
Жаңбырдан соң ауа қандай таза!
Автобустан түскен соң телефон соқ.

**Мысалдар:**

елден бұрын
менен бұрын
сенен бұрын
одан бұрын
сізден бұрын
бізден бұрын

Ол жұмысқа елден бұрын барады.
Ол ағылшын тілін бәрінен бұрын үйренген.
Біз мейрамханаға сенен бұрын келдік.
Бұл жағдайды сенен бұрын білеміз.
Сізден бұрын таныспыз.
Досым кітапты менен бұрын оқып бітірді.

**2.1.3-тапсырма. Төмендегі сөздерге тиісті жалғауларды жалғаңыз.**

көтер.......... соң
той.......... бұрын
қара.......... соң
көше.......... кейін

бұрылыс.......... соң
бағдаршам.......... бұрын
аялдама.......... соң
сіз .......... кейін

**2.1.4-тапсырма. Сурет бойынша жазыңыз.**



*Жаңбырдан бұрын*



*Жаңбырдан кейін*






______________________

______________________





______________________

______________________





**2.1.5-тапсырма. Оқыңыз. Қажетті тіркестерді орналастырыңыз.**

кешкі астан соң | таңғы астан кейін | күткен соң | дәрістен бұрын | содан кейін | дәрістен соң | курстан соң | таңғы астан бұрын | келгеннен кейін

Шыңғыс таңертең 7-де ұйқыдан тұрды. ..........................................беті-қолын жуды. Отбасымен таңғы ас ішті. ..........................................киініп, университетке шықты. Аялдамада автобусты 15 минут күтті. ..........................................автобус келді. Шыңғыстың үйі мен университеттің арасында 5 аялдама бар. ..........................................достарымен кофе ішті. Сағат 11-де сабақ басталды. ..........................................түрік тілі курсына барды. ..........................................үйіне қайтты. Үйіне .......................................... кешкі ас ішті. .......................................... біраз теледидар қарады. ..........................................үй тапсырмаларын орындады. 23.00-де ұйықтады.

**2.1.6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Шыңғыс үйден шыққан соң қайда барды?
2. Шыңғыс дәрістен бұрын не істеді?
3. Дәрістен кейін қайда барды?
4. Кешкі асты қашан ішті?
5. Үй тапсырмаларын қашан орындады?

**2.1.7-тапсырма. Аяқтаңыз.**

Астанаға бар.............. .............. хабарлас.
Жалақы ал.............. .............. қарыздарын төледі.
Киін.............. .............. шашын тарады.
Университетті бітір.............. .............. тұрмыс құрды.
Мәтінді оқы.............. .............. сұрақтарға жауап жазыңыз.
Тамақ.............. .............. шай іштік.

**2.1.8-тапсырма.** ***кейін, соң, бұрын*** **деген көмекші сөздерді пайдаланып, күн тәртібіңізді баяндаңыз.**

Ұйқыдан тұрғаннан соң
Таңғы жаттығудан кейін
Түскі астан кейін
Кешкі серуеннен бұрын
Таңғы астан бұрын
Жұмыстан/сабақтан бұрын
Кешкі астан бұрын
Ұйқыдан бұрын

**2.1.9-тапсырма. Сурет бойынша рет-ретімен баяндаңыз.**

**Үлгі:** *Сауда орталығынан бұрын банк бөлімшесіне келдім.*
*Гүл дүкенінен соң концертке келдім.*











**2.1.10-тапсырма. Аяқтаңыз.**

1. Барғаннан .............. хабар бер.
2. Концерттен .............. гүл дүкеніне бардық.
3. Тамақтан .............. кофе ішті.
4. Кинодан .............. тамақтандық.
5. Тамақтанғаннан .............. ас үйді жинады.
6. Хатты оқығаннан .............. жауап жазды.
7. Түстен .............. емтихандар басталады.
8. Демалыстан .............. жұмыс басталады.
9. Бакалаврдан.............. магистратура оқиды.
10. Наурыздан ....... сәуір айы келеді.

**2.1.11-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз.**

- Айбүбі, сәлем!
- Сәлем, Шоқан!
- Айбүбі, бүгін сабақтан шыққаннан кейін не істейсің?
- Бүгін сабақтан кейін құрбымның үйіне барамын, сабаққа бірге дайындаламыз.
- Ертең ше?
- Ертең университеттен шыққан соң бассейнге жүзуге барамын. Неге сұрадың, Шоқан?
- Театрда жақсы қойылымдар болып жатыр. Театрға барайық.
- Жарайды. Сенбі күні боспын.
- Келістік, Айбүбі. Билет алғаннан кейін тағы хабарласамын. Қойылымнан соң жақсы бір ұлттық ресторанға барып, шай ішейік.
- Жақсы, келістік, Шоқан. Сау бол!
- Сау бол!

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

беті-қолын жуу
жуыну
жаттығу жасау
жаяу жүру
тамақ ішу
таңғы ас
түскі ас
кешкі ас
ояну
ұйықтау
бұрын
кейін
келісу

**2.1.12-тапсырма. *Кейін, соң, бұрын* сөздерін қолданып, жоғарыдағы диалогқа ұқсас бір диалог құрастырыңыз.**

- ..............................., сәлем!
- Сәлем, ...............................!
- ..............................., бүгін ............................................ не істейсің?
- Бүгін ............................................................................................ .
- Ертең ............................................................................................?
- Ертең ............................................................................................ .
- ...................................................................................................?
- ...................................................................................................
...................................................................................................... .
- ................................................................................................... .

**2.1.13-тапсырма. Сурет бойынша баяндаңыз.**

*Апта соңы*



**2.1.14-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Есімім – Жанту. Алматы қаласының тумасымын. Жиырма алты жастамын. «Тұран» фольклорлық тобының өнерпазымын. Бала кезден бірнеше аспапта ойнауды үйрендім. Алдымен домбыра, кейін жетіген, шаңқобыз аспаптарын үйрендім. Музыкалық мектеп түлегімін. Мектептен соң Жүргенов атындағы өнер академиясында оқыдым. 30-ға жуық аспапта ойнаймын. «Тұран» тобының әншісімін. Қазақтың төл өнерін әлемге насихаттау – басты мақсатым.

**2.1.15-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Өнерпаз қай университеттің түлегі?
2. Жанту қандай аспаптарда ойнайды?
3. Оның мақсаты қандай?
4. Туған жері қай қала?
5. Қазақтың ұлттық аспаптарын білесіз бе?

**2.1.16-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде болымды етістіктерді болымсыз формаға қойыңыз.**

## НАҚ ОСЫ ШАҚ

**Болымды нақ осы шақ**

**Мысалдар:**

| | |
|---|---|
| далада отыр | *үйде отыр* |
| қасында отыр | *аялдамада тұр* |
| базарда жүр | *диванда жатыр* |

**Болымсыз нақ осы шақ:**

**Fiil kökü + -ған/-ген, -қан /-кен жоқ**

**Мысалдар:**

| | |
|---|---|
| тұрған жоқ | отырған жоқ |
| жатқан жоқ | жүрген жоқ |

Диван бос тұр, ешкім жатқан жоқ.
Ол орындықта отырған жоқ.
Далада жаңбыр жауып тұрған жоқ.
Анам базарда жүрген жоқ.
Асан телефонмен сөйлесіп тұрған жоқ.
Ол ештеңе айтқан жоқ.
Артына қараған жоқ.

**2.1.17-тапсырма. Сурет бойынша баяндаңыз. Не істеп отыр? Не істеп тұр?**







**2.1.18-тапсырма. Төмендегі болымды нақ осы шақтағы мысалдарды болымсыз нақ осы шаққа ауыстырыңыз.**

Болымды нақ осы шақ ____________________

Ол қазір автобуста отыр. ____________________

Атам төсекте жатыр. ____________________

Балалар далада жүр. ____________________

Студенттер асханада кезекте тұр. ____________________

**2.1.19-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

 ☐ ☐ Кезек күтіп тұр

 ☐ ☐ Ойнап жүр

 ☐ ☐ Музыка тыңдап отыр

 ☐ ☐ Көгалда жатыр

 ☐ ☐ Жаңбыр жауып тұр

**2.1.20-тапсырма. Төмендегі сөздерді табыңыз.**

Домбыра

Шаңқобыз

ұрпақ

бакалавр

өнерпаз

ұлт

магистратура

аспап

жетіген

Тұран

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Д | Қ | М | Й | Д | И | О | Г | Ұ | Б | Е | Ө | Р |
| О | Щ | А | Б | Ы | А | Ш | Я | Л | Ы | Г | Н | З |
| М | П | Г | А | Ч | О | А | Ө | Т | Щ | Ұ | Е | Ь |
| Б | Г | И | К | Г | Ө | Ң | Д | К | Ь | Р | Р | Қ |
| Ы | А | С | А | П | Г | Қ | В | З | Ы | П | П | Р |
| Р | О | Т | Л | З | О | О | Е | Ш | С | А | А | Д |
| А | В | Р | А | М | Г | Б | П | А | Ж | Қ | З | І |
| Л | Л | А | В | Ы | А | Ы | Щ | С | Е | П | Ш | Ң |
| Ь | О | Т | Р | Ч | М | З | К | П | Т | Ш | Я | Ю |
| В | К | У | Б | У | П | С | С | А | І | У | А | Л |
| Г | Ж | Р | У | Г | Б | З | Ң | П | Г | Х | Е | М |
| Ө | Ы | А | Т | Ұ | Р | А | Н | Ш | Е | Д | Ж | З |
| Ь | Г | Т | И | И | Ф | Ң | О | Д | Н | І | К | Ц |

### 2.2.1-тапсырма. Төмендегі диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.

- Алло, сәлем, Арай!
- Сәлем, Құралай!
- Қалың қалай? Не істеп жатырсың?
- Бәрі жақсы, рақмет! Үй жинап жатырмын. Өз қалың қалай, сен не істеп жатырсың?
- Менде де бәрі жақсы. Шымкентте тұратын әпкем мен жездем, жиендерім келген. Ертең апта соңы Медеу мұз айдынына баруға дайындалып жатырмыз. Сенің бізбен барғың келе ме?
- Әрине, барғым келеді! Бірақ демалыс күні үйге қонақтар келеді. Анама көмектесуім керек. Анам бауырсақ пісіріп жатыр.  Әкем дүкеннен азық-түлік сатып алып жатыр. Бәріміз дайындалып жатырмыз!
- Түсіндім, онда басқа бір күні кездесерміз, Арай.
- Иә, көріскенше!

### 2.2.2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Арай не істеп жатыр?
Құралайдың апайы отбасымен қай қалада тұрады?
Құралайға кімдер келген?
Құралай апта соңы қайда барғысы келеді?
Арай Құралаймен бірге бара ма?
Арайдың анасы не істеп жатыр?
Әкесі не істеп жатыр?
Арайдың үйіне кімдер келеді?

### 2.2.3-тапсырма. Диалог бойынша жазыңыз.



_______________________________________

_______________________________________



____________________
____________________
____________________
____________________



____________________
____________________
____________________
____________________



____________________
____________________
____________________
____________________



____________________
____________________
____________________
____________________

## КҮРДЕЛІ НАҚ ОСЫ ШАҚ; ҚАЛЫП ЕТІСТІК (ŞİMDİKİ ZAMAN YARDIMCI FİİLLER)

**Fiil kökü+-ып/іп/п + отыр/тұр/жатыр/жүр**

***Süreklilik, sıklık bildiren şimdiki zaman, yukarıdaki 4 yardımcı fiilin biri ile yapılır.***

**Болымды күрделі нақ осы шақ**

***Мысалдар:***

| Kazakça | Türkçe (açıklamalı) |
|---|---|
| Мен кітап жазып жатырмын. | Ben kitap yazıyorum/yazmaktayım. *(Kitap yazmak, belli bir süreye yayılan bir süreç olduğundan tam olarak şu anda yazıyor olduğumu değil, son zamanlarda yazmakta olduğumu gösterir.)* |
| Сен қазақша үйреніп жүрсің. | Sen Kazakça öğreniyorsun / öğrenmektesin. *(Öğrenmek de belli bir zamana yayılan bir fiil olduğundan dolayı yardımcı fiille yapılır.* |

| | |
|---|---|
| Арай қаржы компаниясында жұмыс істеп жүр. | Aray bir finans şirketinde çalışıyor. *(Burada anlık çalışma eyleminden değil, zamana yayılan çalışmadan bahsedilmektedir.)* |
| Диана французша үйреніп жүр. | Diana Fransızca öğreniyor. *(Öğrenmek de aynı şekilde zamana yayılan bir fiil olduğundan yardımcı fiil ile açıklanmaktadır.)* |
| Ол курсқа барып жүр. | O kursa gidiyor. *(Kursa gitmek de süreklilik ve zaman içeren bir fiildir.)* |
| Достарыммен саябақта серуендеп жүрмін. | Arkadaşlarımla parkta geziyorum. *(Şu anda gezdiği belirtilmektedir.)* |
| Таңғы ас ішіп отырмын. | Kahvaltı yapıyorum. *(Şu anda kahvaltı yaptığı belirtilmektedir.)* |
| Біз еліміз үшін еңбек етіп жүрміз. | Ülkemiz için çalışıyoruz. *(Çalışmak, yukarıda da anlatıldığı gibi, süreklilik ve zaman içeren bir kavramdır).* |
| Басым ауырып тұр. | Başım ağrıyor. *(Şu anda ağrıdığı belirtilmektedir.)* |
| Анаммен сөйлесіп тұрмын. | Annemle konuşuyorum. *(Tam şu anda konuştuğu belirtilmektedir.)* |
| Ол Кореяда оқып жатыр. | O Kore'de okuyor. *(Eğitim görmek de süre ve süreklilik gerektiren bir eylem olduğundan yardımcı fiille kullanılmaktadır).* |
| Сіз Өзбекәлі Жәнібек туралы кітап оқып жатырсыз. | Siz Özbekali Canibek ile ilgili kitabı okuyorsunuz. *(Burada tam o anda kitap okumakta olduğu değil de, kitabı zamana yayarak okudu ifade edilmiştir).* |
| Жапонияда шие ағаштары гүлдеп жатыр. | Japonya'da kiraz ağaçları çiçek açmaktadır. *(Çiçek açmanın da belli bir süreye yayıldığını ifade etmek için yardımcı fiil ile kullanılmıştır).* |

**2.2.4-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.**

Мен сабақ оқып отыр.............
Мен аялдамада автобус күтіп .............
Мен қазір Еуразия университетінде оқып .............
Біз дәріс тыңдап .............
Балалар аулада ойнап .............
Бәріміз қуанып жүр.............
Балалар сахнада ән салып .............
Басым ауырып.............

**2.2.5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазір жаңбыр жауып | ☐ | ☐ | тұр |
| Жолаушылар Анкара ұшағын күтіп | ☐ | ☐ | жатыр |
| Ол университетте оқып | ☐ | ☐ | отыр |
| Ауылдан әжем келе | ☐ | ☐ | жүр |

**2.2.6-тапсырма. «Қазір не істеп жатырсыз?» Баяндаңыз.**

**2.2.7-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.**

Ben şimdi üniversitedeyim. Kantinde arkadaşlarla yemek yiyorum. Arkadaşım Büşra ders çalışıyor. O yemek yemiyor. Merve makarna yiyor. Mert bilgisayarda oyun oynuyor. Ders çalışmıyor. O yüzden üniversiteyi bitiremiyor. Ezgi çorba içiyor. Günümüz bu şekilde hızlı geçiyor.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

### 2.2.8-тапсырма. Ретімен орналастырыңыз.

№__ **Анасы:** Алло, Шынар қалайсың? Не істеп жатырсың?

№__ **Шынар:** Қалыңыз қалай, анашым! Үйде кешкі ас дайындап жатырмын. Түркияда оқып жатқан құрбым қонаққа келеді. Сіз не істеп жатырсыз?

№__ **Анасы:** Өрік ағаштары гүлдеп жатыр. Күн жылыды. Сендерде ауа райы қандай?

№__ **Анасы:** Кешкі ас дайындап жатырмын. Әкең теледидар қарап отыр. Інің сабақ оқып отыр. Ол түрік тілін үйреніп жүр.

№__ **Шынар:** Ауа-райы қалай?

№__ **Шынар:** Жаңбыр жауып тұр. Күн салқын.

### 2.2.9-тапсырма. Диалог бойынша белгілеңіз.

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Жаңбыр жауып тұр | ☐ | ☐ |
| Кешкі ас дайындап жатыр | ☐ | ☐ |
| Қар жауып тұр | ☐ | ☐ |
| Өрік ағаштары гүлдеп жатыр | ☐ | ☐ |
| Түрік тілін үйреніп жүр | ☐ | ☐ |
| Кітап оқып отыр | ☐ | ☐ |

### 2.2.10-тапсырма. Сөйлем құраңыз.

1. Отыр/мен/төрде/әжем/атам.

..........................................................................................

2. ішіп/ас/біз/отбасымызбен/отырмыз/таңғы.

..........................................................................................

3. университетке/мен/жатырмын/келе.

..........................................................................................

4. жүр/Омар/курсына/барып/дайындық.

.................................................................................................................

5. отыр/жұмыстан/олар/соң/шай/ ішіп.

.................................................................................................................

**2.2.11-тапсырма. Сурет бойынша баяндаңыз.**







## БОЛЫМСЫЗ КҮРДЕЛІ НАҚ ОСЫ ШАҚ

**Fiil kökü + -ған/-ген, -қан /-кен жоқ**

**(жоқпын/жоқсың/жоқсыз/жоқ/жоқпыз/жоқсыңдар/жоқсыздар/жоқ)**

**Мысалдар:**

| | |
|---|---|
| Таңғы ас ішіп отырмын. | Таңғы ас ішіп отырған жоқпын. |
| Достарыммен серуендеп жүрмін. | Достарыммен серуендеп жүрген жоқпын, университетте дәрісте отырмын. |
| Анаммен сөйлесіп тұрмын. | Анаммен сөйлесіп тұрған жоқпын, әжеммен сөйлесіп тұрмын. |
| Атам төсекте жатыр. | Атам төсекте жатқан жоқ, диванда жатыр. |
| Атам төсекте ұйықтап жатыр. | Атам төсекте ұйықтап жатқан жоқ, ол диванда кітап оқып жатыр. |
| Балалар далада ойнап жүр. | Балалар далада ойнап жүрген жоқ, үйде теледидар көріп отыр. |

**2.2.12-тапсырма. Төмендегі полилогты оқыңыз. Достарыңызды кездесуге шақырыңыз, баратын жерлеріңізді бірге талқылаңыздар.**

Арман: - Достар, осы жексенбі күні тауға, шаңғы тебуге барайық! Кімдер келе алады?

Аяужан: - Арман, бұл жексенбі қалың қар жауып, тұман болады екен. Тауға емес, киноға барайық.

Арман: - Аяужан, қар жауғанда шаңғы тепкен керемет қой!

Маржан: - Арман, тұман болса, тауға шығу оңай емес.

Арман: - Маржан, мейлі, онда қаланың ішінде басқа бір жерге барайық. Бірақ киноға барғым келмейді.

Маржан: - Менің біраз уақыттан бері Бағжан Октябрьдің концертіне барғым келіп жүр. Осы жексенбі күні концерті бар.

Арман: - Шын ба, Маржан? Менің де Бағжанның концертіне барғым келеді.

Аяужан: - Мен де виолончельді жақсы көремін. Менің де барғым келеді.

Маржан: - Онда, келістік, достар. Билет қарайық!

Арман: - Алақай!

**2.2.13-тапсырма. Белгілеңіз.**

| | Шаңғы тебу | Кино | Концерт |
|---|---|---|---|
| Арман | ☐ | ☐ | ☐ |
| Аяужан | ☐ | ☐ | ☐ |
| Маржан | ☐ | ☐ | ☐ |

**2.2.14-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңыз. Күрделі нақ осы шақтағы етістіктерді тауып, астын сызыңыз.**

Университет тек сабақ оқып, білім алатын жер ғана емес, бұл – жастар мекені. Студенттер дәріс тыңдайды, сабаққа қатысады; сонымен қатар, сабақтан тыс уақыттарда әртүрлі мәдени және спорттық іс-шараларға қатысады. Келіңіздер, университет өміріне көз жүгіртейік!

Мына жерде дәрісханалар бар, бұл жерде оқытушылар дәріс оқып жатыр, студенттер сабақ тыңдап отыр. Тура жүрсек, конференция залы бар. Бұл жерде жиын болып жатыр.

## 2.2 Уақыт және мекен



Төменгі қабатта дәмханалар бар, бұл жерде қыздар мен жігіттер тамақ, сусын ішіп, әңгіме айтып отыр. Дәлізден түзу жүріп, оңға бұрылсақ, ол жерде спорттық кешен бар. Бұл жерде жастар спортпен айналысады. Екі жігіт үстел теннисін ойнап тұр. Ана жерде бір студенттер шахмат ойнап отыр. Келесі бөлмеде студент қыздар гимнастика жасап жатыр. Дәлізден түзу жүріп, солға бұрылсақ, кітапхананы көре аласыздар. Кітапханада студенттер сабақтарына, емтихандарына дайындалып отыр. Ең төменгі қабатта студенттік үйірмелер жұмыс істейді. Бұл жақта түрлі-түрлі іс-шаралар, дайындықтар өтеді. Сол жақта театр үйірмесі, Мұхтар Әуезовтің шығармасын сахнаға дайындап жатыр. Одан кейінгі үйірмеде дебат жарыстары өтіп жатыр. Оң жақта би үйірмесі бар, онда жастар би билейді. Университет өмірі өте қызық!

**2.2.15-тапсырма. Мәтіндегі нақ осы шақтағы сөйлемдерді болымсыз нақ осы шаққа айналдырыңыз.**

| | |
|---|---|
| Мен кітап жазып жатырмын. | *Оқытушылар дәріс оқып жатқан жоқ.* |
| Студенттер сабақ тыңдап отыр | ____________________ ____________________ |
| Бұл жерде жиын болып жатыр | ____________________ ____________________ |
| Қыздар мен жігіттер тамақ, сусын ішіп, әңгіме айтып отыр | ____________________ ____________________ |

| | |
|---|---|
| Екі жігіт үстел теннисін ойнап тұр | ________________ |
| Студенттер шахмат ойнап отыр | ________________ |
| Келесі бөлмеде студент қыздар гимнастика жасап жатыр | ________________ |
| Кітапханада студенттер сабақтарына, емтихандарына дайындалып отыр | ________________ |
| Мұхтар Әуезовтің шығармасын сахнаға дайындап жатыр | ________________ |
| Дебат жарыстары болып жатыр | ________________ |

**Жұмбақты шешіңіз.**

Балада бар,
Данада жоқ.
Бабада бар,
Ағада жоқ.

Басы да «а», соңы да «а»,
Оқығандар ұғады.
Ортасына не қоссаң,
Ата болып шығады?

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- серуендеу
- гимнастика жасау
- үй жинау
- дайындалу
- сабақ тыңдау
- автобус күту
- шаңғы тебу
- би билеу
- бұрылу
- төмен
- тура
- түзу

**2.2.16-тапсырма. Қажетті сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ъ | У | О | И | Т | Е | Б |
| П | Ж | Ү | Р | Қ | Ұ | Т |
| Ұ | Ү | Ь | О | П | Қ | Р |
| Р | Х | Ж | Ъ | Т | Г | О |
| Д | З | Ж | Э | З | Я | Т |
| Ж | О | Қ | П | Ы | Н | Ы |
| Н | Ж | А | Т | Ы | Р | Р |

Студенттер дәріс тыңдап ...

Ахмет шетелде білім алып ...

олар ақша үнемдеп жүрген

Пошта қызметкері келіп ...

Ауылдан ата-әжем келе ...

Ол дәрісін ішіп жүрген

**2.3.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**











Менің атым – Ерік. Мен күнде таңертең сағат 6-да оянамын. 6-дан 15 минут кеткенде төсектен тұрамын. Беті-қолымды, тісімді жуамын. Таңғы 6 жарымда далаға шығып, үйдің жанында жүгіремін. Мен спортпен шұғылданғанды жақсы көремін. Сағат 7-де душқа түсемін. 7 жарымда алдымен көгөніс суын ішемін, содан кейін таңғы ас ішемін.

Таңғы астан кейін университетке бару үшін автобусқа мінемін. Университетке жеткеннен кейін, сабақта ұстаздарымды тыңдаймын. Маған университеттегі дәрістер ұнайды.

Түскі сағат 12-де достарыммен бірге университет асханасына барып, тамақ ішемін. Мен ет өнімдері мен көгөніс жегенді ұнатамын. Тамақтан кейін, таза ауада отырып, сабаққа дайындаламыз. Жолдастарыммен әңгімелесіп, бірге уақыт өткізгенді ұнатамын.

Сағат 13.30-да түстен кейінгі сабақтарымыз басталады. Кешке қарай сабақтарымыз бітеді. Сабақ біткеннен кейін кітапханаға барып, кітап оқимын, сабаққа дайындаламын. Маған кітап оқыған ұнайды.

Кешкі сағат 19.00-да үйге қайтамын. Кешкі тамақты ішкеннен кейін, біраз музыка тыңдаймын. Мен музыка тыңдағанды өте жақсы көремін. Кейде достарыммен киноға барамын. Сағат 22.00-де ұйықтауға жатамын. Ұйықтардың алдында тағы да душқа түсемін. Мен тазалықты ұнатамын.

Сенбі, жексенбі күндері спорт залға барамын. Спорт залда жаттығу жасаған ұнайды. Ол жерде бассейн де бар, жүзу маған өте ұнайды. Кейде боксқа қатысамын. Қыста шаңғы тебемін. Спорттың барлық түрін жақсы көремін.

**2.3.2-тапсырма. Жауап беріңіз.**

Ерік таңертең не істейді?
Түсте немен айналысады?
Кешке не істейді?
Еріктің хоббилері қандай?
Ал сіздің қандай хоббилеріңіз бар?

**2.3.3-тапсырма. Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**



**Иә,** *жүзе аламын.*
**Жоқ,** *жүзе алмаймын*



**Иә,** ___________________________
**Жоқ,** _________________________



**Иә,** ___________________________
**Жоқ,** _________________________



**Иә,** ___________________________
**Жоқ,** _________________________



**Иә,** ___________________________
**Жоқ,** _________________________

**Мысалдар:**

| Болымды | Болымсыз |
|---|---|
| Ұнайды | Ұнамайды |
| Маған кітап оқыған ұнайды.<br>Маған бұл әнші ұнайды.<br>Маған гүлдердің иісі ұнайды.<br>Маған көктем айлары ұнайды.<br>Саған көк түс ұнайды.<br>Оған биік таулар ұнайды. | Маған ыстық ауа райы ұнамайды.<br>Оған сурет салу ұнамайды.<br>Сізге  ерте тұру ұнамай ма?<br>Саған қалада тұру ұнамай ма?<br>Өтірік уәде беру ұнамайды.<br>Маған бұл жоба ұнамайды. |

| Болымды | Болымсыз |
|---|---|
| Ұнайды | Ұнамайды |
| Мен сізді ұнатамын.<br>Осындай кітаптарды оқығанды ұнатамын.<br>Мен ән айтуды ұнатамын.<br>Мен теңіздің жағасында кітап оқығанды ұнатамын.<br>Мен тамақ дайындағанды ұнатамын.<br>Сіз саяхаттағанды ұнатасыз. | Өтірік айтқанды ұнатпаймын.<br>Мақтанғанды ұнатпаймыз.<br>Қандай тағамдарды ұнатпайсыз?<br>Көп күлетіндерді ұнатпайды.<br>Жұмысын дұрыс істемегендерді ұнатпаймын.<br>Көп сөйлеген адамдарды ұнатпаймын. |

| Болымды | Болымсыз |
|---|---|
| Ұнайды | Ұнамайды |
| Сені қатты жақсы көремін.<br>Нені жақсы көресің?<br>Біз де сіздерді жақсы көреміз.<br>Мағжанның өлендерін өте жақсы көремін.<br>Әжем мені өте жақсы көреді.<br>Психология туралы кітап оқығанды жақсы көресіз бе?<br>Балмұздақ жегенді жақсы көремін.<br>Жазда саяхаттағанды жақсы көремін. | Мен ірімшікті жақсы көрмеймін.<br>Қалайша жақсы көрмейсің?<br>Жалқау адамдарды ешкім жақсы көрмейді.<br>Сара апай ащы тағамды  жақсы көрмейді.<br>Сен оны неге жақсы көрмейсің?<br>Өтірікті ешкім жақсы көрмейді.<br>Математиканы жақсы көрмеймін.<br>Мен қауын жақсы көрмеймін.<br>Ыстықты жақсы көрмеймін. |

**2.3.4-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз. Досыңыздан немен айналысатыны туралы сұраңыз, жауабын жазыңыз.**

Ержан: - Асан, сен Анкараны жақсы көресің бе?

Асан: - Әрине, мен 40 жылдан бері осы қалада тұрамын.

Ержан: - Саған теңіз ұнай ма?

Асан: - Мен теңізді, жүзуді өте жақсы көремін. Жаз мезгілін ұнатамын.

Ержан: - Саған ұшақпен саяхаттаған ұнай ма?

Асан: - Өте ұнайды. Әдемі, сен қай жыл мезгілін ұнатасың?

Ержан: - Мен жазды жақсы көремін, өйткені мен жазда дүниеге келгенмін.

Асан: - Саған қандай түс ұнайды? Мен қара түсті ұнатамын.

Ержан: - Мен ақ және қара түстерді ұнатамын.

Асан: - Саған қандай тамақ ұнайды?

Ержан: - Маған ет, тауық, балық – бәрі ұнайды.

Асан: - Мен де балық пен етті жақсы көремін. Саған тамақ пісірген ұнай ма?

Ержан: - Иә, өте ұнайды. Мен тамақты жақсы пісіремін, өйткені тамақ пісіруді де, жеуді де жақсы көремін.

Асан: - Саған спортпен айналысқан ұнай ма?

Ержан: - Өкінішке қарай, ұнайды деп айта алмаймын. Саған ше?

Асан: - Маған ұнайды.

**2.3.5-тапсырма. Диалог бойынша толтырыңыз.**

| | Қаласы | Жақсы көретін түсі | Жақсы көретін тағамы | Жақсы көретін мезгілі |
|---|---|---|---|---|
| Асан | ___ | ___ | ___ | ___ |
| | ___ | ___ | ___ | ___ |

**2.3.6-тапсырма. Сурет бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.**

**Оның хоббиі қандай?**



- ☐ А. Жүзу
- ☐ Ә. Шаңғы тебу
- ☐ Б. Гитарада ойнау



- ☐ А. Жүзу
- ☐ Ә. Шаңғы тебу
- ☐ Б. Серуендеу



- ☐ А. Кітап оқу
- ☐ Ә. Сурет салу
- ☐ Б. Футбол ойнау



- ☐ А. Велосипед тебу
- ☐ Ә. Шаңғы тебу
- ☐ Б. Коньки тебу

**2.3.7-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**2.3.8-тапсырма. Толтырыңыз.**

| | Раушан | Сағыныш |
|---|---|---|
| Спорт | ____________ | ____________ |
| Музыка | ____________ | ____________ |
| Кітап | ____________ | ____________ |

**2.3.9-тапсырма. Толтырыңыз.**

| Аты: | Жасы: | Қаласы: | Хоббиі: |
|---|---|---|---|
| ____________ | ____________ | ____________ | ____________ |
| ____________ | ____________ | ____________ | ____________ |

**2.3.10-тапсырма. Оқыңыз.**



Менің атым – Ақтоты. Менің хоббиім – тіл үйрену. Мен 5 тіл білемін. Тіл үйрену мен үшін өте қызық. Бос уақытымда ағылшын, француз, түрік тілдерінде ән тыңдағанды жақсы көремін. Сонымен қатар саяхаттағанды жақсы көремін. Әлемнің бірнеше мемлекетіне саяхаттадым. Арманым – халықаралық тілдерді меңгеру. Спортты да жақсы көремін.



Менің атым – Тоғжан. Менің хоббиім – қолөнермен айналысу. Мен моншақтардан әшекей бұйымдар жасағанды ұнатамын. Жақында жәрмеңкеге қатысамын. Арманым – өзімнің әшекей бұйымдар көрмесін ашу. Тіл үйрену маған ұнамайды.



Мен Айбаламын. Менің сүйікті ісім – мобилография. Бейнеролик түсіргенді жақсы көремін. Сөзжұмбақ шешу, сурет салу маған қатты ұнайды. Спортпен шұғылдану ұнамайды. Арманым жеке мобилография курсын ашу.

**2.3.11-тапсырма. Үлгі бойынша өз сөйлемдеріңізді құрыңыз.**

*Үлгі:* Ән айтқанды жақсы көремін.
*Қажетті сөздер:* оқу, билеу, пісіру, тыңдау, тоқу, тігу, тарту, үйрену.

**2.3.12-тапсырма. Толтырыңыз.**



Ақтоты



Тоғжан



Лаура

| | Ақтоты | Тоғжан | Лаура |
|---|---|---|---|
| **Хоббиі** | | | |
| **Арманы** | | | |
| **Ұнатпайды** | | | |

**2.3.13-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

















1. Дүкен аралау
2. Билеу
3. Жәрмеңке
4. Қолөнер
5. Тігін тігу
6. Саяхаттау
7. Шахмат ойнау
8. Балық аулау

**2.3.14-тапсырма. Қажетті сөздерді қолданып, диалогты аяқтаңыз.**

ұнайды • хоббиің • үйренгім келеді • ұнатамын • хоббиім • дайындалу керек • ұнатпаймын • білемін • ұнайды

Оқытушы: Сенің ______________ не Арман?

Арман: Менің ______________ саяхаттау, пазл құрастыру және тіл үйрену.

Оқытушы: Қанша тіл білесің?

Арман: Орыс, түрік, қазақ, ағылшын тілдерін ______________. Француз және испан тілдерін ______________. Тілдерді меңгеру үшін күнде ______________.

Оқытушы: Қанша елге саяхаттадың?

Арман: Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Қытай елдерін көрдім. Мен жалғыз саяхаттағанды ______________. Топпен саяхаттағанды ______________.

Оқытушы: Неге пазл құрастырған ______________?

Арман: Пазл адамның логикасын дамытады. Сондықтан пазл құрастырған ______________.

**2.3.15-тапсырма. Өз хоббиіңіз бойынша толтырыңыз.**

Ұнайды ______________________________________________

Ұнамайды ______________________________________________

Ұнатамын ______________________________________________

Ұнатпаймын ______________________________________________

Жақсы көремін ______________________________________________

Жақсы көрмеймін ______________________________________________

# ДАҒДЫЛАР

## 2.3 Хобби



**2.3.16-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**2.3.17-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз.**

Аты –жөні ______________________________

Жасы ______________________________

Туған жері ______________________________

Хоббиі ______________________________

Атағы ______________________________

Әні ______________________________

**2.3.18-тапсырма. Сурет бойынша жазыңыз.**



***Үлгі:*** *Дариға апай тамақ пісіргенді жақсы көреді.*



______________________________

______________________________



______________________________

______________________________



______________________________

______________________________





______________________________ ______________________________

______________________________ ______________________________

**2.3.19-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.**







1. Дәурен әнші. Ән салғанды 1 .
2. Менің ағам тамақ жасағанды 2 .
3. Мен 3 курсына қатысып жүрмін.
4. Мен көлік айдай 4 .
5. Велосипед тебе 5
6. 6 шешкен ұнайды.
7. Жаңа хоббиім үшін. 7 алдым.
8. Мен 8 үйірмесіне жазылдым.

# ДАҒДЫЛАР
## 2.3 Хобби

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- күнде
- дұшқа түсу
- шұғылдану
- айналысу
- қатысу
- ұнату
- пісіру
- үйрену
- арман
- әңгімелесу
- домбыра ойнау
- жаттығу
- ондау

### Мақал-мәтелдерді оқыңыз

**Мақал-мәтелдер**

| | |
|---|---|
| Анасын көріп қызын ал,<br>Ыдысын көріп асын іш. | Anasına bak kızını al,<br>Kenarına bak bezini al. |
| Анадан артық дос бар ма?<br>Ашудан жаман қас бар ма? | Ana gibi yar olmaz,<br>Bağdat gibi diyar olmaz. |
| Әкесін сыйламаған кісіні<br>баласы сыйламайды. | Babasına hayrı olmayanın<br>kimseye hayrı olmaz. |
| Балалы үй  - базар,<br>баласыз үй - мазар. | Çocuklu ev pazar,<br>çocuksuz ev mezar. |
| Қызым саған айтам,<br>келінім сен тыңда. | Kızım sana söylüyorum,<br>gelinim sen anla. |

### Жұмбақты шешіңіз

Қыста киімін тастайды,
Көктемде киіне бастайды.

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады.

Қолы жоқ сурет салады,
Тісі жоқ тістеп алады.

### Жаңылтпашты оқыңыз

*Арқада алты арқар бар,*
*Қырқада қырық арқар бар.*
*Қырық арқарда ақ арқар бар.*
*Алты арқарда марқа арқар бар.*

### Роза Рымбаеваның «Наурыз думан» әнін тыңдаңыз.



# 3 ДӘРІС

## САЛАУАТТЫ ӨМІР

# 3 дәріс

# САЛАУАТТЫ ӨМІР

## 3.1 Денсаулық

**3.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**



Қазақта "Денсаулық – зор байлық" деген сөз бар. Денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану, көбірек су ішу және спортпен айналысу қажет. Таза ауада серуендеу де денсаулыққа өте пайдалы. Майлы тағамдарды көп жемеген дұрыс, себебі ол денсаулыққа зиян. Денсаулық мықты болу үшін дәрумендер қабылдаған дұрыс. Жылына бір рет дәрігерге көрініп, тексерілу керек. Егер адам өз денсаулығына көңіл бөлмесе, ауырып қалуы мүмкін. Сондықтан өзіңізді күтіңіз!

**3.1.2-тапсырма. Тыңдалым бойынша төмендегі тапсырманы орындаңыз.**

| Пайдалы | Зиян |
|---|---|
| ***Үлгі:*** *Дұрыс тамақтану* | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |
| ______________________ | ______________________ |

**3.1.3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіз қанша сағат ұйықтайсыз? ______________________
2. Күнде қанша литр су ішесіз? ______________________
3. Спортпен шұғалданасыз ба? ______________________
4. Қалай тамақтанасыз? ______________________
5. Дәрумендер ішесіз бе? ______________________

**3.1.4-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз. Жазыңыз.**















**3.1.5-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз.**



- Сәлеметсіз бе, дәрігер!
- Сәлеметсіз бе, қош келдіңіз! Қай жеріңіз ауырады?
- Екі күннен бері басым қатты ауырды, қазір де ауырып тұр.
- Жүрегіңіз айни ма?
- Иә. Тәбетім де жоқ.
- Басқа шағымдарыңыз бар ма?
- Жоқ.
- Қазір, қан қысымыңызды өлшейін... Қан қысымыңыз жоғары екен. Мына дәріні ішіңіз. Бірақ жүрегіңіз бен бүйрегіңізді тексеруіміз керек.
- Егер қазір дәрі ішсем, басымның ауырғаны басыла ма?
- Иә, қазір ішсеңіз, біраздан кейін ауырғаны басылады.
- Басқа не істесем болады?

- Қан қысымыңыз жоғары болса, тұзды азайту керек. Сонымен бірге күніне ең аз дегенде 2 литр су ішуіңіз керек.
- Су ішсем, қан қысымым төмендей ме?
- Су ішкен пайдалы, бірақ алдымен тексерілуіңіз керек. Сосын күнде таза ауада 30 минут жүрсеңіз, күнделікті уақытында ұйықтасаңыз, тұзды және майлы тамақ жемесеңіз, қан қысымыңыз көтерілмейді.
- Рақмет!
- Ауырмаңыз!

**3.1.6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Дәрігерге келген науқастың қай жері ауырады?
- Қанша уақыттан бері ауырған?
- Науқастың басқа қандай шағымдары бар?
- Науқастың қан қысымы жоғары ма, төмен бе?
- Дәрігер науқасқа дәрі берді ме?
- Күніне қанша су ішу керек?
- Дәрігер науқасқа қандай кеңестер берді, баяндаңыз.

## ӨЙТКЕНІ, СЕБЕБІ, СОЛ СЕБЕПТІ, СОНДЫҚТАН

| Өйткені | Себебі | Сол себепті | Сондықтан |
|---|---|---|---|
| Қолшатыр ал, **өйткені** далада жаңбыр жауып тұр.<br>Ертең жылы киін, **өйткені** таңертең күн суық болады. | Менің тамағым ауырып тұр, **себебі** мен кеше мұздай су іштім.<br>Оның аяғы ауырып тұр, **себебі** күні бойы футбол ойнады. | Жақында емтихан тапсырамын, **сол себепті** театрға бара алмаймын.<br>Оның қызуы көтеріліп тұр, **сол себепті** бүгін сабаққа бармайды. | Биыл жаңбыр көп жауды, **сондықтан** егін жақсы шықты.<br>Сіздің қан қысымыңыз жоғары, **сондықтан** тұзды тағамдарды аз жеу керек. |

## ШАРТТЫ РАЙ: ЕГЕР ...СА/СЕ

| Болымды | | Болымсыз | |
|---|---|---|---|
| қарасам | берсем | бармасам | келмесем |
| қарасаң | берсең | бармасаң | келмесең |
| қарасаңыз | берсеңіз | бармасаңыз | келмесеңіз |
| қараса | берсе | бармаса | келмесе |
| қарасақ | берсек | бармасақ | келмесек |
| қарасандар | берсендер | бармасандар | келмесендер |
| қарасаңыздар | берсеңіздер | бармасаңыздар | келмесеңіздер |
| қараса | берсе | бармаса | келмесе |

| | |
|---|---|
| Қазір жұмыстарымды **бітірсем**, досыммен кездесемін. Дүкенге **барсам**, сүт сатып аламын. | Жұмыстан ертерек **шықпасам**, кездесуге бара алмаймын. Дүкенге **бармасам**, сүт ала алмаймын. |

**Егер**

Егер дүкенге бармасаң, нанды қайдан аласың?
Егер күнде таза ауада серуендесең, денсаулығың жақсы болады.
Егер күнде жүгірсең, артық салмақтан арыласың.

**3.1.7-тапсырма. Суреттер бойынша науқастардың шағымын баяндаңыз.**





3 дәріс

# САЛАУАТТЫ ӨМІР

## 3.1 Денсаулық





**3.1.8-тапсырма. Сурет бойынша сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Азаматтың қолы сынған. Сол себепті .................................................................................
2. Мәриям көңілсіз. Себебі ................................................................................
3. Омар атаның қызуы жоғары. Сондықтан .................................................................................
4. Әселдің денсаулығы жақсы. Өйткені .................................................................................

**3.1.9-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлем құраңыз.**





Дариға ............................................... көп жеді. Сол себепті ...........................................................





Жарас суықта ................................... шықты. Сол себепті ...........................................................



Балалар екпе ................................... .



Өйткені ................................... қорғайды.



Медициналық бетперде ............................... .



Өйткені ................................... қорғайды.



Зиян тағамдар ................................... .



Себебі ............................................................

**3.1.10-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**3.1.11-тапсырма. Белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Науқас әйел адам | | |
| Ең жақын жедел жәрдем жіберіледі | | |
| Науқастың сол аяғы жарақаттанған | | |
| Жедел жәрдем шақырған науқастың жұбайы | | |
| Науқастың жағдайы жақсы | | |
| Олар Қабанбай батыр көшесінде | | |
| Жарақат жол апатынан болған | | |

**3.1.12-тапсырма. Сурет бойынша сәйкестендіріп сөйлем құраңыз.**



***Үлгі:*** *Спортпен айналыссаң, артық салмақтан арыласың.*





______________________________
______________________________
______________________________





______________________________
______________________________
______________________________





______________________________
______________________________
______________________________



**3.1.13-тапсырма. Берілген етістіктерді бұйрық райда жазыңыз.**

су ішу • жасау • шекпеу • жеу • дәрігерге қаралу • тамақ ішпеу • ойлау • ұйықтау • су ішпеу

**Үлгі:** *Мол су іш.*

1. Мол ____________________.
2. Уақытында ____________________.
3. Қатты ыстық ____________________.
4. Күн сайын жеміс-жидек пен көгөністер ____________________.
5. Позитивті ____________________.
6. Темекі ____________________.
7. Таңертең жаттығу ____________________.

**3.1.14-тапсырма. Жағдаятқа байланысты сәйкестендіріңіз.**


☐ ☐ Ем болсын!


☐ ☐ Ас болсын!


☐ ☐ Қоныс құтты болсын!


☐ ☐ Сау болыңыз! Көп жасаңыз!

**3.1.15-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, үлгі бойынша сөйлем құраңыз.**



7-8 сағат



+36,5°C



30 минут



2-3 рет



В тобындағы дәрумендер



Артық салмақ

1. *Ересектер 1 тәулікте 7-8 сағат ұйықтау керек.*
2. ________________________________.
3. ________________________________.
4. ________________________________.
5. ________________________________.
6. ________________________________.

**3.1.16-тапсырма. Дәрігерге байланысты қызықты оқиғаңызды жазыңыз.**

________________________________

________________________________

________________________________

________________________________

________________________________

________________________________

**3.1.17-тапсырма. Толтырыңыз.**

Аты –жөніңіз: ______________________
Ұлтыңыз: ______________________
Жұмыс немесе оқу орныңыз: ______________________
Жасыңыз: ______________________
Жынысыңыз: ______________________
Салмағыңыз: ______________________
Бойыңыз: ______________________
Қан тобыңыз: ______________________
Әлеуметтік мәртебеңіз: ______________________
Денсаулыққа байланысты шағымдарыңыз: ______________________

**3.1.18-тапсырма. Денсаулыққа байланысты сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Т | Б | Қ | А | У | А | Е | К | П | Е |
| Ұ | Н | Ұ | У | Д | Н | В | У | В | Ь |
| М | Е | С | Р | Ә | А | В | О | С | Б |
| А | Х | У | У | Р | У | Д | Ө | Ж | М |
| У | Д | Ш | Х | І | Қ | Ә | Е | Ө | Ж |
| Н | И | Ф | А | Г | А | Р | Ю | Т | А |
| Щ | Е | Ә | Н | Е | С | У | Ц | Е | І |
| І | Т | Ю | А | Р | Щ | М | Х | Л | Ұ |
| Е | А | У | Я | Р | Г | Е | М | Р | У |
| І | Д | Ә | Р | І | Ж | Н | Д | Н | У |

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- дәрі
- дәрумен
- ауыру
- емделу
- науқас
- жедел жәрдем
- шағым
- тексерілу
- өлшеу
- әлсіз
- шағым

**Жұмбақты шешіңіз**

Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең, жылатады.

***Мақал-мәтелдерді оқыңыз***

Көп түкірсе, көл болар.
Қыз өссе, елдің көркі.

## 3.2 Спорт

**3.2.1-тапсырма. Тыңдаңыз.**




**3.2.2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайы қай жылы салынған?
2. Спорт кешенінде ең ірі не бар?
3. Бұл кешенде не істеуге болады?
4. Бұл сарайда спорттың қай түрінен жарыстар өткізіледі?
5. Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайында басқа қандай шаралар ұйымдастырылады?
6. Сіз қандай спорт және мәдениет кешендеріне барып көрдіңіз?

**3.2.3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Қазақстандағы ең ірі мұз айдыны – Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы | ☐ | ☐ |
| Мұз айдыны қыста ғана істейді | ☐ | ☐ |
| Балуан Шолақ күреспен шұғылданған | ☐ | ☐ |
| Сарайда тек қана спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады | ☐ | ☐ |
| Көрме маусымның 20-сында өтеді | ☐ | ☐ |

**(GENIŞ ZAMAN OLUMLU VE OLUMSUZ)**

| Болымды | Болымсыз |
|---|---|
| барамын | қарамаймын |
| барасын/барасыз | қарамайсын/ қарамайсыз |
| барады | қарамайды |
| қараймыз | қарамаймыз |
| қарайсындар/қарайсыздар | қарамайсыздар |
| қарайды | қарамайды |

***Мысалдар:***

| | |
|---|---|
| келемін | сезбеймiз |
| келесiн/сiз | сезбейсiн/сiз |
| келедi | сезбейдi |
| көремiз | түспеймiз |
| көресiндер/сiздер | түспейсiндер/сiздер |
| көредi | түспейдi |

***Мысалдар:***

Бұл мысық адамдарға үйренген, адамды көргенде **қашпайды**.

Есіктің қоңырауына неше рет бастым, бірақ ешкім **ашпайды**.

Сіз спортзалға **бармайсыз ба**?

Ол жатақханада бөлмесін **тазаламайды**.

Мен онымен **сөйлеспеймін**, өйткені мен оған ренжіп қалдым.

Ақыл аз**байды**, білім тоз**байды**.

**3.2.4-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз.**

- Спорт залымызға қош келдіңіз!
- Қош көрдік! Менің аты-жөнім – Раушан Болатқызы. Осы залда спортпен шұғылданғым келеді. Сол үшін келдім.

- Жақсы. Менің атым – Данияр. Сіз күнделікті спортпен шұғылданасыз ба?
- Жоқ, бірақ күнделікті спортпен шұғылданғым келеді.
- Керемет! Сіздің спортпен айналысу мақсатыңыз қандай?
- Менің мақсатым біраз арықтау және өз денсаулығым үшін спорт пайдалы деп ойлаймын.
- Өте жақсы. Сіз жүгіру, жүру, фитнес, жүзу немесе спорттың басқа түрімен айналысып көрдіңіз бе?
- Мен жүзе алмаймын. Біраз уақыттан бері спортпен айналыспадым. Бірақ бұрын мектепте оқып жүргенде, волейбол ойнадым. Университетте шаңғы тепкенмін. Сіз маған бағдарлама жазып берсеңіз, спортзалға жиі келіп тұрамын.

**3.2.5-тапсырма. Мәтін бойынша дұрыс жауаптарды сәйкестендіріңіз.**

| Раушан Болатқызы | Дұрыс |
|---|---|
| Жүзе алмайды | ☐ |
| Волейбол ойнаған | ☐ |
| Шаңғы тебе алады | ☐ |
| Жүзе алады | ☐ |
| Арықтағысы келмейді | ☐ |
| Фитнесті жақсы көреді | ☐ |
| Біраз уақыттан бері спортпен айналыспаған | ☐ |

**3.2.6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Раушан Болатқызы спортзалға қандай мақсатпен келіп отыр?
- Раушан ханым күнделікті спортпен шұғылдана ма?
- Раушан ханым мектепте оқып жүргенде спорттың қай түрімен айналысқан?
- Университетте оқып жүргенде ше?
- Раушан ханым жүзе ала ма?
- Раушан ханым спорт не үшін пайдалы деп ойлайды?
- Раушан Болатқызы спортзалға келіп тұра ма?

Фитнеске барасыз ба?
Иә, *барамын.*
Жоқ, *бармаймын.*

Шахмат ойнайсыз ба?
Иә, ..........................................
Жоқ, ..........................................

Спортпен шұғылданасыз ба?
Иә, ..........................................
Жоқ, ..........................................

Йогамен айналысасыз ба?
Иә, ..........................................
Жоқ, ..........................................

Коньки тебесіз бе?
Иә, ..........................................
Жоқ, ..........................................

**3.2.7-тапсырма. Оқыңыз.**

## Дүниежүзілік көшпенділер ойыны




Дүниежүзілік көшпенділер ойыны – этникалық спорт түрлерінен өтетін халықаралық сайыс. Оған Орталық Азия көшпенді халықтарының ұлттық ойындары кіреді. Мақсаты – әлемде этномәдени және этноспортты дамыту. Көшпенділер ойынын өткізу идеясын 2012 жылы Бішкектегі Түркі кеңесі саммитінде Қырғызстан ұсынды. Ең алғаш рет 2014-жылы Қырғызстанда өтті. Сайыс екі жылда бір рет ұйымдастырылады. Жарысқа 102 мемлекеттен 3000-нан астам спортшы қатысты. Қатысушылар көкпар, күрес түрлері, садақ ату, тоғызқұмалақ, аударыспақ, теңге ілу сияқты ойын түрлерінен жарысады.
Биыл Астанада V Дүниежүзілік көшпенді ойындары өтеді. Отбасыммен бірге көруге барамын.

# САЛАУАТТЫ ӨМІР

## 3.2 Спорт

**3.2.8-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Көшпенділер ойынының мақсаты қандай?
2. Сайыс қашан ұйымдастырылады?
3. Сайыс идеясын қай мемлекет ұсынды?
4. Дүниежүзілік көшпенді ойындарына қатысқыңыз келе ме?
5. Сіз қай этноспорт түрлерін білесіз? Ол туралы айтып беріңізші.

**3.2.9-тапсырма. Мәтін бойынша ойын түрлерін белгілеңіз.**

☐ 
☐ 
☐ 
☐ 
☐ 

☐ 
☐ 
☐ 
☐ 
☐ 

**3.2.10-тапсырма. Мәтін бойынша ретімен қойыңыз.**

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

№ ___ 102 мемлекет 3000 спортшы

№ ___ Төрт жылда бір рет ұйымдастырылады

№ ___ Алғаш рет Қырғызстанда өтті

№ ___ 36 мемлекет 1500 спортшы

№ ___ Жарыс идеясын Қырғызстан ұсынды

№ ___ Алғаш жарыс Түркияда өтті

№ ___ Екі жылда бір рет ұйымдастырылады

**3.2.11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз. /Диктант/.**

**3.2.12-тапсырма. Суреттер бойынша спорт түрлерінің атауларын жазыңыз.**











**3.2.13-тапсырма. Сізге ұнайтын спорт түрі туралы жазыңыз.**

**3.2.14-тапсырма. Оқыңыз. Қажетті қосымшаларды жазыңыз.**

## Тоғызқұмалақ

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындары... бірі, ақыл-ой ойыны. Тоғызқұмалақ... емдік қасиет... де бар, ол жасөспірімдер... ақыл-ойын дамытады. Бұл ойын ақыл-ойды дамытып қана қойма..., ол тәртіпке үйретеді. Тоғызқұмалақ ойнаған бала өскен соң ұқыпты, алғыр бола....

**3.2.15-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.**




**Yatay**










**Dikey**













## Мақал-мәтелдер

Денсаулық – зор байлық.
Тәні саудың – жаны сау.
Ауырып, ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.

## Жұмбақты шешіңіз.

Қолы жоқ, сөзі жоқ, бірақ тісі бар.
Басыңмен ісі бар. Бұл не?

Екі атасы бар,
Он сегіз анасы бар.
Он сегіз анасының әрқайсысында
Тоғыз тоғыздан баласы бар.

## ЖАҢА СӨЗДЕР

- спорттық-мәдени кешен
- мұз айдыны
- спортшы
- жарыс
- шара
- спорт түрлері
- күрес
- жүзу
- тоғызқұмалақ
- сырғанау
- спортзал

**3.3.1-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**3.3.2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.**

Берік Түркияға барған ба?
Ахмет Қазақстанға қашан келеді?
Бір апта ішіндегі ауа-райын сипаттаңыз.

**3.3.3-тапсырма. Оқыңыз.**

## Қазақстанның ауа райы





Қазақстанда континенттік климат басым. Жазы ыстық және құрғақ; көктем мен күзде жел соғып, жаңбыр жауады; қыста қар жауып, боран соғады. Қазақстанның территориясы өте үлкен болғандықтан, оңтүстігі мен солтүстігі арасында, шығысы мен батысы арасында үлкен айырмашылықтар болады.

Мысалы, елордамыз Астана Моңғолияның астанасы Ұлан-Батордан кейінгі әлемдегі ең суық астана болып саналады. Астанаға баратын болсаңыз, қалың, жылы киім киіңіз. Қыста температура -45 °C-қа (Цельсий градусқа) дейін төмендеуі мүмкін. Сіз қатты желге де дайын болуыңыз керек. Мұнда жиі қарлы боран соғады. Жазда да жаныңызда күрте болуы керек.

Ал туристер үшін ең танымал қалалардың бірі – Алматы. Климаты жұмсақ, жазы ыстық. Көктемде және күзде жаңбыр көп жауы мүмкін. Қысы кейде қатал және қарлы болады, бірақ Астананың қысындай қатты емес. Жел көп соқпайды.






Қазақстанның шөлді аймақтарында ауа райы құбылмалы. Жазда бұл аймақтарда күндізгі ауа температурасы + 50 °С-қа дейін жетуі мүмкін, ал түнде ол 0 °С-қа дейін төмендейді.

Еліміздің оңтүстік аймақтарында ауа райы қолайлы. Қыста температура 0 °С-қа жақын болады. Тек Тянь-Шань таулары мен Жоңғар Алатауының таулы аймақтарында қар басқа аймақтарға қарағанда аз жауады. Алайда, бұл аймақтарда жаз өте ыстық, температура кейде +40 °С-тан жоғары көтеріледі. Жазда жаңбыр көп жаумайды, ондай кезде құрғақшылық орын алады.

Шығыста Алтай тауында қар қалың жауады, кей жерлерде қар қалыңдығы 2 метрге дейін жетеді.

Орталық және солтүстік аймақтарда күн салқын болады, бірақ шілде-тамыз айларында ауа температурасы +30 °С-қа дейін көтеріледі.

Кең-байтақ Қазақстанымыздың ауа райы да, табиғаты да өте әсем.

**3.3.4-тапсырма. Берілген картаға аймақтардың табиғи ерекшеліктерін белгілеңіз.**



### 3.3.5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанда қандай климат басым?
2. Астананың климаты қандай?
3. Алматының ауа райы қандай?
4. Қазақстанның шөлді аймақтарында ауа райы қандай?
5. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында ауа райы қандай?
6. Қазақстанның шығысында ауа райы қандай?
7. Орталық және солтүстік аймақтарда күн қандай болады?
8. Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігі, шығысы мен батысының ауа райында айырмашылықтар бар ма?

### 3.3.6-тапсырма. Тыңдаңыз.

### 3.3.7-тапсырма. Сіз тұратын қаланың мамыр айындағы ауа райы туралы баяндаңыз.

| | Ең жоғары градус | Ең төменгі градус | Жауын-шашын |
|---|---|---|---|
| **Ыстанбұл** | ____________ | ____________ | ____________ |
| **Астана** | ____________ | ____________ | ____________ |
| **Сіз тұратын қала** | ____________ | ____________ | ____________ |

### 3.3.8-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

**Ыстанбұл** ☐

**Астана** ☐

☐ +20 - +25 дәреже
☐ көктемнің басында кейде қар жауады
☐ Үнемі бұршақ жауады
☐ +15 кейде -3 дәреже
☐ Ылғи жауын-шашынды
☐ Бірде жылы, бірде салқын

**3.3.9-тапсырма. Суреттер бойынша баяндаңыз.**









**әрі.... әрі....**

Отанымыздың өзендері, көлдері **әрі** көрікті, **әрі** таза.

Менің жолдасым **- әрі** сұлу, **әрі** ақылды жан.

Мен **әрі** дәмді тамақ жегенді, **әрі** тамақ істегенді жақсы көремін.

Менің ұлым **әрі** футбол ойнағанды, **әрі** футбол матчтарын көргенді ұнатады.

**бірде.... бірде...**

Көктемде күн **бірде** жылы, **бірде** салқын болады.

Олардың қарым-қатынасы **бірде** тәтті, **бірде** қатты болған.

Дастандар **бірде** мұңды, **бірде** көңілді тарихи оқиғалар туралы баяндайды.

**кейде... кейде ....**

Ол мектебін **кейде** жақсы көреді, **кейде** ұнатпайды.

Жазда біз **кейде** тауға шығамыз, **кейде** теңізде демаламыз.

Асан **кейде** таңертең, **кейде** кешке жүгіреді.

«Ыстыққөл **кейде** тыныш, **кейде** толқын”. (Алықұл Осмонов)

**анда-санда**

Мен спортзалға **анда-санда** барамын.

Ыстанбұлда **анда-санда** қар түседі.

Сыныптастарымызбен **анда-санда** кездесіп тұрамыз.

“**Анда-санда** күліп қояды, **анда-санда** жылап алады.” (Оралхан Бөкеев)

**ылғи**

Балам, **ылғи** айтамын, бүгінгі істі ертеңге қалдырма!
Біз жазда **ылғи** жаңа елдерге саяхаттауға тырысамыз.
Соңыра байқады, бұл үйдегі нағашылары оны **ылғи** керемет мақтап отырады. (Құлтөлеу Мұқаш)
Осы, кейде, жақсы ойлардың **ылғи** кешігіп келетіні қалай екен?! (Құлтөлеу Мұқаш)

**үнемі**

**Үнемі** айтамын, Отанын сүйген адам жұмысын жақсы істеуі керек.
Жеңіске жеткісі келетіндер **үнемі** кітап оқиды.
Біз отбасымызбен **үнемі** кешке серуенге шығамыз.

**күнде**

**Күнде** таңертең су ішсеңіз, денсаулығыңыз жақсарады.
Балам, маған **күнде** хабарласып тұр.
Сені **күнде** көргім келеді.
**Күнде** далада таза ауада жүрсеңіз, денсаулығыңызға өте пайдалы.

**3.3.10-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қолдана отырып туған жер табиғаты туралы баяндаңыз.**

Әрі • кейде • күнде • үнемі • ылғи • анда-санда • бірде.

**3.3.11-тапсырма. Төмендегі полилогты оқыңыз. Уақытқа қатысты сөздердің астын сызыңыз.**

Назым: -Достар, менің бір идеям бар!

Айман: - Айта ғой, Назым.

Назым: - Күнде кешке жатақхананың маңайында жүгірейік.

Айман: - Күнде жүгіруге уақытымыз бола ма екен? Ылғи осылай айтамыз да, орындай алмай қаламыз.



Назым: - Күнде болмаса да, жиі-жиі жүгіруге тырысайық, Айман.

Айсұлу: - Айман айтқандай, үнемі осылай айтамыз да, қалып қояды. Бастаймыз да тастаймыз.

Назым: - Айсұлу, түсінемін, кейде сабаққа дайындалу керек болады, кейде емтихандар болады. Бірде жаңбыр жауады, бірде ыстық болады. Күнде жүгіру мүмкін болмаса да қолымыздан келгенінше тырысайық.

Айсұлу: - Онда күнде болмаса да, дүйсенбі мен сәрсенбі күндері жүгірейік. Жүгіру әрі денсаулыққа пайдалы, әрі артық салмақтан арылтады.

Айман: - Келістік, қыздар. Ертеңнен бастап кешкі 8-де далаға жүгіруге шығайық.

Айсұлу: - Жақсы, келістік!

**3.3.12-тапсырма. Мәтінді толықтырыңыз. Қажетті сөздерді орнына қойыңыз.**

ылғи • үнемі • кейде • үнемі • кейде • кейде

Табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында көктем, күз айларында Қазақстанда .................... сенбілік ұйымдастырылады. .................... айына екі рет болады. Біз де жұмыс орнындағы әріптестерімізбен .................... сенбілікке қатысамыз. .................... ағаш отырғызып, .................... тазалық жұмыстарын жүргіземіз. Сенбілікте .................... ағаш отырғызамын. Ағаш отырғызу маңызды.

## ЖАҢА СӨЗДЕР

- ауа райы
- климат
- аймақ
- салқын
- жылы
- суық
- ыстық
- қар
- жаңбыр
- жел
- боран
- құрғақ
- найзағай
- құбылмалы

### Мақал-мәтелдер

Бір тал кессең, он тал ек.
Бұлақ көрсең, көзін аш.

**Жұмбақты шешіңіз.**

Күндіз бар да, түнде жоқ,
Онсыз өмір мүлде жоқ.

Қанаты жоқ – ұшады,
Аяғы жоқ – қашады.

**3.3.13-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құраңыз.**

*Бірде*



*Бірде*



*Кейде*



*Кейде*



*Әрі*



*Әрі*





*Ылғи*



*Анда-санда*



# 4 ДӘРІС

## АДАМ КЕЛБЕТІ



# АДАМ КЕЛБЕТІ

## 4.1 Сырт келбет

**4.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**



- Айнұр, бүгін кітапханада бір қыз сені сұрады.
- Қай қыз, аты кім?
- Атын білмеймін. Әдемі, шашы **сарылау** бір қыз.
- Әлия ма ?
- Жоқ, Әлия емес. Бойы Әлиядан **ұзындау** қыз. Саған беретін кітабы бар.
- Кім болды екен, Шынар ма ?
- Жоқ, Шынарды танимын, Шынар емес. Шынарға қарағанда **арықтау**, көзі **үлкендеу**, шашы **қысқарақ**.
- Мүмкін Айман болар? Қай залда отырды?
- Сирек кітаптар қоры залында көрдім.
- Қалай киінген?
- **Күлгіндеу** жейде мен қоңыр белдемше киген.
- Түсіндім, ол Айбике ғой! Рақмет!

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- қарағанда
- арық – толық
- аласа – биік
- ұзын – қысқа
- үлкен – кіші, кішкентай
- жас – кәрі
- қалың – жұқа
- бет-әлпет
- аққу мойын
- аққұба
- келбет

**4.1.2-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерге назар аударыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.**

Белгісіз қыздың аты кім?
Әлия оған қарағанда **ұзындау** ма, **аласалау** ма?
Ол Шынарға қарағанда **толықтау** ма, **арықтау** ма?
Оның көзі **үлкендеу** ме, **сығырлау** ма?
Оның шашы Шынарға қарағанда **ұзынырақ** па, **қысқарақ** па?

**4.1.3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**



Сіз адамның сырт келбетіне назар аударасыз ба? Иә, адамдардың сырт келбеті, дене бітімі, шашының, көзінің түсі әртүрлі болады. Біреудің шашы қара немесе қоңыр, ал біреудікі сары болуы мүмкін. Шашы қалың немесе жұқа, бұйра немесе тік болады. Біреудің көзі қара, біреудікі көк болуы мүмкін.

Адамның бет-әлпеті де әртүрлі: біреудің мұрны үлкен немесе кішкентай, көзі үлкен немесе сығырлау, ерні жұқа немесе қалыңдау болуы мүмкін. Адамның тек бет-әлпеті мен дене бітімі ғана емес, оның киімі және өзін-өзі ұстау мәнері де сырт келбетіне әсер етеді. Көбінесе әдемі, таза киінген адам тартымды болады. Сонымен қатар білімді, мәдениетті, сабырлы, әдепті және мінезі жұмсақ адамдармен сөйлесу барлық адамдарға ұнайды. Адам өзінің бет-әлпетін өзгерте алмайды, бірақ мінезін өзгерте алады.

## САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫРАЙ

| **Шырай түрі** | **Жасалу жолдары** | **Мысалдар** |
|---|---|---|
| салыстырмалы шырай | 1. *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* | жақсы-рақ, күшті-рек, ұзын-ырақ, тез-ірек |
| | 2. *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, теу* | қысқа-лау, әдемі-леу, жылдам-дау, көркем-деу, суық-тау, биік-теу |

**1. -рақ, -рек, -ырақ, -ірек**

Арман Асаннан бір жас кіші, бірақ бойы ұзын**ырақ**.
Осы әмиян жақсы**рақ** сияқты.
Мына көйлек әдемі, бірақ кіші**рек** екен.
Тез**ірек** жүр, дүкен 6-да жабылады.
Мына етік ұнады, бірақ кіші**рек** сияқты.
Бүгін күн салқын**ырақ** сияқты, қолшатыр ал.

## САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫРАЙ

**2. *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, теу***
Мына көйлектің етегі қысқа**лау** екен, басқасы бар ма?
Бұл сөмке ескі**леу** сияқты, жаңасын алайық.
Мына белдемше ұзын**дау** екен.
Бұл сурет көркем**деу**, осыны таңдадым.
Дүкенге түрі суық**тау** бір ер адам кірді.
Мына аяқкиімнің өкшесі биік**теу** екен, аласа**лау**ын беріңізші.

**АНТОНИМДЕР (Zıt anlamlı kelimeler)**
ұзын / қысқа
биік / аласа
үлкен / кіші
ақ / қара
жас / кәрі
аз / көп
оң / сол
жақсы / жаман
арзан / қымбат
бай / кедей

**Мысалдар:**
Бойы ұзын емес, қысқа.
Сізге киімнің арзаны ұнай ма, қымбаты ма?
Наурызға жасы да, кәрісі де жиналды.

**қарағанда**
Жейделер көйлектерге **қарағанда** арзанырақ.
Базарда бағалар супермаркеттерге **қарағанда** әлдеқайда арзан.
Әпкеме **қарағанда** ағам ұзынырақ.

**4.1.4-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннен сын есімдерді табыңыз. Оларды салыстырмалы формаға қойыңыз.**

**Үлгі:** қара – қара+лау

*-ырақ, -ірек,*
*-рақ, -рек*
*-лау, -леу,*
*-дау, -деу*

**4.1.5-тапсырма. Өзіңізді сипаттаңыз.**

Бойыңыз ұзын ба, аласа ма ?
Шашыңыз ұзын ба, қысқа ма ?
Шашыңыз тік пе, бұйра ма ?
Көзіңіздің түсі қандай?
Дене бітіміңіз қандай?
Толықсыз ба, арықсыз ба?

**4.1.6-тапсырма. Мәтін бойынша есімдерін жазыңыз.**

Шашы сарылау Ұзын, көзі үлкен, шашы қысқа, арық. Күлгін жейде, қоңыр белдемше

Бойы аласа

Айбикеге қарағанда толығырақ, көзі кішкентай, шашы ұзын

# АДАМ КЕЛБЕТІ

## 4.1 Сырт келбет

**4.1.7-тапсырма. . Салыстырыңыз. Жазыңыз.**



Айбол Мираса қарағанда ..............................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................

Айбол Мираса қарағанда ..............................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................
..............................................



**4.1.8-тапсырма. Сөздердің мағынасын табыңыз.**

*1. Көңілді*




*2. Жабық*




*3. Жұқа*




*4. Кішкентай*




*5. Таза*




*6. Толық*




**4.1.9-тапсырма. Сурет бойынша сыртқы келбетін сипаттаңыз.**





**4.1.10-тапсырма. Жақын досыңыздың сырт келбетін сипаттаңыз. Салыстырыңыз.**

**4.1.11-тапсырма. Антонимдерді сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| күшті ☐ | ☐ ұсқынсыз |
| сұлу ☐ | ☐ жаман |
| жақсы ☐ | ☐ биік |
| аласа ☐ | ☐ әлсіз |
| сабырлы ☐ | ☐ кәрі |
| жас ☐ | ☐ сабырсыз |
| қысқа ☐ | ☐ ескі |
| ұзын ☐ | ☐ жаңа |

**4.1.12-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**



Менің атым – Майра. Мен ата-анамның тұңғышымын. Менің бір інім бар. Ол үйдің кенжесі болғандықтан өте ерке. Маған мүлдем ұқсамайды. Бойы маған қарағанда ұзынырақ, ірілеу. Бет-әлпетіміз де ұқсамайды. Көзі, мұрны, беті үлкенірек. Мінезі де маған қарағанда жұмсағырақ.

Мен – Мереймін. Майраның інісімін. Үйдің кенжесімін. Әпкем үйдің тұңғышы болғандықтан маған қарағанда қаталдау. Сырт келбетіміз де ұқсамайды. Әпкемнің жасы үлкен болса да бойы аласалау, арықтау, қара торы. Мен әпкемді жақсы көремін.

**4.1.13-тапсырма. Мәтін бойынша антонимдерді жазыңыз.**

*Үлгі:* *жұмсақ* — *қатал*

| | |
|---|---|
| .................................................. | .................................................. |
| .................................................. | .................................................. |
| .................................................. | .................................................. |
| .................................................. | .................................................. |
| .................................................. | .................................................. |

**4.1.14-тапсырма. Мен кіммін? Берілген мәтін бойынша белгілеңіз.**




**1.** Бойым – ұзын. Құрбым Әлияға қарағанда арықтаумын. Әлия маған қарағанда толықтау. Шашым сары, көзім көк. Қыр мұрындымын. Үстімдегі көйлек Әлияның көйлегіне қарағанда ұзынырақ.

**2.** Құрбым Зейнепке қарағанда толықтаумын. Бойым аласалау. Шашым қалындау, қара. Қой көздімін. Көйлегім Зейнептің көйлегіне қарағанда қысқалау.

**3.** Мен құрбыларыма қарағанда арықтаумын. Шашымның түсі қоңыр. Бойым ұзынырақ. Көзім қара. Көйлегім Зейнеп пен Әлияның көйлегіне қарағанда қысқалау.

**4.1.15-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Толықтырыңыз.**

- Қыздар білесіздер ме біздің топқа жаңа студент келді. Есімі – Айкөркем.
- Ааааа. Хабарымыз жоқ.
- Шашы Меруерттің шашынан да ұзын.........., бойы да ұзын.........., көк көз, аққұба, сұлу қыз.
- Меруерттен де сұлу ма?
- Әркім өзінше әдемі.
- Мойны да ұзын.........., аққу мойын. Ұзын.......... сары көйлек киген. Қазір асханаға қарай кетті.
- Кеттік танысайық!

**4.1.16-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

**Айкөркем** ☐

- ☐ аққу мойын
- ☐ шашы қысқа
- ☐ ұзын бойлы
- ☐ қара қыз
- ☐ аққұба
- ☐ көк көз
- ☐ қой көз

**4.1.17-тапсырма. Антонимдерді табу арқылы сөзжұмбақты шешіңіз.**



1. қатты
2. жеңіл
4. жаман
6. үсті
8. ақымақ

3. арық
5. бұрыс
7. жарық
9. арзан
10. жылы

# АДАМ КЕЛБЕТІ

## 4.1 Сырт келбет

4 ДӘРІС

### Мақал-мәтелдерді оқыңыз

**Дос** жылатып айтады,
**Дұшпан** күлдіріп айтады.

**Жақсы**мен дос болсаң, жетерсің мұратқа,
**Жаман**мен дос болсаң, қаларсың ұятқа.

**Көп** сөз – күміс, **аз** сөз – алтын.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- сырт келбет
- шаш
- көз
- мұрын
- бет (адамның беті)
- ақылды
- білімді
- мәдениетті
- сабырлы
- әдепті
- қой көзді
- қыр мұрынды
- мінезі жұмсақ

**Жұмбақтарды шешіңіз.**

Аяғы бар, басы бар,
Арқасында тасы бар.

Сырты жасыл қатты,
Іші қызыл тәтті.

**«Бір бала» халық әнін тыңдаңыз.**

## 4.2 Киім үлгісі

**4.2.1-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

- Бегімай, сен салтанатты кешке көйлек алдың ба?
- Жоқ, әлі алмадым. Сен ше?
- Мен де әлі алмадым. Бүгін сабақтан кейін киім дүкеніне бірге барайық.
- Әрине, Ақтолқын. Бірге барайық, мен де көйлек қарайын.

(Киім дүкенінде)

- Бегімай, мына көйлек қалай, маған жараса ма?
- Бұл **қып-қысқа** екен, ұзындау бір көйлек киіп көрші, Ақтолқын.
- Онда мына көйлекті киіп көрейін.
- Осы көйлек әдемірек сияқты. Мен де мына көйлекті киіп көрейін, сен де маған пікіріңді айтасың ба?
- Әлбетте!
- Сеніңше, бұл көйлек жараса ма маған?
- Бұл көйлек сені толықтау көрсететін сияқты.
- Онда мына көйлекті киейін. Енді қалай болды?
- Осы қызыл көйлек жақсырақ, маған осы ұнады.
- Маған да осы ұнады.

**4.2.2-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

1. Ақтолқын қандай көйлек таңдады?

☐ а) қып-қысқа ☐ ә) ұзынырақ ☐ б) сарылау

2. Бегімай киім дүкеніне кіммен барды?

☐ а) жалғыз барды ☐ ә) Ақтолқынмен ☐ б) достарымен

3. Ақтолқын мен Бегімай қандай кешке көйлек алды?

☐ а) мектеп кешіне ☐ ә) салтанатты кешке ☐ б) туған күн кешіне

4. Бегімай қандай көйлек таңдады?

☐ а) сары көйлек ☐ ә) ұзындау көйлек ☐ б) қызыл көйлек

**4.2.3-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.**

Сырт киім • маусымдық киім • бас киім • аяқ киім

1. ______________________________________

2. ______________________________________

3. ______________________________________

4. ______________________________________

**4.2.4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**

Қазақта "Адам көркі – шүберек" деген сөз бар. Яғни әдемі киім адамға көрік береді. Бүгін де киіну мәдениеті өте маңызды. Киім әрі жарасуы керек, әрі ыңғайлы болуы керек. Қазір елімізде киім сататын дүкендер, сауда орталықтары мен базарлар аса көп. Дүкендерде неше түрлі киімдер бар, оларды біз қысқы, жазғы киім деп бөлеміз. Одан басқа классикалық немесе спорттық киімдер деп бөлуге болады. Сонымен қатар күнделікті киетін және мереке, тойларға киетін киімдер болады. Киім үлгілері, сән өзгеріп тұрады. Сәнге және маусымға қарай жаңа топтамалар шығады. Біз дүкендерде киімді киіп көреміз. Киім өлшегенде ол кейде дәл келеді, кейде дәл келмейді. Сондай-ақ біз әрқашан сапалы киім іздейміз. Сапалы киімді ұзақ уақыт киюге болады.

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- Жарасу
- Киіп көру
- Өлшеу
- Дәл келу
- Жаңа топтама
- Сапа, сапалы, сапасыз
- Ыңғайлы, ыңғайсыз

**Жаңа киім алғанда айтылатын тілектер:**

- Игілігіңізге киіңіз!
- Игілігіңізге пайдаланыңыз!
- Үстіңізде тозсын!
- Киім тозса да, көңілің тозбасын!
- Өзің киіп, өзің тоздыр!

**маған/саған/сізге/оған/бізге/сендерге/сіздерге/оларға ұна-у.**

**Мысалдар:**

Маған осы көзілдірік ұнады.
Саған бұл пәлте ұнамады ма?
Сізге бұл туфли ұнай ма?
Оған орамал таққан ұнайды.
Бізге бұл костюм ұнамады.
Сендерге мына сөмке ұнады ма?
Сіздерге осы галстук ұнамай ма?
Оларға шалбар киген ұнайды.

**Күшейтпелі шырай:**

Мектептегі балалар үшін жап-жаңа киімдер тігілді.
Бұл киім-кешек сататын дүкеннің іші тап-таза.
Оның шалбары жаңбырдан кейін қап-қара болыпты.
Сол базардағы киімдер әрі әп-әдемі, әрі ап-арзан.
Оның аппақ жүзі қып-қызыл болып кетті.

**4.2.5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Сізге қандай үлгідегі киім көбірек ұнайды, классикалық үлгідегі киімдер ме, спорттық үлгідегі киімдер ме?

Сіз киім сатып алғаннан бұрын киіп көресіз бе?

Сіз киімнің жарасуына көңіл бөлесіз бе?

Сіз заттардың сапасына назар аударасыз ба?

Сіз киім сатып алғанда, бағасына қарайсыз ба?

Сіз сатып алмастан бұрын киімнің ыңғайлы болуын қарайсыз ба?

Сіз әр маусым жаңа киім сатып аласыз ба?

**4.2.6-тапсырма. Сурет бойынша сөздерді жазыңыз.**



*қап-қара*



..............................



..............................



..............................




..............................



..............................



..............................



..............................



..............................



..............................



..............................




..............................



..............................



..............................



..............................

**4.2.7-тапсырма. Берілген сөздерді мағынасына қарай қойыңыз.**

**жарасады • жасаңыз • керек • түсті • қандай • тапсырыс беремін • ұнады • таңдадым**

Мен ұп-ұзын көйлек .................................. .

Жейденің өлшемі ..................................?

Киім дүкеніне жаңа топтама .................................. .

Оған жеңілдік .................................. .

Сізге киіп көру .................................. .

Маған жаңа топтама .................................. .

Саған қып-қызыл көйлек .................................. .

Сендерге сапалы тауарға .................................. .

**4.2.8-тапсырма. Мәтін бойынша табыңыз. «Бұл кім?».**



1. Ол ақ жейде, қап-қара шалбар киген. Қолында күлгін түсті костюмі бар. Бойы ұп-ұзын, шашы қап-қара. Аяқкимі де қап-қара.

2. Орта бойлы, сап-сары шашты, көзі көк, сұп-сұлу қыз. Қып-қызыл көйлегі мен аппақ туфлиі өзіне жарасып тұр. Қызыл сөмкесі әп-әдемі.

3. Үстінде тап-тар джинс шалбары мен көкпеңбек жейдесі бар. Иығына қып-қызыл костюм ілген. Аяғында қап-қара спорт аяқкимі бар. Қолында қоңыр спорт сөмкесі бар.

**4.2.9-тапсырма. Диалогты оқыңыз.**
**Қажетті сөздерді орнына қойыңыз.**

**таңдап береді • ұнатамын • таңдаймын • киіп көріңіз • кие аласыз • жарасады екен • киіп көріңіз • аламын • киім дүкенінде • ұсынамыз • жаңа топтамадағы • киіп көріңіз**

Сатып алушы: Сәлеметсіз бе! .......................................... стилист қызметі бар ма?

Сатушы: Қош келдіңіз! Иә, біз сізге стилист қызметін .................................. Таныс болыңыз, стилист - Гүлден. Ол сізге қажетті киім үлгісін .......................................... .

Стилист: Қош келдіңіз! Сыртқы келбетіңізге жарасымды киімдерді таңдап беруге дайынбыз. Келіңіз!

Сатып алушы: Мен ыңғайлы, еркін стильдегі киімдерді ........................................ .

Стилист: Жақсы. Мен сізге ыңғайлы әрі спорттық үлгідегі сапалы тренд киімдер .................................. . Мына .................................... киімдерді .............................. Оған мына классикалық аяқкиімді де ұсынамын. Әрі кешкі асқа, әрі жұмысқа да ........................................ .

Сатып алушы: Керемет! Киімдер дәл келді. Бұл киімдер маған ................................. . Аламын!

Стилист: Қап-қара белдемшені де .........................................

Сатып алушы: Әп-әдемі әрі жарасымды! Белдемше мен қып-қызыл сөмкені де ... .......................................

Стилист: Жақсы. Үстіңізде тозсын!

**4.2.10-тапсырма. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.**

| Тұжырымдар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Дүкенде стилист қызметі бар | ☐ | ☐ |
| Сатып алушы жаңа топтамадан киім алды | ☐ | ☐ |
| Сатып алушы класикалық стильді ұнатады | ☐ | ☐ |
| Сатып алушы стилист таңдаған образдарды алмады | ☐ | ☐ |
| Сатып алушыға киімдер ұнамады | ☐ | ☐ |
| Белдемше мен қып-қызыл сөмке сатылмады | ☐ | ☐ |
| Стилистің есімі – Гүлден | ☐ | ☐ |

**4.2.11-тапсырма. Мәтін бойынша берілген сөздердің антонимін немесе болымсыз тұлғасын жазыңыз.**

Қажетті ........................................ Ыңғайлы ........................................

Жарасымды ........................................ Сапалы ........................................

Жаңа ..................................... Алу .....................................

Жарасу ..................................... Әдемі .....................................

Жақсы .....................................

**4.2.12-тапсырма. Сурет бойынша анықтаңыз. Үлгі бойынша жазыңыз.**



Суретте Пынар. Оған ..............................
..............................................................
ұнайды. ..................................................
.................................................. ұнайды.



Суретте жастар. Оларға ..............................
..............................................................

**4.2.13-тапсырма. Сурет бойынша баяндаңыз. «Ұнайды, ұнамайды, не себепті?».**









   

**4.2.14-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.**

Дүкенде бағасы арзанырақ болса, .............................................................................................
Өлшемі үлкенірек болса, ..........................................................................................
Маған арзандау бағада ............................................................................................ қажет.
Ақшам аздау болғандықтан ......................................................................................
Маған спорттық киім ыңғайлырақ, сондықтан ...........................................................................

**4.2.15-тапсырма. Сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Я | Ж | С | А | Қ | Ф | Й | С | Й |
| С | Ұ | Ж | Ө | І | В | Я | А | В |
| П | Н | Е | Л | Щ | Ж | З | П | Е |
| Д | А | Ң | Ш | О | Ф | Г | А | И |
| Х | Т | І | Е | К | Ң | Л | С | Ь |
| А | У | Л | М | З | Н | И | Ы | Л |
| Ө | Г | Д | Ш | Ю | П | І | З | И |
| Г | Ң | І | Ц | Ц | Д | Ж | И | Ч |
| П | Ң | К | Ф | Г | Й | О | Х | П |

**ұнатпау антонимы**

**қара антонимы**








# АДАМ КЕЛБЕТІ

## 4.2 Киім үлгісі

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- әдемі
- жарасу
- ыңғайлы
- қысқы киім
- жазғы киім
- классикалық үлгідегі киім
- спорттық киім
- күнделікті киетін киім
- дәл келу
- сапалы
- сауда орталықтары
- тігілу
- тренд киімдер
- үстіңізде тозсын

### Мақал -мәтелдерді оқыңыз

**Аш бала тоқ баламен ойнамайды,**
**Тоқ бала аш болам деп ойламайды.**

**Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,**
**Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.**

**Жұмбақтарды шешіңіз.**

Жіп-жіңішке денесі,
Ортасында шегесі.

**«Самалтау» халық әнін тыңдаңыз.**

## 4.3 Маусымдық киім

**4.3.1-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**



- Балам, дала өте суық. Тым жұқа киініпсің. Жылы киін, жарай ма?
- Иә, анашым, қазір күртемді киемін.
- Күртемен тоңасың ғой, балам. Қалың пәлтеңді ки, басыңа баскиім киюді ұмытпа. Қолғабыңды да ал.
- Анашым, алаңдама, тоңбаймын. Күртем де жылы, бәтеңкем де.
- Балам, далада қар жауып тұр. Бәтеңке емес, етігіңді ки.
- Анашым, етік кигім келмейді, осы бәтеңкем ұнайды.
- Жаным-ау, тоңып қаласың.
- Тоңбаймын, анашым. Сені жақсы көремін!

**4.3.2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Баласы үстіне не киді?
Далада ауа райы қандай?

### АСЫРМАЛЫ ШЫРАЙ:

**Өте, тым, әбден, нағыз**

Үстіне киген белдемшесінің түсі <u>өте</u> әдемі.
Оның сатып алған сырт киімдері <u>тым</u> үлкен болды.
Қазақ ұлттық киімдеріндегі оюлар <u>өте</u> әдемі.
Дүкендегі қыз жұмыстың көптігінен <u>әбден</u> шаршады.
Бөрік – қазақтың қыста киетін бас киімі, суықта <u>өте</u> жылы.
Бұл <u>нағыз</u> қазақы көйлек.

**4.3.3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Асырмалы шырай мен күшейтпелі шырайдың астын сызыңыз.**



Апам терезеден сыртқа қарап отыр. Далада жаңбыр жауып тұр. Күн бұлтты. Адамдар таңертең жұмысқа немесе оқуға бара жатыр. Автобус аялдамасында бір жас қыз автобус күтіп тұр. Ол тым жұқа пәлте киген, қолына аппақ қолшатыр ұстап тұр. Мойнына өте үлкен мойынорағыш, көзіне үп-үлкен көзілдірік таққан. Аяғында қара түсті туфлиі бар. Оның артында бір жігіт те автобус күтіп тұр. Жігіт күрте мен бәтеңке киген. Күртесі сап-сары, бәтеңкесі қоп-қоңыр түсті. Шалбары көкпеңбек. Анау жерде бір ер адам тұр. Ол қалың, қап-қара пәлте киіпті. Оның жанындағы әйел адамның сырт киімі тым қалың. Ол аяғына қып-қызыл етік киген. Басында аппақ баскиімі бар. Міне, автобус та келді.

**4.3.4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Жас қыз қалай киінген? Баяндаңыз.
- Жас жігіт қалай киінген?
- Ер адам үстіне не киген?
- Әйел адамның сырт киімі қандай? Ол аяғына не киген? Басында баскиімі бар ма?
- Сіз жаңбырлы күні қандай киім киесіз?

**4.3.5-тапсырма. Жақсы көретін стиліңіз туралы баяндаңыз.**

______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

**4.3.6-тапсырма. Мәтінде берілген сөздерді үлгі бойынша жазыңыз.**

| | -ырақ, -ірек, -рақ, -рек, -лау, -леу, -дау, -деу. | Күшейтпелі шырай | Тым, өте, әбден, нағыз |
|---|---|---|---|
| Жеңіл | ................ | ................ | ................ |
| Үлкен | ................ | ................ | ................ |
| Жас | ................ | ................ | ................ |
| Ақ | ................ | ................ | ................ |
| Қара | ................ | ................ | ................ |
| Сары | ................ | ................ | ................ |
| Қоңыр | ................ | ................ | ................ |
| Көк | ................ | ................ | ................ |
| қалың | ................ | ................ | ................ |
| қызыл | ................ | ................ | ................ |

**4.3.7-тапсырма. Сурет бойынша жазыңыз.**









*жаздық киім* ................ ................ ................









................ ................ ................ ................

**4.3.8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**
**Қажетті сөздерді орнына қойыңыз.** ***өте, тым, ең***

**Сәукеле** – ұзатылатын қыз киетін, .............. бағалы, биік төбелі баскиім. Қазақтың ұлттық баскиімдерінің бірі. Сәукелені өте бағалы тастармен, алтынмен, күміспен әшекейлейді. Сондықтан .............. қымбат болады.

**Тон** – қой немесе ешкінің терісінен тігілетін қысқы киім. Қой мен ешкінің терісінен тон тіккенде терінің жүні және тігісі ішіне қарайды. Сондықтан өте бағалы әрі .............. жылы сырт киім.

**Шапан** - қазақтың ... көп тараған бағалы сырт киімі. Шапанның жағасы тік немесе қайырмалы болады. .............. әдемі ою-өрнектермен безендіріледі. Қазақ халқында .............. қадірлі, сыйлы адамдарға шапан кигізу дәстүрі бар. Ерлер де, әйелдер де шапан киеді.

**4.3.9-тапсырма. Дұрыс/бұрысын белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Сәукеле - ұзатылатын қыз киетін бас киім. | ☐ | ☐ |
| Шапан тек қана ерлерге арналған. | ☐ | ☐ |
| Тон – қысқы сырт киім. | ☐ | ☐ |
| Сәукеле – күнделікті киетін бас киім. | ☐ | ☐ |
| Шапан – жазғы киім. | ☐ | ☐ |
| Сәукеле, тон, шапан – қазақтың өте бағалы ұлттық киімдері. | ☐ | ☐ |

**4.3.10-тапсырма. Сурет бойынша киімдерді топтастырыңыз.**














| Сырт киім | Жазғы киім | Баскиім | Аяқкиім |
|---|---|---|---|
| ........ | ........ | ........ | ........ |
| ........ | ........ | ........ | ........ |
| ........ | ........ | ........ | ........ |

**4.3.11-тапсырма. Берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| Өте ☐ | ☐ қалың |
| Тым ☐ | ☐ сары |
| Нағыз ☐ | ☐ қазақ |
| | ☐ әдемі |
| | ☐ маман |
| | ☐ сапалы |
| | ☐ қызық |
| | ☐ сәнді |
| | ☐ қара |
| | ☐ күлкілі |

**4.3.12-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**4.3.13-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Дүкенде қандай жеңілдік бар?
Сатып алушы жазғы киім алды ма, қысқы киім алды ма?
Сыйлыққа не берілді?
Былғары күрте неден жасалған?
Маусымдық тауарларға қандай жеңілдік бар?
Сатып алушы төлемді қалай жасады?

**4.3.14-тапсырма. Өте, тым, әбден, нағыз үстеулерімен жауап беріңіз.**

Жазғы киім қандай болу керек?
Қысқы киім қандай болу керек?

## 4.3 Маусымдық киім

**4.3.15-тапсырма. Сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Й | Б | Й | І | Н | Е | І | Ә | Ч |
| Ф | К | Е | К | Ү | Р | Т | Е | Ү |
| У | С | Б | Л | Е | Т | І | К | Е |
| Т | Ә | П | Ә | Д | Ң | И | Е | Т |
| Б | У | О | Ш | Т | Е | Ү | А | Ю |
| О | К | Й | А | Б | Е | М | Я | І |
| Л | Е | Е | Т | І | К | Н | Ш | М |
| К | Л | Ц | С | А | Г | М | К | Е |
| А | Е | Й | О | Е | Ә | Ф | Қ | Е |

Жазғы киім | Әйел киімі

Қысқы аяқкиім | Қазақ ұлттық баскиімі

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- Жазғы/қысқы/көктемгі/күзгі киім
- Сырт киім
- Пәлте
- Күрте
- Баскиім
- Қолғап
- Етік
- Бәтеңке
- Туфли
- Игілігіңізге киіңіз!

### *Мақал-мәтелдерді оқыңыз*

**Жылы киім тәнді жылытар,
Жылы сөз жанды жылытар.**

**Ағаш көркі – жапырақ,
адам көркі – шүберек.**

**Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.
Дос баска, дұшпан аякка карайды.**

**Жұмбақтарды шешіңіз.**

Дөңгелек өзі,
Төртеу көзі,
Ұстайды мықтап,
Тұрғанды сырттап.

Күні бойы сен оны
Екі аяқтап аласың.
Жатар кезде өзіңнен
Аулақтатып қашасың.

**«Қарлығаш» әнін тыңдаңыз .**



# 5 ДӘРІС

## ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

# ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

## 5.1 Мінез-құлық

5 ДӘРІС

**5.1.1-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

- Ержан, мен сені жақынырақ танығым келеді. Маған өзіңнің мінезің туралы айтып берші.

- Әрине, Айым. Мен сабырлы және мейірімдімін. Мен де сені жақсырақ танып, білгім келеді. Сен өзің туралы не айта аласың?

- Мінезім жібектей жұмсақ деп айта алмаймын. Мен де мейірімдімін, ашықпын, бірақ кейде сабырсызбын.

- Бұл қызық екен. Мысалы, сен қандай жағдайларда сабырсыз боласың?

- Көп күту керек болғанда сабырсызданамын немесе біреу сөзінде тұрмаса, ашуланамын.

- Түсінікті. Біреу сөзінде тұрмаса, ашулану – табиғи жағдай. Мен де кейде шыдамсыз боламын, әсіресе қарным ашқанда төзімсіз және ашулы боламын, бірақ спорт сабырлыққа үйретеді. Өзімді кереметпін деп ойламаймын. Аздаған жалқаулығым да бар.

- Ержан, сен қайырымдылық жасайсың ба?

- Әлбетте, қолымнан келгенінше қайырымдылық көрсетемін. Бұдан басқа, адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауға тырысамын. Сен көпшілсің бе?

- Иә, мен де ашықпын, көпшілікті жақсы көремін, көмектесемін. Біздің үйге қонақ көп келеді. Мен қонақтарды жақсы көремін, әкем сияқты аққөңілмін.

- Айым, қонақжай болғаның өте жақсы екен!

**5.1.2-тапсырма. Толтырыңыз.**



# ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

## 5.1 Мінез-құлық

### ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

**-ды, -ді, -ты, -ті** **-сыз, -сіз**

Менің досым өте қайырым**ды** адам, жағдайы жоқ адамдарға көмектесіп тұрады.
Білім**ді** мынды жығады.
Ол қайрат**ты** жігіт, әл**сіз**дерге көмектескенді ұнатады.
Әдеп**ті** жастар қашанда көрініп тұрады.
“Ақыл**сыз** ердің тілі — өз басының дұшпаны.”
Мейірім**сіз** жан бола ма?

**-дай, дей; -тай, -тей**

Арыстан**дай** айбатты
Көздері от**тай** жанды
Түлкі**дей** қу
Мінезі жібек**тей** жұмсақ
Аю**дай** ақырды
Талабы таудай

**5.1.3-тапсырма. Қажетті жалғауларды жалғаңыз.**

Ақыл.......... жастарды үлгі ету керек.
Қабілет.......... балалар бірден белгілі болады.
Әріптесім сүт.......... аппақ еді.
Бұл өмірде сен.......... дос бар ма?
Бұл мата барқыт.......... жұмсақ.
Аспандағы бұлттар мақта.......... аппақ.

**5.1.4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**

Мінез-құлық – адамның күнделікті өмірде өзін-өзі ұстауы және әрекет етуі. Әр адамның мінез-құлқы әртүрлі болады. Мейірімділік, адалдық, ізеттілік, сыйластық, әдептілік пен жауапкершілік – жақсы қасиеттер. Мейірімді адам басқаларға қамқорлық жасап, көмектеседі. Адал адам өтірік айтпайды, әрқашан дұрыс жолмен жүреді. Ізеттілік – адамдарға құрмет көрсету.
Сыйластық – бұл басқалардың пікірін тыңдау және құрметтеу. Әдептілік – бұл адамдармен қарым-қатынаста әдепті, сыпайы болу; мысалы, амандасу, ризашылық білдіру, кешірім сұрау – әдептілікті, сыпайылықты көрсетеді. Жауапкершілік – өз міндеттерін уақытында және дұрыс орындау. Осындай мінез ерекшеліктері өте маңызды. Дұрыс мінез-құлық – жақсы дос болуға және қоғамда жақсы қарым-қатынас орнатуға, үйлесімді өмір сүруге көмектеседі. Әрбір адам жақсы мінез-құлық көрсетсе, өмір сүру оңай болады.

### 5.1.5-тапсырма. Жазыңыз.

Мейірім .................................
Қайырым .................................
Қайрат .................................
Ақылды .................................
Жарам .................................
Білім .................................
Әдепті .................................
Ізет .................................

**+ді, +ды, +ты, +ті;** **+сыз, +сіз**

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- мейірімділік
- адалдық
- ізеттілік
- сыйластық
- жауапкершілік
- сабырлылық
- әдептілік
- қайырымдылық
- жалқаулық
- көпшілдік

### 5.1.6-тапсырма. Антонимдерді жазыңыз.

• мейірімсіз • өнерлі • әлді • сулы • сабырсыз • білімді • қайырымды • ақылды • әлсіз • қайырымсыз • білімсіз • көңілсіз • сусыз • ақылсыз • сабырлы • өнерсіз • көңілді • үйлі • үйсіз.

| мейірімді | мейірімсіз |
|---|---|
| | |

**+дай, +дей, +тай, +тей**


.................................


.................................


.................................

**+дай, +дей, +тай, +тей**







.................................... .................................... ....................................

**5.1.7-тапсырма. Сөздерді қажетті жеріне қойыңыз.**

• таудай • жаздай • арыстандай • алтындай • сүттей • жұлдыздай • жібектей

1. Әжем әрқашан ................................ жарқырап жүретін.
2. Балам, асқар ................................ биік бол!
3. Армысың, қазақтың ................................ ұлдары мен ................................ қыздары!
4. Бүгін ай ................................ жарық.
5. Қазақстанның болашағы - ................................ жарқыраған жастарда.
6. Жеңгемнің мінезі ................................ .

**5.1.8-тапсырма. Өлеңді оқыңыз. Тарыдай, таудай сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.**

Мектебің мынау класың,
Осында 10 жыл тұрасың.
**Тарыдай** болып кіресің,
**Таудай** болып шығасың.

**Жұмбақты шешіңіз**

Аппақ қардай,
Дәмі балдай.

**5.2.1-тапсырма. Төмендегі диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**



- Сәлем, Алма!
- Сәлем, Райхан!
- Қалайсың?
- Жақсы, сабақтан енді шықтым. Өзің қалайсың?
- Менде де бәрі жақсы. Ертең Ботагөздің туған күні ғой, не істейміз?
- Оған тосынсый жасап, туған күнін ерекше атап өтейік.
- Тамаша! Не жоспарлаймыз?
- Оның жақсы көретін тағамдарын дайындап, достарымызды шақырайық. Содан кейін ән айтайық.
- Керемет! Мен торт пісіріп келейін.
- Жақсы, мен пицца пісірейін. Гүл де алайық.
- Иә, міндетті түрде.

*(Ертеңінде Ботагөздің есігі қағылады, Ботагөз есікті ашады)*

Ботагөз: Сәлем, достар!

- Алма мен Райхан (достарымен бірге): Туған күніңмен, Ботагөз! Туған күнің құтты болсын!

Ботагөз: Бұл қандай керемет тосынсый! Өте қуаныштымын! Қош келдіңдер! Қалайсыңдар? Кіріңдер!

(Барлық достар жиналып, дастарқанға отырады)

Алма: Ботагөз, біз саған ән орындап берейік, тыңдашы.



*(Алма мен Райхан ән орындап береді)*

Ботагөз: Бұл керемет кеш болды! Сендерге көп-көп рақмет! Менің бүгінгі туған күнім ерекше өтті.

Достары: Біз де қуаныштымыз.

Райхан: Достық – бұл бір-бірімізге әрқашан қуаныш сыйлау.

- Сені жақсы көреміз!
- Мен де сендерді жақсы көремін!

**5.2.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Туған күн иесі кім?
Алма мен Райхан қандай жоспар құрды?
Тортты кім пісірді?
Пиццаны кім пісірді?
Достарымызды шақырып, ән айту кімнің ұсынысы еді?
Туған күн иесі тосынсыйға қуанды ма?
Достарына да кеш ұнады ма?
Сіз тосынсый жасағанды ұнатасыз ба?

## АУЫСПАЛЫ ӨТКЕН ШАҚ

***-атын; -етін + жіктеу***

**Ауыспалы өткен шақтың жіктелу үлгісі**

**Мысалдар:**

| **жақ** | **жекеше** | **көпше** |
|---|---|---|
| I<br>II<br>III | кие**тін**мін<br>кие**тін**сің / кие**тін**сіз<br>кие**тін** | кие**тін**біз<br>кие**тін**сіз / кие**тін**сіндер<br>кие**тін** |
| I<br>II<br>III | бар**атын** едім<br>бар**атын** едің / бар**атын** едіңіз<br>бар**атын** еді | бар**атын** едік<br>бар**атын** едіңдер / бар**атын** едіңіздер<br>бар**атын** еді |
| I<br>II<br>III | ки**мейтін**мін<br>ки**мейтін**сің / ки**мейтін**сіз<br>ки**мейтін** | ки**мейтін**біз<br>ки**мейтін**сіз / ки**мейтін**сіздер<br>ки**мейтін** |
| I<br>II<br>III | бар**майтын**мын<br>бар**майтын**сың / бар**майтын**сыз<br>бар**майтын** | бар**майтын**быз<br>бар**майтын**сыз / бар**майтын**сыздар<br>бар**майтын** |

## АУЫСПАЛЫ ӨТКЕН ШАҚ

***Мысалдар:***

Мен бала кезімде көп ойнамайтынмын.
Сен бала кезіңде отырған жеріңде ұйықтайтынсың.
Адамдардың мінез-құлқы, қарым-қатынасы туралы көп айтатынсыз.
Жасұлан тойда достарымен бірге домбырамен ән салатын.
Осы адам туралы көп айтатынсыз.
Сіздер кафеде әріптестеріңізбен отыратынсыздар.
Сізді анда-санда көретінбіз.
Мен достарыммен және әріптестеріммен жиі-жиі кездесетінмін.
Ол әріптестерімен аса жақсы қарым-қатынаста болмайтын.
Олар келешекті көп ойламайтын.

**5.2.3-тапсырма. Жоғарыдағы сөйлемдерде ауыспалы өткен шақтың астын сызыңыз.**

**5.2.4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**



Достық – бұл өте маңызды түсінік. Достар бірге уақыт өткізуді ұнатады. Қуанышты, бақытты сәттерді бірге бөліседі. Достарымен бірге болғанда адамдар өздерін еркін сезінеді. Шынайы дос тек қана жақсы күндерде емес, қиын күндерде де қасында болады. Қиын кездерде шын достар қолдау көрсетеді. Достықты сақтау үшін адал болу керек. Достар бір-бірін түсініп, сыйлап, бір-біріне көмектеседі. Шын достар бірін-бірі айтпаса да түсінеді, қиындықтарды бірге жеңеді. Шын достар бір-біріне өкпелесе де реніштері ұзаққа созылмайды, татуласады. Достық – өмір бойы жалғасатын ерекше қарым-қатынас.

## 5.2 Достық

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- бірге уақыт өткізу
- қуаныш
- бақыт
- сәт
- шын дос
- қиындық
- өкпе
- реніш
- өкпелеу
- татуласу
- реніш

**5.2.5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Достық деген не?

..............................................................................................................

..............................................................................................................

2. Шынайы дос қандай болады?

..............................................................................................................

..............................................................................................................

3. Достықты қалай сақтаймыз?

..............................................................................................................

..............................................................................................................

**5.2.6-тапсырма. Сіздің достарыңыз бар ма? Баяндаңыз.**

**5.2.7-тапсырма. Достарыңызбен қалай уақыт өткізесіздер/ өткізетін едіңіздер?**

**5.2.8-тапсырма. Диалогты оқыңыз. Қажетті сөздерді орналастырыңыз.**

теретінбіз • баратынбыз • тебетінбіз • қайтатынбыз • ойнайтынбыз • ауылдағыдай • ойнайтынбыз

- Әке, сіздің балалық шақтағы достарыңыз кім?
- Менің ауылда Жахан деген досым бар. Біз ауылда бірге ........................................
Жазда арыққа суға түсіп, бақшада алма ........................................ Асық, футбол, волейболды бірге ........................................ Қыста шанғы ........................................ Мектепке де бірге ........................................
- Бір сыныпта оқыдыңыз ба?
- Бір сыныпта оқымадық. Бір мектепте оқыдық. Сабақтан бірге ........................................
- Мен де ауылда тұрсам ғой.
- Қала ........................................ емес. Еркін ойнай алмайсың.
- Әке, демалыста ауылға барайық.
- Жақсы. Сабақ біткен соң ата-әжеңе апарамын.

**5.2.9-тапсырма. Сурет бойынша ауыспалы өткен шақта баяндаңыз.**










**5.2.10-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**



*Мен – Дениз Айдынмын. Қожа Ахмет Ясауи университеті журналистика факультетінің 1997 жылғы түлегімін. 1992-1997 жылдары бір топта оқыған досым Халилді іздеймін. Досым - әзірбайжан, тегі Азатов болатын. Баку қаласынан. Қара шашты, ұзын бойлы, сымбатты, ақылды жігіт болатын. Көзілдірік киетін. Университет кампусында бір жатақханада тұрдық. Ұзақ уақыт хабарласып тұратынбыз. Кейін телефон нөмірін ауыстырып жібергендіктен, байланыс үзілді. Әлеуметтік желіде ортақ таныстарымыз болса, байланыс нөмірін немесе мекенжайымен бөлісіңіздерші!*

**5.2.11-тапсырма. Мәтін бойынша сипаттаңыз.**

| | |
|---|---|
| Халил Азатов | ................................................................................ |
| | ................................................................................ |
| | ................................................................................ |
| | ................................................................................ |

**5.2.12-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.**

Біз мектепте ойна............. .
Құрбым ылғи әдемі ән сал............. .
Досым үнемі сабақтан қал............. .
Дәрістен соң жиі асханаға бар............. .
Досым кейде дәріске кешіг............. .
Студент кезде жиі балмұздақ же............. .

**5.3.1-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.**



- Сәлем, Диана! Қалың қалай?
- Сәлеметсіз бе, Дарын мырза! Жақсы, рақмет. Өзіңіз қалайсыз?
- Мен де жақсымын, рақмет. Жаңа жобамен жұмыс қалай жүріп жатыр?
- Жобаны әзірлеп жатырмын, бірақ сіздің көмегіңіз керек болар.
- Әрине, Диана! Қандай көмек керек?
- Мына құжаттарды сіз бір тексеріп беріңізші.
- Жарайды, түстен кейін қарармын, түске дейін кездесуім бар. Сенің жұмысыңа қолдау көрсетуге әрқашан дайынмын.
- Рақмет! Сіз тәжірибелі мамансыз, сол үшін сіздің көмегіңіз өте маңызды.
- Оқасы жоқ, біз әріптеспіз ғой, бір-бірімізге көмектесіп тұрамыз. Бірге жұмыс істесек, нәтиже жақсы болады.
- Дұрыс айтасыз. Бірге жұмыс істесек, бәрі оңайырақ болады.
- Иә, Диана, кез келген уақытта көмек сұрауыңа болады.
- Рақмет, Дарын мырза!
- Ендеше іске сәт!
- Рақмет, іске сәт!

**5.3.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Диана мен Дарын мырза бір-бірілеріне кім болып келеді?
Сіздің ойыңызша, Диана жас маман ба әлде тәжірибелі маман ба? Неге?
Дарын мырза қандай маман?
Ол Дианаға қолдау көрсетті ме? Сіз әріптестеріңізді қалай қолдайсыз?
Нәтиже қашан жақсы болады?
Сіздің ойыңызша, әріптестік қандай болу керек?

## КЕЛЕР ШАҚ. GELECEK ZAMAN.

**Болжалды келер шақ (Tahmini Gelecek Zaman)**

| Болжалды келер шақ | | |
|---|---|---|
| мен | Етістік + -ар, -ер, -р | -мын, -мін |
| сен / сендер | | -сың, -сің; -сыңдар, -сіңдер |
| ол | | - |
| біз | | -мыз, -міз |
| сіз /сіздер | | -сыз, -сіз; -сыздар, -сіздер |
| олар | | - |

**Мысалдар:**

| Болымды | Болымсыз |
|---|---|
| барармын<br>барармыз<br>барарсың<br>барарсыңдар<br>барарсыз<br>барарсыздар<br>барар | бармаспын<br>бармассыз<br>бармассың<br>бармассыңдар<br>бармассыз<br>бармассыздар<br>бармас |
| өтермін<br>өтерсің/сіңдер<br>өтер<br>өтерміз<br>өтерсіз / сіздер<br>өтер | өтпеспін<br>өтпессің/сіңдер<br>өтпес<br>өтпеспіз<br>өтпессіз /сіздер<br>өтпес |

### КЕЛЕР ШАҚ. GELECEK ZAMAN.

**Мысалдар:**

| Болымды | Болымсыз |
|---|---|
| Киім дүкеніне келесі аптада бар**ар**мын. | Мен енді компьютерлік ойын ойнауға барма**с**пын. |
| Сен көрмеге бар, мен балаға қар**ар**мын. | Сен бүгін кітап дүкеніне барма**с**сың. |
| Сен ертең студенттерге тойға байланысты ырымдарды түсіндір**ер**сің. | Ол ертең достары мен әріптестерімен кездесе алма**с**. |
| Бүгін күн салқын бол**ар**. | Біз биыл Түркияға барма**с**пыз. |
| Біз жазда теңізге демалуға бар**ар**мыз. | Сіз осы жазда демалуға бара алма**с**сыз. |
| Сіздер келесі жолы тағылымдамаға бар**ар**сыздар. | |
| Қонақтар сағат бесте кел**ер**. | Айлин кешікті, көрмеге келме**с**. |

**5.3.3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Сәлем, менің есімім – Дастан. Менің керемет жаңалығым бар. Мен жұмысқа тұрдым. Осы жұмысты армандаған едім. Бірақ бір мәселе бар, мен күні бойы кеңседе жұмыс істейтін боламын. Маған кеңсеге аптасына 5 күн бару керек болады. Кеңсе қатты алыс емес, дегенмен кептелісте тұрмас үшін үйден ертерек шығу керек.

Мен таңертең сағат 6-дан 15 минут кеткенде тұрамын. Тез душ қабылдап, таңғы ас ішемін. Содан кейін түскі асымды салып аламын. Шамамен сағат 7-де үйден шығамын. Менің кеңсем шамамен 30 минуттай жерде орналасқан. Кеңсеге ешкім жоқта ерте келгенді ұнатамын. Менің көп әріптестерім жұмысқа 8-ден кейін келеді.

Мен жұмысымды электронды поштамды тексеруден бастаймын. Содан кейін кешегі күннен қалған жұмыстарды аяқтаймын. Таңертең ешқандай кездесулерге



бармауға тырысамын. Осылайша, мен түске дейін көптеген жұмыстарымды істеп үлгеремін.

Біздің кеңсемізде шағын асүйіміз бар. Мен сонда әріптестеріммен бірге шай ішкенді жақсы көремін. Біз бір-бірімізді күнде көрмейміз, сондықтан шай ішіп отырып әңгімелескен керемет! Түстен кейін кофе алып, өз жұмыс орныма келемін. Түстен кейін уақыт баяу өтеді. Біз әріптестерімізбен жұмыста жобаларды, тапсырмаларды талқылаймыз, жұмысымызды жоспарлаймыз.

Кеңседен әдетте сағат тура 6-да шығамын. Нағыз кептеліс басталатын уақыт. Мен үйге келгенде әйелім мен балам мені күтіп отырады. Біз көбіне уақытымызды бірге өткіземіз. Ол туралы мен кейінірек айтып берермін!

**5.3.4-тапсырма. Мәтін бойынша Дастанның жұмыс кестесін жазыңыз. Мәтіндегі етістіктерді болжалды келер шақта жазыңыз.**

1. ..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................

2. ..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................
..................................................................................

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- жоба
- көмек
- тапсырма
- тексеру
- кептеліс
- үлгеру
- талқылау
- қолдау
- ұмтылу

**5.3.5-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**5.3.6-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.**

Барады • кейін келер • келе алмас • барар тағы • күтеді.

1. Апта соңы әріптестер демалыс орнына ..............................
2. Жас маман дәрігерге баратындықтан, түстен ..............................
3. Хатшы дәрігерге баратындықтан, кейін ..............................
4. Есепші шетелге саяхатқа кететіндіктен, кейін ..............................
5. Автобус жүргізушісі оларды офис алдында ..............................

**5.3.7-тапсырма. Берілген сөздер арқылы үлгі бойынша сөйлем жазыңыз.**

Жолда кептеліс болғандықтан, жұмысқа кешігіп барармыз

• Бару • кездесу • сөйлесу • айту • келу

..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................
..........................................................................................................................................

**5.3.8-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.**

• бармаспын • барармыз • барармын • келерсің
• барармыз • алар • отырмассың • қоймаспын • жинар

1. Мейрамхананың тамақтары ұнамады. Енді ол жерге .......................................
2. Келесі апта бәріміз киноға .......................................
3. Ауылға мен ....................................... немесе сен .......................................

4. Компьютерде көп .......................................
5. Мүмкін дүкен аралауға .......................................?
6. Майра құжаттарды өзі .......................................
7. Әкем үй алуға қаражат .......................................
8. Кітап оқуды ешқашан .......................................

**Мақал-мәтелдерді оқыңыз**

Ақылды дұшпан ақылсыз достан артық.

Білімдінің аузына мың қарайды,
Білімсіздің аузына кім қарайды.

Жолдасың көп болса,
Жалғызбын деме.

Заттың жаңасы жақсы,
Достың ескісі жақсы.



**Өлеңді оқыңыз.**

*Мен жастарға сенемін*

*Арыстандай айбатты,*
*Жолбарыстай қайратты -*
*Қырандай күшті қанатты.*
*Мен жастарға сенемін!*

*Көздерінде от ойнар,*
*Сөздерінде жалын бар,*
*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін!*

*Жас қырандар - балапан,*
*Жайып қанат ұмтылған.*
*Көздегені көк аспан.*
*Мен жастарға сенемін!*

*Жұмсақ мінез жібектер.*
*Сүттей таза жүректер.*
*Қасиетті тілектер -*
*Мен жастарға сенемін!*

*Тау суындай гүрілдер,*
*Айбынды алаш елім дер,*
*Алтын Арқа жерім дер,*
*Мен жастарға сенемін!*

*Мағжан Жұмабаев*

# 6 ДӘРІС

## ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР



# ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

## 6.1 Қоғамдық орындар

**6.1.1-тапсырма. Төмендегі полилогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

Арман: - Мехмет, сен түскі үзілісте тамаққа барасың ба ?

Мехмет: - Мен түсте кітапханаға барармын.

Арман: - Түстен кейін де сабағымыз бар. Қарның ашар. Бірге тамақтануға бармаймыз ба?

Мехмет: - Иә, тамақтансақ, жақсы болар еді, бірақ мен асхананың қайда екенін білмеймін.

Арман: - Мен саған көрсетейін, жүр.

Мехмет: - Рақмет, кеттік!

**Асханада**

Арман: - Мехмет, қара, осы жерден тамақтарды таңдаймыз.

Мехмет: - Бұл қандай тамақ?

Арман: - Бұл – көже. Ал бұл – қуырдақ.

Мехмет: - Мен мына тамаққа тапсырыс берейін деп едім, бұл тамақ қалай аталады?

Арман: - Бұл – палау. Ішінде ет, күріш, сәбіз және дәмдеуіштер бар. Сусын ішпейсің бе, айран, шай немесе су аласың ба?

Мехмет: - Айран алайын.

Арман: - Нан мен бауырсақ жегің келсе, олар мына жерде.

Мехмет: - Бауырсақ алайын. Біз Түркияда да осылай пісіреміз.

Арман: - Қазір тапсырыс берейік. Апай, өтініш, досыма палау, бауырсақ және айран, маған қуырдақ, нан мен қара шай беріңізші.

Асханадағы апай: - Мінеки, ас болсын!

Арман: - Жақсы, рақмет, апай!

Мехмет: - Ақшасын қай жерге төлейміз?

Арман: - Анау жерде касса бар, ақшасын сол жерге төлейміз. Жүр, бірге төлейік.

Кассир: - Екі мың үш жүз теңге. Картамен төлейсіз бе, қолма-қол ақшамен төлейсіз бе?

Мехмет: - Картамен төлейін, мінеки алыңыз.

Кассир: - Ас болсын!

Мехмет пен Арман: - Рақмет!

**6.1.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Мехмет қай жерден келген ?

Мехмет пен Арман түскі үзілісте қай жерге барды?

Палау қандай тағам?

Түркияда бауырсақ пісіре ме?

Мехмет қандай тамақтарға тапсырыс берді?

Ал Арман ше?

Мехмет қанша төледі? Қалай төледі?

**6.1.3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**



Бұл жігіттің есімі – Айбек. Ол «Мейрамхана ісі және қызмет көрсету» мамандығында оқиды. Ал кешке мейрамханада даяшы болып жұмыс істейді. Сабақтан шыққан соң кітапханада дәрістерге дайындалады. Содан кейін автобусқа мініп, мейрамханаға келеді. Ол үш айдан бері осында жұмыс істеп жүр. Күнде кешке төрт сағат бойы мейрамханаға келген адамдардан тапсырыс қабылдайды. Басында қиын болды, бірақ қазір үйреніп алды. Алдымен "Қош келдіңіз! Қандай тапсырыс берейін деп едіңіз?"- деп, мәзірді ұсынады. Одан кейін тапсырыстарды қағазға жазып алып, сусындарды сұрайды. Тапсырысты асүйдегі аспаздарға айтады. Ас дайын болғанда, мейрамхана қонақтарына ұсынады. Бұл мейрамхананың тамақтары өте дәмді, әсіресе қазақша ет, палау, манты, бауырсақ, қымызы керемет. Сол үшін қонақ та, тапсырыс та көп болады. Осы жерде оның бір досы да жұмыс істейді. Оның есімі – Талғат. Талғат тарих факультетінде оқиды. Талғат бір жылдан бері осы мейрамханада істейді. Ал тағы бір достары Нарғыз осы мейрамханада ән айтады. Ол консерваторияда оқиды. Нарғыз әнді керемет айтады. Айбек келешекте өз мейрамханасын ашуды армандайды. Ал Нарғыз танымал әнші болғысы келеді.

**6.1.4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Айбек қай факультетте оқиды?
Ол кешке қай жерде жұмыс істейді?
Ол алдымен қонақтарға не дейді?
Тапсырыс алғаннан кейін не істейді?
Айбек күніне неше сағат жұмыс істейді?
Қанша уақыттан бері даяшы болып істеп жүр?
Бұл мейрамхананың қандай тамақтары дәмді?
Нарғыз не істейді? Ол келешекте кім болғысы келеді?
Талғат қанша уақыттан бері даяшы болып істейді?
Айбек нені армандайды?

**етістік + -айын/-ейін, -айық/-ейік**

Мен тамаққа тапсырыс **берейін деп едім**.
Сен қандай тамақты ұнататыныңды **айтайын деп един**.
Сіз тамаққа **тұз салайын деп едіңіз**.
Ол бос табақтарды **алайын деп еді**.

Біз тамақты бірге **дайындайық деп едік**.
Сен азық-түлік **алайын деп едің**.
Сіз тамақ **пісірейін деген едіңіз**.
Ол кәмпит **жейін деп еді**.

Тапсырыс беруді үйрену
*Мархабат, өтініш*
*беріңізші, бересіз бе?*
*алсам бола ма?*

**Мысалдар:**

Мантыға тапсырыс берейін деп едім.
Өтініш, маған ыстық нан беріңізші.
Сүтпен шай алайын деп едім. Қант алсам бола ма?
Шұжық пен жұмыртқа алсам бола ма?
Ірімшік алайын деп едіңіз бе?
Бір қара шай, бір көк шай беріңізші.
Өтініш, ыстық шай беріңізші.
Мархабат, қолма-қол ақшамен төлейсіз бе?
Ақшасын картамен төлесем бола ма?

**6.1.5-тапсырма. Тамаққа тапсырыс беру диалогын құрастырыңыз.**

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

**6.1.6-тапсырма. Жоғарыда берілген мысалдар бойынша сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Мен сізді сыртта күт..............
2. Тамақтануға бірге бар..............
3. Кешке концертке кел.............. бе ?
4. Кешкі асқа сорпа қайнат.............. ба?
5. Тапсырмаларды бірге орын..............
6. Берілген мәтінді бірге оқи..............
7. Достармен  тамақтан..............
8. Өтініш, тапсырыс ал.............. ба?
9. Кинотеатрдан жаңа фильмді көр..............
10. Мен сізге шайға кел..............

**6.1.7-тапсырма. Төмендегі антонимдерді қолданып, сөйлем құраңыз:**

- ыстық - суық
- жұмсақ - қатты
- тәтті - ащы
- дәмді - дәмсіз

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

**6.1.8-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| | ☐ Студент |
| Айбек ☐ | ☐ даяшы |
| | ☐ 4 сағат жұмыс істейді |
| Талғат ☐ | ☐ тарих факультетінің студенті |
| | ☐ 1 жылдан бері мейрамханада жұмыс істейді |
| Нарғыз ☐ | ☐ консерваторияда оқиды |
| | ☐ танымал әнші болғысы келеді |
| | ☐ мейрамхана ашуды армандайды |

**6.1.9-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**6.1.10-тапсырма. Тыңдалым бойынша сәйкестендіріңіз.**









Асқар

Айдана







**6.1.11-тапсырма. Дұрыс, бұрысын анықтаңыз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Айдана қазақша етке тапсырып берді. | ☐ | ☐ |
| Асқар манты жеді. | ☐ | ☐ |
| Асқар тәтті жемеді. | ☐ | ☐ |
| Асқар пияз қосылған балғын салат жеді. | ☐ | ☐ |
| Айдана мен Асқар бауырсақ жеді. | ☐ | ☐ |
| Асқар тәттіге тапсырыс берді. | ☐ | ☐ |
| Олар сүт қосылған шай ішті. | ☐ | ☐ |

**6.1.12-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлемді аяқтаңыз.**

*- Лимон қосылған шай берейін бе?*
*- Иә, лимон қосылған шай беріңізші.*

1. Терезені ашайын ба?

........................................................................ .

2. Таксиге мінейік пе?

........................................................................ .

3. Кешкі асқа бәліш дайындайын ба?

........................................................................................ .

4. Сізге көмектесейін бе?

........................................................................ .

5. Қызыл көйлекті киейін бе?

........................................................................ .

**6.1.13-тапсырма. Төмендегі мәзір бойынша тапсырыс беріңіз. Не қалайсыз?**

**Сорпалар**
- Тауық сорпасы
- Саңырауқұлақ сорпасы
- Балық сорпасы

**1-тағам**
- Манты
- Қазақша ет
- Палау
- Нарын
- Қуырдақ
- Бургер

**Тіскебасарлар**
- Нан себеті
- Ірімшік
- Тауық етінен наггетс
- Тауық еті мен саңырауқұлақ қосылған құймақ
- Бауырсақ

**Салаттар**
- Сиыр етінен дайындалған жылы салат
- Тауық еті қосылған
- Цезарь салаты
- Қияр мен қызанақтан дайындалған салат

**Тәттілер**
- Жент
- Тоқаш
- Тирамису
- Алма бәліші
- Балқаймақ

**Сусындар**
- Қымыз
- Шұбат
- Лимонад
- Тарымен шай
- Сүт қосылған шай
- Су
- Алма шырыны
- Кофе

**6.1.14-тапсырма. Диалогтағы етістіктерді болжалды келер шақта аяқтаңыз.**

Ару: Сезім бұл апта түрік мейрамханасына тамақтануға барайық.
Сезім: Бұл апта емтихан аптасы. Емтиханға дайындал............. Бара ал.............
Ару: Онда Айнұрмен бар.............
Сезім: Бұл апта бар............. Келесі аптада бірге бар.............
Ару: Жақсы. Мен сенбі күні таңертең хабарлас.............
Сезім: Жақсы. Келістік.
Ару: Сенбі күні сағат 19.00-де ресторанның алдында кездес.............
Сезім: Келістік.

**6.1.15-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қолдана отырып Ару, Сезім және даяшы арасында полилог құрастырыңыз.**

Ас болсын! • ұнамады • тапсырыс берейін • дайындалу уақыты 20 минут • қолма-қол төлем • тәтті • түрік аспаз • палау • баклава • дәмді сорпа • ыстық тағамдар • барайық




.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

.......................................................................................................

**6.1.16-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | | |
|---|---|---|
| кәуап ☐ | ☐ |  |
| Палау ☐ | ☐ |  |
| Қуырылған картоп ☐ | ☐ |  |

6 ДӘРІС

# ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

## 6.1 Қоғамдық орындар

| | |
|---|---|
| Сүт қосылған шай ☐ | ☐  |
| Құрт ☐ | ☐  |
| Бәліш ☐ | ☐  |
| Самса ☐ | ☐  |
| Құймақ ☐ | ☐  |
| Асхана ☐ | ☐  |
| Мейрамхана ☐ | ☐  |
| Тойхана ☐ | ☐  |

**6.1.17-тапсырма. Сурет бойынша полилог құрыңыз.**




**6.1.18-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.**




1. Қазақтың ұлттық сусыны
2. Сүт өнімдерінен жасалатын тағам
3. Қазақ халқының ұлттық тағамы
4. Түйе сүтінен дайындалатын сусын

5


6


7


# ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

## 6.1 Қоғамдық орындар

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- асхана
- мейрамхана
- **Ас болсын!**
- **Қолыңыз дерт көрмесін!**
- түскі үзіліс
- даяшы
- мәзір
- тамақ/ ас
- тапсырыс беру
- палау
- қуырдақ
- бауырсақ
- дәмді

### Мақал-мәтелдерді оқыңыз

Ас – адамның арқауы.

Ертеңгі асты тастама,
Кешкі асқа қарама.

**Жұмбақты шешіңіз.**

Түсі аппақ қардай,
Тәттілігі балдай.

Дәмін татсаң – тәтті-ақ,
Түсін көрсең – аппақ.

**«Дастарқан» әнін тыңдаңыз.**

**6.2.1-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

Айгүл: - Сәлеметсіз бе!

Сатушы: - Сәлеметсіз бе!

Айгүл: - Маған алма мен апельсин керек еді. Алманың бағасы қанша?

Сатушы: - Алманың келісі 500 теңге.

Айгүл: - Жақсы, маған екі келі алма беріңізші. Ал апельсиннің бағасы қанша?

Сатушы: - Апельсиннің бағасы 600 теңге.

Айгүл: - Онда бір келі апельсин беріңізші. Қызанақ ше?

Сатушы: - Қызанақтың келісі 450 теңге.

Айгүл: - Жақсы, маған екі келі қызанақ қосыңызшы.

Сатушы: - Мына қиярдан алыңыз.

Айгүл: - Рақмет, үйде бар.

Сатушы: - Жарайды. Тағы бірдеңе аласыз ба? Бәрі жаңа келді, дәмді.

Айгүл: - Бір келі жүзім керек еді.

Сатушы: - Жүзім өте дәмді! Өзіңіз таңдаңыз!

Айгүл: - Рақмет, мына жүзім жақсырақ көрінеді. Бағасы қанша?

Сатушы: - Мына қара жүзімнің келісі 500 теңге, ал көк жүзім 300 теңге.

Айгүл: - Жақсы, маған бір келі қара жүзім және жарты келі көк жүзім беріңізші. Бананның келісі қанша?

Сатушы: - 1000 теңге.

Айгүл: - Қымбат екен. Арзанырақ жоқ па?

Сатушы: - Кішірек банандар бар, келісі 600 теңге.

Айгүл: - Содан бір келі беріңіз онда.

Сатушы: - Мінеки. Тағы не аласыз?

Айгүл: - Жоқ, жеткілікті. Барлығы қанша теңге болды?

Сатушы: - Барлығы 3750 теңге болды.

Айгүл: - Міне, ақшаны санап алыңыз. Рақмет!

Сатушы: - Сізге рақмет! Келіп тұрыңыз!

Айгүл: - Сауданыз сәтті болсын!

**6.2.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Алманың келісі неше теңге?
Апельсиннің келісі неше теңге?
Қызанақтың бағасы қанша?
Айгүл қияр алды ма?
Айгүл қандай жүзімнен қанша алды?
Айгүл қай жеміске қымбат екен деді?
Айгүл банан алды ма?
Айгүл барлығы неше теңгеге сауда жасады?

**6.2.3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**



Әлияш бос уақытында, әсіресе жексенбі күндері үйінің жанындағы сауда орталығына келгенді ұнатады. Әлияштың кішкентай балалары бар. Олар да осы сауда орталығында балаларға арналған ойын алаңында ойнағанды жақсы көреді. Әдетте олар 3-қабаттағы ойыншық дүкенінен әртүрлі ойыншықтар сатып алады. Кейде жоғары қабаттағы кинотеатрға барып, фильм тамашалайды. Әлияш 2-қабаттағы кітап дүкенінен балаларға кітаптар мен түрлі-түсті бояулар, қалам, қағаз бен қарындаш сатып алады. Осы қабатта балалар, әйелдер және ерлер үшін киім дүкендері мен аяқкиім дүкендері бар. Бұл жерден түрлі киімдер сатып алуға болады. Бірінші қабатта гипермаркет, тігін шеберханасы, дәріхана және дәмханалар бар. Гипермаркеттен үйге азық-түлік алады. Бұл сауда орталығы Әлияшқа ұнайды, себебі бұл жерде сауда жасап, отбасымен көңілді уақыт өткізеді.

**6.2.4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Әлияш жексенбі күндері қайда келеді?
Балалар бұл жерді не себепті жақсы көреді?
Ойыншық дүкені қай қабатта орналасқан?
2-қабатта қандай дүкендер бар?
1-қабатта қандай дүкендер бар?
Бұл сауда орталығы Әлияшқа неге ұнайды?

## САНДАР

**Есептік сан есімдер:**

Гүлназ **бір** сөмкеге **қырық сегіз мың** теңге төледі.
Ауданымызда **төрт** айдың ішінде **үш** жаңа асхана ашылды.
Бірінші қабатта **бес** дәмхана бар.
Шаштаразда **бес** адам кезек күтіп отыр.

**Реттік сан есімдер:**
*-ыншы, -ншы* *-інші, -нші*

Мерекенің **бірінші** күнінде сауда орталығында жеңілдіктер болады.
Нан алуға барсам, дүкенде ұзын кезек, **тоғызыншы** адам болып тұрдым.
Қарлығаш – университеттің **төртінші** курс студенті.
Бүгін мен **үшінші** рет тамақ ішіп отырмын.
Анкараға **бірінші** рет келіп тұрмын.

**6.2.5-тапсырма. Сіз сауда орталықтарын ұнатасыз ба? Себебін түсіндіріңіз.**

**6.2.6-тапсырма. Реттік сан есім жұрнақтарын жазыңыз.**

жүз.............
екі мың жиырма төрт.............
жиырма бір.............
жетпіс алты.............
қырық бес.............
жеті.............

**6.2.7тапсырма. . Есептік сан есімдерін жазыңыз.**



Қазақстан әлемде жер көлемі бойынша .................. орында




Қазақстанда халық саны бойынша
бір............. қала - ......................................

екі............. қала - ......................................

үш............. қала - ......................................

**-ғанда** **-қанда**
**-генде** **-кенде**

**Мысалдар:**
Кезекте күтіп тұр**ғанда**, сөмкесінде ақша жоқ екенін байқады.
Дүкенге азық-түлік алуға кел**генде**, әріптесін көрді.
Ол жұмыстан шық**қанда**, кеш болды.
Кезек күт**кенде**, сыпайы және сабырлы болған дұрыс.
Аяқкиім сатып ал**ғанда**, киіп көру керек.
Базарда көгөніс өлше**генде**, таразыға қарап тұрамын.

**6.2.9-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз.**

1. Базарға жиі барасыз ба? ................................................
2. Базарға кіммен барасыз? ................................................
3. Тамаққа онлайн тапсырыс бересіз бе? ................................................
4. Үйге қажетті заттарды қайдан аласыз? (супермаркет, базар) ................................................
................................................................................................
5. Киімді қайдан аласыз? (Сауда үйі, интернет дүкен, базар) ................................................
................................................................................................

**6.2.10-тапсырма. Тапсырыс бойынша диалог құрастырыңыз.**



- Алло, сәлеметсіз бе! Тамаққа тапсырыс беруге бола ма?
- Иә, әрине. Қандай тапсырыс бересіз?
- ................................................
................................................
................................................
................................................
................................................
................................................
- Жақсы. Тапсырысыңызды қабылдадым. Төлемді қалай жасайсыз?
- ................................................
- Жақсы. Мекенжайыңызды айтыңызшы.
- ................................................
................................................
- Тапсырысыңыз 30 минут ішінде мекенжайға жеткізіледі. Жеткізу тегін. Ас болсын!
- ................................................
- Рақмет! Сау болыңыз!

### 6.2.11-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Көйлек | ☐ | ☐ | Сауда орталығы |
| Жеміс-жидек | ☐ | ☐ | Базар |
| Азық-түлік | ☐ | ☐ | Киім дүкені |
| Ойыншық | ☐ | ☐ | Кітап дүкені |
| Кітап | ☐ | ☐ | Аяқкиім дүкені |
| Аяқкиім | ☐ | ☐ | Дәріхана |
| Дәрі-дәрмек | ☐ | ☐ | Азық-түлік дүкені |
| Көгөніс | ☐ | | |

### 6.2.12-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңыз.













**6.2.13-тапсырма. Қажетті қосымшаны жалғап, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

Пойыз станцияға кел......., жолаушылар жинала бастайды.
Аяжан дүкенге бар............, сауда жаса............, киім таңда............, киіп көре.............

**6.2.14-тапсырма. Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?**

***Мақал-мәтелдерді оқыңыз.***

Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.

**Базар** – ақшалыға базар,
Ақшасызға назар.
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

**Жұмбақты шешіңіз.**

Өзі ащы,
Бірақ, дәмді етер асты.

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- Сауда орталығы
- Азық-түлік дүкені
- Саудаңыз сәтті болсын!
- Киім дүкені
- Аяқкиім дүкені
- Балалар дүкені
- Кітап дүкені
- Базар
- Кезек
- Онлайн төлем

# ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

## 6.3 Халыққа қызмет көрсету

**6.3.1-тапсырма. Төмендегі полилогты оқыңыз және тыңдаңыз.**



Мехмет: - Арман, сәлем!

Арман: - Сәлем, Мехмет! Қалайсың?

Мехмет: - Бәрі жақсы. Қазақстанға үйреніп келемін. Маған сенің көмегің керек.

Арман: - Әрине, қолымнан келгенінше көмектесейін.

Мехмет: - Мен банктен есепшот ашуым керек, сабақтан кейін банкке бірге барсақ қалай қарайсың?

Арман: - Әлбетте, барайық!



***Банкте***

Мехмет: - Сәлеметсіз бе! Мен есепшот ашқым келеді. Қандай құжаттар қажет?

Банк қызметкері: - Сәлеметсіз бе! Шетелдіктерге банкте есепшот ашу үшін паспорт, көші-қоннан тіркелу туралы құжат қажет. Егер жұмыс немесе оқу визаңыз болса, оны да көрсетуіңіз керек. Сондай-ақ ЖСН-ыңыз бар ма? Жоқ болса, міндетті түрде алуыңыз керек.

Мехмет: - ЖСН деген не?

Банк қызметкері: - ЖСН деген – жеке сәйкестендіру нөмірі. Қазақстанда тұратын немесе жұмыс істейтін барлық адамға берілетін жеке нөмір.

Мехмет: - ЖСН қайдан және қалай алуыма болады?

Банк қызметкері: - Паспорт, тағы басқа қажетті құжаттарыңызды алып, жақын жердегі халыққа қызмет көрсету орталығына барыңыз.

Арман: - Мехмет, жақын жерде бар, мен білемін. Жүр, кеттік!

**6.3.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Мехметке қандай көмек керек?

Мехмет пен Арман қайда барды?

Шетелдіктерге банктен есепшот ашу үшін қандай құжаттар қажет?

ЖСН деген не?

ЖСН қайдан алуға болады?

Сіз банкте есепшот ашып көрдіңіз бе?

Ол үшін қандай құжаттар керек?

**6.3.3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**

## Ауруханада



Бүгін інім Аманның іші ауырды. Сол себепті ауруханаға бардық. Ауруханада кезек көп болды. Аман тіркеуге барып, төлқұжатын берді, содан кейін бірқатар уақыт кезек күтіп отырдық. Біраздан кейін медбике Аманды шақырды.

Аман дәрігердің бөлмесіне кірді. Дәрігер: "Қай жерің ауырып тұр?" – деп сұрады. Аман: "Ішім ауырып тұр," – деді. Дәрігер көптеген сұрақ қойды. Медбике Аманның дене қызуын өлшеді. Дәрігер оған бірнеше дәрі жазып берді. Сонымен қатарініме: "Демалу керек, көп су іш," – деп кеңес берді. Аман дәрігерге алғысын айтты.

Ауруханадан шыққанда, күтпеген оқиға болды. Күту залына бір топ адам кірді, олар түрлі жануарлардың және мультфильм кейіпкерлерінің киімдерін киіп алған. Бір кезде аю билей бастады. Ал қоян балаларға ойыншықтар таратып жүрді. Бұлардың түгелі eріктілер екен, олар балаларға концерт ұйымдастырды. Бәрі бірге ән айтты, би биледі. Балалардың бәрі қуанып, көбі кейіпкерлермен ойнап, билеп, суретке түсті. Ересектер де, балалар да түгел күліп, көңіл көтерді. Науқас балалар жазылып кеткендей болды. Аман да өзін жақсы сезінді.

Ауруханадан шыққаннан кейін, дәріханаға бардық. Дәрі сатып алдық. Інім дәрілерді күніне үш рет ішуі керек. Бес күннен кейін дәрігерге қайта барады.

**6.3.4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Аман не себепті ауруханаға барды?
Дәрігер не сұрады? Қандай кеңес берді?
Дәрігер дәрі жазып берді ме?
Ауруханада қандай күтпеген оқиға болды?
Аман ауруханадан шыққаннан кейін қайда барды?
Сіз ауруханаға жиі барасыз ба?

**Жалпылау есімдігі:**
**барлық = бүкіл = барша = түгел = бәрі**

**Белгісіздік есімдігі:**
**көптеген, бір топ, бірқатар, бірнеше, кейбір, бірдеңе, әрқайсы**

**Болымсыздық есімдігі:**
**Ешкім, ештеңе, ешқайсы, ешбір**

**Мысалдар:**
**Барлық** адамдар денсаулығын күту керек.
**Бүкіл** адамдар алаңға жиналды.
**Барша**ңызға алғыс айтамын!
Наурызға **түгел/бәрің** келіңдер.
**Бәріміз** бірге шығайық.
**Көптеген** адамдар кезекте тұр.
**Бір топ** адам жиналып кинотеатрға бардық.
**Бірқатар** кинотеатрларда Ахмет Байтұрсынұлы туралы фильм көрсетіліп жатыр.
**Бірнеше** студент концертке келе алмады.
**Кейбір** адамдар шет тілдерді тез үйренеді.
**Әрқайсымыз** көмектесуге дайынбыз.
Бұл жаңалықты **ешқайсымыз** естімедік.
Дүкеннен **ештеңе** алмадық.
Дәріске **ешкім** кешіккен жоқ.
**Ешбір** жақсылық ұмытылмайды.

**6.3.5-тапсырма. Халыққа қызмет көрсету орталығына бардыңыз ба? Ең соңғы рет қандай құжат жасаттыңыз.**

**6.3.6-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

1



2


3


4


5


6


7


8


| | | | |
|---|---|---|---|
| Мәдениет үйі | ☐ | ☐ | 1 |
| Емхана | ☐ | ☐ | 2 |
| Нотариус | ☐ | ☐ | 3 |
| Халықа қызмет көрсету орталығы | ☐ | ☐ | 4 |
| әкімдік | ☐ | ☐ | 5 |
| Дәріхана | ☐ | ☐ | 6 |
| Банк | ☐ | ☐ | 7 |
| Мәдениет үйі | ☐ | ☐ | 8 |

**6.3.7тапсырма. Берілген сөздерді қолданып, бос орындарды толтырыңыз.**

түгел • барлық • бүкіл • ештеңе • барша • бәрі • ешкім

........................ қатысушыларға сәттілік тілейміз.

Туристер ........................ Қазақстанды аралап шықты.

........................ әлемге танымал әнші – Димаш Құдайберген.

........................ түркі жұрты қатысқан конференция өтті.

Бүгінгі сабаққа ...................... жақсы қатысты.
Атам сияқты ...................... ертегі айта алмайды.
Дүкеннен ...................... керек емес.

**6.3.8-тапсырма. Тыңдаңыз.**

## *Халыққа қызмет көрсету орталығы*

Қазақстанда барлық құжаттар халыққа қызмет көрсету орталықтарында жасалады. Барша облыс, аудан, қалаларда орталықтар бар. Жеке куәлік, паспорт, үй төлқұжаты, неке қию, жұмыспен қамту, мектепке, балабақшаға қабылдау – барлығы бір орталықтан жүргізіледі. Орталықта бірнеше маман www.egov.kz жүйесімен жұмыс істейді. Әрқайсы тәжірибелі әрі жылдам. Көптеген құжаттар жылдам әрі электронды түрде жасалады. Мен де 16 жасқа толған соң жеке куәлігімді қызмету көрсету орталығында жасатамын.

**6.3.9-тапсырма. Тыңдалым бойынша дұрыс, бұрысын анықтаңыз.**

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Халыққа қызмет көрсету орталығы www.egov.kz жүйесімен жұмыс істейді. | | |
| Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) тек қана облыстарда бар. | | |
| ХҚКО-да тек қана жеке куәлік пен паспорт жасалады. | | |
| Орталықта электронды кезек қызметі бар. | | |
| Орталық мамандары баяу әрі тәжірибесіз. | | |

**6.3.10-тапсырма. Көп нүктенің орнына берілген сөздерді қойыңыз.**

• Бірнеше • кейбір • көптеген • бірдеңе • бірқатар • бір топ

Біз ........................ жаңалықтарды теледидардан естиміз.

Қазақстанның ........................ облысында жаңбыр жауады.

........................ құрбым шетелде білім алып жатыр.

........................ құжаттарды аудару керек.

Алыстан ........................ көрінді.

........................ бала аулада доп ойнап жүр.

**6.3.11-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрастырыңыз.**



# 6.3 Халыққа қызмет көрсету

## ЖАҢА СӨЗДЕР

- Халыққа қызмет көрсету орталығы
- Төлқұжат
- Аурухана
- Жеке куәлік
- Елшілік
- Кезек
- Тіркелу

## Мақал-мәтелдерді оқыңыз

Жылтырағанның бәрі алтын емес.

Соқыр тауыққа бәрі бидай.

Біреу тойып секіреді,
Біреу тоңып секіреді.

Ти десем тимейді,
Тиме десем тиеді.

Нарда бар, малда жоқ.
Нанда бар, қарда жоқ.

# 7 ДӘРІС

## ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР



7 ДӘРІС

# САЯХАТ

## 7.1 Саяхатқа дайындық

**7.1.1-тапсырма. Төмендегі полилогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

Фатма: - Айше, Алматыдағы жазғы мектебіміз бітуге жақындап қалды. Дәрістеріміз біткеннен кейін, Қазақстанның көрікті жерлерін бірге аралайықшы.

Айше: - Фатма, мен де осыны ойлап жүр едім. Мен бала кезімнен бері Түркістан қаласын көруді армандайтынмын.



Фатма: - Сенесің бе, мен де Түркістанға барғым келеді!

Айше: - Шын ба, қандай керемет! Мен Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесін көргім келеді.

Фатма: - Мен де! Айсезім Шымкенттен ғой, құрбымыздан көмек сұрайық.

Айше: - Сұрайық.

Фатма: - Айсезім, біз дәрістеріміз біткеннен кейін Түркістанға барайық деп шештік. Сенің ойыңша, қалай барғанымыз дұрыс болады?

Айсезім: - Бұл керемет шешім! Қазақстанға келгеннен кейін, Түркістанды міндетті түрде көру керек деп ойлаймын. Түркістанға ұшақпен, пойызбен немесе автобуспен баруға болады. Мен сендерге пойызбен баруға кеңес беремін. Дәріс біткеннен кейін бірге барайық!

**7.1.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Айше мен Фатма Алматыға қай елден келген?
Олардың қайда барғылары келеді?
Айшенің бала кезден арманы қандай?
Түркістанға немен баруға болады?
Айсезім қыздарға немен баруға кеңес берді?
Олар қашан барады?
Айше мен Фатма кіммен барады?

**7.1.3-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңыз. Түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**

Фатма мен Айше – Түркиядан келген студенттер. Олар Шымкент пен Түркістанды аралағысы келеді.




Фатма мен Айше интернеттен Шымкенттің тарихи орындары мен мәдениеті туралы көп ақпарат тапты. Олар әсіресе, Шымкенттің базарларында сатылатын ұлттық киімдер мен қолөнер бұйымдарын көргілері келеді. Өздеріне қазақ ұлттық киімдерінен сатып алып, Түркияға алып кеткілері келеді.

Ал Түркістан қаласы олар үшін ерекше қызықты. Түркістан – Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен танымал, тарихи қала. Олар осы кесене туралы оқып, оның тарихымен танысты.




Айше мен Фатма Түркістанның ежелгі Жібек жолымен саяхаттағысы келіп, жоспарлап жатыр. Олар осы сапар туралы құрбылары Айсезімен кеңесті.

**7.1.4-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Фатма мен Айше Қазақстанның қай қалаларын аралағылары келеді?
Шымкент қаласында Фатма мен Айше қайда баруды және нені жоспарлап отыр?
Түркістанда Фатма мен Айше қайда барады?
Түркістандағы ежелгі жолдың аты не?
Фатма мен Айше осы саяхат туралы кіммен кеңесті?

# 7 ДӘРІС

# САЯХАТ

## 7.1 Саяхатқа дайындық

### СЕПТІКТЕР

| Табыс септігі: Кімді/нені? |
|---|
| +н; |
| +ны, +ні; |
| +ды, +ді; |
| +ты, +ті |

**Мысалдар:**

Ол әуежайда ұшаққа отыру үшін **анасын** күтіп отыр.

Сіз Қазақстанның көрікті қаласы **Алматыны** көрдіңіз бе?

Осы жолы әлемнің керемет жерлерінің бірі **Памуккалені** де көріңіз.

Осы аптада Өскеменде **әріптесімді** кездестірдім.

Алыста жүргенде, **үйімді** сағынамын.

**Бішкекті** көру үшін Алматыдан көлікпен жолға шықтық.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

- саяхат
- ұшақ
- пойыз
- көрікті жер
- көмек сұрау
- жоспар, жоспарлау
- кесене
- сапар
- қонақүй
- аралау

| Барыс септігі: Қайда? Кімге? Неге? |
|---|
| +а, +е; |
| +ға, +ге; |
| +қа, +ке; |
| +ған (маған, оған, саған) |

**Мысалдар:**

Менің **үйіме** достарым келді.

Қазақстанда туристердің көбі **Алматыға** және **Астанаға** келеді.

Мен **оған** ұшақпен баруға кеңес бердім.

Сіз **маған** көмектесе аласыз ба?

Мен **саған** Денизлиге барайық дедім.

**Қонақүйге** тіркелейік.

**7.1.5-тапсырма. Сурет бойынша сөйлемді аяқтаңыз.**



Жолаушылар аялдама..........
................................ күтіп тұр.



Жолаушылар ........................... күтіп тұр.



Жолаушылар вокзал..........
................................ күтіп отыр.



Жолаушылар әуежай..........
................................ күтіп отыр.




Мектеп автобусы аялдамада
................................ күтіп тұр.




Туристер қонақүйде ................................
күтіп тұр.

# САЯХАТ

## 7.1 Саяхатқа дайындық

**7.1.6-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**7.1.7-тапсырма. Диалог бойынша сұрақтар құраңыз.**

**7.1.8-тапсырма. Диалог бойынша толтырыңыз. Үлгі.**

| Кім ? | Қайда? | Кіммен? | Неге? |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7.1.9-тапсырма. Соңғы саяхатыңыз туралы баяндаңыз.**

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

**7.1.10-тапсырма. Толықтырыңыз.**

Менің ана........ түрік телехикаяларын қатты жақсы көреді. ...................... арманы Түркия........ саяхатқа бару. Ол Ыстанбұл қаласының тарихи жерлері........, Босфор бұғазы........ көргісі келеді. Мен ...................... тосынсый дайындадым. Маусым айына Ыстанбұл........ жолдама алдым. Ыстанбұл, Каппадокия және Анталия........ барады. Анам түрік шайы мен тәттілер........ жақсы көреді. Ақтау........ Ыстанбұл........ ұшады. Мен анам үшін өте қуаныштымын.

**7.1.11-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**




Туристер қай мемлекеттен келген?

Туристер қай қалаларға саяхаттады?

Туристер Астанадан Бурабайға немен барды?

Алматыдан Ақтауға немен барды?

Туристер қайда барды?

**7.1.12-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрастырыңыз.**









# 7 ДӘРІС

# САЯХАТ

## 7.1 Саяхатқа дайындық











**7.1.13-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

Ас болсын! ☐

Жақсы демалыс болсын! ☐

Сау бол! Көп жаса! ☐

Ақ жол! Жолыңыз болсын! Сәт сапар! ☐

☐ 

☐ 

☐ 

☐ 

# САЯХАТ

## 7.1 Саяхатқа дайындық

7 ДӘРІС

**7.1.14-тапсырма. Берілген хабарландыруды оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**



**ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ**

9 түн 10 күндік атажұртымыз Қазақстанға саяхат

**Визасыз**

Алматы, Түркістан, Қызылорда,
Ақтау, Астана қалаларына саяхат

Ыстанбұл-Алматы, Астана-Ыстанбұл
арнайы гидпен саяхат

**Қалалар арасында жайлы автобуспен саяхат**

Медеу, Шымбұлақ, Көктөбе, Шарын шатқалы,
Ахмет Ясауи кесенесі, «Керуен сарай» туристер кешені,
Қорқыт ата кешені, Каспий теңізі, Бозжыра,

**Бәйтерек, «Хан шатыр» сауда үйі, Бурабай**

**Мерзімі:** 01.10.2024 -12.10.2024

***5 жұлдызды қонақүй***
***Студенттер мен оқушыларға жеңілдік қарастырылған.***

Байланыс телефоны:



1. Саяхатта кімдерге жеңілдік қарастырылған?

*Студенттер мен оқушыларға жеңілдік бар.*

2. Саяхаттаушылар қайда барады?

.............................................................................................................................................

3. ..........................................................................................................................................?

Саяхаттаушылар арнайы гидпен барады.

4. ..........................................................................................................................................?

Қалалар арасында автобуспен саяхаттайды.

5. Қазақстанға қашан барады?

.............................................................................................................................................

6. ..........................................................................................................................................?

Туристер 5 жұлдызды қонақүйде қалады.

**7.1.15-тапсырма. Төменде берілген сөздерге тиісті жалғауларды жалғап сөйлем құраңыз.**

түркиялық/ алды / дүкен/жақындары/ кәдесыйлар /қонақтар.

................................................................................................................................................

апардық / қала/көрнекті жерлері /туристер /.

................................................................................................................................................

көрнекті жерлері/туристер/қала/ /көрді.

................................................................................................................................................

орналасты / орталықта/ қонақүй/ қала қонақтар.

................................................................................................................................................

Қазақстан/шетелдік достар/көру/ келеді/ менің.

................................................................................................................................................

**7.1.16-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.**




**Dikey (Тігінен)**
4. Қазақстанның көне қаласы.
5. Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан қала.

**Yatay (Көлденеңінен)**
1. Астана қаласында орналасқан көрнекті орын.
2. Алматыда орналасқан көрнекті орын.
3. Қорқыт ата кешені орналасқан қала.

## 7.2 Отандық туризм

**7.2.1-тапсырма. Төмендегі полилогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

Фатма: - Айше, біз Шымкентке пойызбен барамыз ғой, солай ма?

Айше: - Иә, Фатма. Пойызбен бару ыңғайлы болар. Бүгін билет аламыз ба?

Фатма: - Иә, алайық. Интернеттен алайық па, вокзалда кассадан алайық па?

Айше: - Вокзалдан алғанымыз дұрыс болар.

(Екеуі Алматы вокзалына келеді.)

Айше: - Фатма, қара, міне, Алматыдан Шымкентке дейін сағат 8:00-де, 12:00-де, 20:00-де пойыздар бар екен.

Фатма: - Пойызбен 10 сағатта жетеміз. Кешкі пойызды таңдасақ, таңертең Шымкентте боламыз.

Айше: - Иә, кешкі 8:00-дегі пойыз қолайлы сияқты. Енді кассаға барайық.



*(Олар кассаға келеді)*

Фатма: - Сәлеметсіз бе! Бізге Алматыдан Шымкентке екі билет керек еді.

Кассир: - Сәлеметсіздер ме! Қай уақыттағы пойызға билет аласыздар?

Айше: - Кешкі 8:00-дегі пойызға екі билет керек.

Кассир: - Жақсы. Сіздерге плацкарт керек пе, купе ме?

Фатма: - Купе жақсы болар еді.

Кассир: - Купеде екі орын бар. Бағасы әрқайсыңызға 8000 теңгеден.

Айше: - Міне, 16000 теңге.

Кассир: - Паспорт немесе төлқұжаттарыңызды көрсете аласыздар ма?

Айше: - Әрине, мінеки.

*(Кассир паспорттарды қарап, ақшаны қабылдап, билеттерді басып шығарады.)*

Кассир: - Міне, сіздердің билеттеріңіз. Сәт сапар!

Фатма: - Рақмет! Сау болыңыз!

Айше: - Көп рақмет!

**7.2.2-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Фатма мен Айше Алматы вокзалына не үшін келді?
Шымкентке қай уақыттарда пойыз бар екен?
Олар сағат нешедегі пойызды таңдады?
Кассир қандай вагон түрлерін сұрады?
Фатма мен Айше қай вагон түрін таңдады?
Бір билеттің бағасы қанша?
Кассир қандай құжат сұрады?

**7.2.3-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңыз. Түсінбеген сөздерді сөздіктен табыңыз.**






Айше, Фатма мен Айсезім Шымкентті аралауға шықты. Олар алдымен, Шымкенттің орталығындағы дендропаркке барды. Дендропарк біп-биік ағаштарымен, әп-әдемі өсімдіктерімен және тап-таза ауасымен Айше мен Фатмаға өте ұнады. Қыздар бақта серуендеп, көп суретке түсті.

Одан кейін олар Шымкенттің көрнекті орындарының бірі – Тәуелсіздік саябағына барды. Бұл жерде Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған ескерткіш бар. Айсезім достарына ескерткіштің тарихы туралы айтып берді.

Шымкенттен шыққан соң, олар көлікпен Түркістанға қарай жолға шықты. Түркістанға жақындағанда, олар ең алдымен, Арыстанбаб кесенесіне, содан кейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті. Үш құрбы кесене ішінде экскурсияға қатысып, оның тарихы туралы көбірек мағлұмат алды.

Саяхат аяқталғаннан кейін, олар ұлттық мейрамханада тамақтанды. Мейрамханадан жақсы көңіл-күймен шыққан достар қонақүйге орналасты.

Бұл саяхат олар үшін ұмытылмас сапар болды. Айше мен Фатма "Түркістан – шынымен де түркі әлемінің тарихи және рухани астанасы екен!" - деп, достары Айсезімге риза болып, қайта-қайта алғыс айтты.

### 7.2.4-тапсырма. Төмендегі.

Айше, Фатма және Айсезім қай қалаға саяхатқа шықты?
Олар ең алдымен қай жерге барды?
Дендропаркте достар не істеді?
Шымкенттің орталығында қандай саябаққа барды?
Түркістанның қай жерлеріне барды?
Саяхат аяқталғаннан кейін олар қайда барды?
Бұл саяхат достарға ұнады ма?

### 7.2.5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Айше, Фатма және Айсезім құрбылар. | | |
| Құрбылар Алматыны аралады. | | |
| Олар ұлттық тағамнан дәм татты. | | |
| Мұражайларға барды. | | |
| Түркістанға пойызбен барды. | | |
| Құрбылар Түркістан, Шымкент қалаларын аралады. | | |
| Қонақтар кесенелердің тарихы туралы мағлұмат алды. | | |

**болжамды мән**
... шығар
.... сияқты
... секілді, тәрізді
ықтимал: мүмкін/ бәлкім

Биыл Алматыға саяхатқа бармайтын шығармыз.
Ол мұражайлардың бәрін білетін сияқты.
Ертең кешке Семейге баруымыз мүмкін.

## 7.2 Отандық туризм

Көлсай туралы көп адам білсе де, кейбіреулер бұл жерді білмейтін секілді.
Ол әлі Каспий теңізінің жағалауына бармаған сияқты.
Бүгін әлі саяхаттан қайтпайтын сияқты, ертең келуі мүмкін.
Оның билеті жоқ шығар.
Шетелге мүмкін кейінірек барармыз.
Бәлкім ешқайда бармайтын шығармыз.

**7.2.6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Қазақстан – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, тарихи және көрікті жерлері көп. Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан, Ақтау, Семей, Қызылорда, Астана қалаларына туристер көп келеді. Каспий теңізі, Алакөл, Бурабай, Алтынемелдің ғажап табиғатына адамдар қызығады.

Алматыдан 280 шақырым жерде таулардың арасында «Көлсай», «Қайынды көл» орналасқан. Онда ауа райы демалу және емделу үшін қолайлы.

Шығыс Қазақстанда атақты «Алакөл» бар. Бұл жаққа адамдар суға шомылу үшін және балық аулау үшін барады. Алакөлдің суы денсаулыққа пайдалы. Себебі мұнда минералдар, химиялық элементтер көп.

Қазақстанда Іле Алатауы, Алтай, Баянауыл, Тарбағатай таулары бар. Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық, Нарын өзендері, Балқаш, Зайсан, Алакөл, Маркакөл көлдері бар.

Қазақстан Түркия азаматтарына 30 күндік визасыз келу мүмкіндігін қарастырған.

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

- қонақүй
- алғыс айту
- риза болу
- суретке түсу
- ескерткіш
- саябақ
- сапар
- Сәт сапар!



### 7.2.7-тапсырма. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| | ☐ Іле Алатауы |
| Таулар ☐ | ☐ Балқаш |
| | ☐ Зайсан |
| | ☐ Алтай |
| Көлдер ☐ | ☐ Түркия |
| | ☐ Есіл |
| | ☐ Баянауыл |
| Алматыдан 280 км қашықтықтағы табиғи нысан ☐ | ☐ Тарбағатай |
| | ☐ Ертіс |
| | ☐ Нарын |
| | ☐ Жайық |
| 30 күндік визасыз келу ☐ | ☐ Қайыңды көл |
| | ☐ Сырдария |

### 7.2.8-тапсырма. Сөйлемді аяқтаңыз.

тиіс • қажет • мүмкін • қажет • емес

Шетелдік студенттер біздің университетке келуі ....................

Түркия азаматтары Қазақстанға бару үшін виза ....................

Шетелге шығу үшін паспорт ....................

Шетелден келген жолаушылар кеденнен өтуі ....................

Қонақүйге орналасу үшін төлқұжат ....................

Осы жылы шетелге демалысқа баруым ....................

Бізге гид қызметі ....................

**7.2.9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**



Балжан қазақстандық туристік агенттікте жұмыс істейді. Туристерге ел аралауға көмектеседі. Арнайы авторлық тур бағдарламалары бар. Ол Қазақстанда туризмнің дамуына өте қуанышты. Туризм саласының маманы ретінде оның бізге кеңестері бар. Шетелге шығатын немесе шетелден келетін туристерге мына нәрселерді ескеру керек. Туристер үшін бастысы – паспорт және виза. Паспорттары мен маңызды құжаттары әрқашан жанында болуы тиіс. Шетелде қолма-қол ақша аса қажет. Банк картасымен бірге қолма-қол ақша болуы керек. Африка мемлекеттеріне баратын туристердің міндетті түрде екпе жасатуы керек.

**7.2.10-тапсырма. Мәтін бойынша жазыңыз.**

| Тиіс | Қажет/керек |
|---|---|
| *паспорт* | ........................ |
| ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ |
| ........................ | ........................ |

**7.2.11-тапсырма. Полилогты оқыңыз. Қажетті сөздерді орнына қойыңыз. Сөйлемді аяқтаңыз.**

шығар • сияқты • мүмкін

- Сәлеметсіз Балжан ханым!
- Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз! Жайғасыңыз. Биыл қайда барамыз демалысқа?

- Рақмет, Балжан ханым. Мен демалысқа Грузия мен Түркияға барғым келеді. Алдымен Грузияда демалып, кейін Батуми арқылы Түркияға ұшу қолайлы ....... .



- Иә, Грузияның бірнеше қаласын аралап, Батуми арқылы Түркияның Қара теңіз аймағына ұшуға болады.
- Қара теңіз аймағынан Ыстанбұлға бару қолайлы ..........?
- Иә, автобуспен немесе ұшақпен бара аласыз.
- Ендеше бізге нақты бағдарлама дайындасаңыз.
- Жақсы. Мен ұшақ рейстері мен қонақүйді нақтылап сізге хабар беремін. Бүгін кешке дейін хабарласуым...........
- Жақсы. Хабар күтемін.

**7.2.12-тапсырма. Туған жеріңіздегі туристік орындар туралы баяндаңыз.**

**7.3.1-тапсырма. Төмендегі диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**



- Сәлем, қайда барасың?
- Сәлем, мен Анкараға ұшамын бүгін.
- Мен де бүгін кешке Анкараға ұшамын.
- Шынымен бе, сен нешеде ұшасың?
- Мен сағат 18.15 ұшамын.
- Анкарада неше күн боласың?
- Шамамен 2 апта боламын, жұмыспен бара жатырмын. Мен көбірек қалар едім, Түркияда саяхаттағым келеді. Қазақстандықтарға Түркияда визасыз 1 ай жүруге болады, бәлкім жақында тағы бір барармын.
- Сен тікелей рейспен барасың ба?
- Жоқ, Германия арқылы ұшамын. Мен билеттерді тым кеш броньдадым, сондықтан тікелей рейске билет ала алмадым.
- Әуежайға дейін қалай жетесің?
- Таксимен жетемін.
- Бірге барайық, мен сені апарып тастай аламын.
- Шынымен бе?! Өте жақсы болар еді!
- Сенде жүк бар ма?
- Жоқ, қол жүгім ғана бар. Мен сапарға шыққанда көп жүк алмаймын.
апай: Teyze, abla, hanımefendi.

армандау: Hayal etmek.

ас болсын: Afiyet olsun.

ас мәзірі: Yemek menüsü.

аспаз: Aşçı.

асүй: Mutfak.

ащы: Acı.

әнші: Şarkıcı.

балғын салат: Bitki salatası.

балқаймақ: Dikkat edilmek, gözlemek.

бауырсақ: Pişi.

бәліш: Börek.

даяшы: Garson.

дайын болу: Hazır olmak.

дәмдеуіш: Baharat.

дәмді: Tatlı.

дәмсіз: Tatsız.

ет: Et.

ет сорпасы: Et çorbası.

жент: Bir tür tatlı, helva.

жүр: Haydi, yürü!

жұмыртқа: Yumurta.

касса: Kasa.

кәмпит: Şeker, akide şekeri

келесі апта: Gelecek hafta.

көже: Çorba.

көк шай: Yeşil çay.

күніне: Her gün.

күріш: Pirinç.

қант: Şeker, çay şekeri.

қара шай: Kara çay.

Қолыңыз дерт көрмесін!: Elleriniz dert görmesin!

қуырдақ: Kavurma.

мархабат: Teşekkürler.

мейрамхана ісі және қызмет көрсету мамандығы: Restoran İşletmeciliği ve Hizmet Uzmanlığı.

мінеки: İşte, burada.

нарын: Bifteğe benzer bir et yemeği.

неше сағат: Kaç saat.

өтініш: Rica.

палау: Pilav.

пиязсыз: Soğansız.

сәбіз: Havuç.

сорпа: Çorba.

сусын: İçecek, meşrubat.

тағам түрлері: Yemek çeşitleri.

тамақ/ ас: Aş, yemek.

тамақтану: Yemek yemek.

танымал: Ünlü, meşhur.

таңдау: Seçmek.

тапсырыс беру: Sipariş vermek.

тәтті: Tatlı.

төлеу: Ödemek.

түрік аспаз: Türk aşçı.

түскі үзіліс: Öğle arası.

шай: Çay.

шұжық: Sosis.

ыстық бауырсақ: Sıcak pişi.

ірімшік: Peynir.

### 6.2. Сауда-саттық

азық-түлік дүкені: Bakkal.

ақ жаулық: Beyaz örtüden kasıt hanım, kadın demektir.

алма: Elma.

апельсин: Portakal.

арналу: Tahsis edilmek, ithaf edilmek.

ашылу: açılmak.

аяққим дүкені: Ayakkabı mağazası.

базар: Pazar.

байлық: Zenginlik.

балалар дүкені: Çocuk mağazası.

банан: Muz.

барлығы қанша теңге: Toplamı kaç tenge?

беріңізші: Lütfen verin.

бес дәмхана: Beş kafe.

бірдеңе: Bir şey.

бір келі: Bir kilo.

гипермаркет: Hipermarket.

дәрі-дәрмек: İlaç.

дәріхана: Eczane.

денсаулық: Sağlık.

жаңа асхана: Yeni mutfak.

жарты келі: Yarım kilo.

жеміс-жидек: Meyve.

жеңілдік: İndirim.

жеткілікті: Yeterli.

жиналу: Toplamak.

жиі: Sık.

жоғарғы қабат: Yukarı kat.

жолаушы: Yolcu.

жылату: Ağlatmak, ağlamak.

кезек күту: Sırada bekleme.

Келіп тұрыңыз!: Yine bekleriz!

киім дүкені: Giyim mağazası.

кинотеатр: Sinema.

көйлек: Gömlek.

көгөніс: Yeşillik.

көк жүзім: Yeşil üzüm.

көлем: Hacim.

көңілді: Eğlenceli.

кітап дүкені: Kitap dükkanı, lütapçı.

кішірек: Daha küçük.

кішкентай: Küçük, minik.

қабат: Kat.

қара жүзім: Kara üzüm.

қарындаш: Kalemtraş.

қияр: Hıyar, salatalık.

қосу: Eklemek, ulamak.

қызанақ:Domates.

қырық сегіз мың  теңге: 48 Bin tenge.

мекенжай: Adres.

...ның бағасы қанша?: …-nın kilosu ne kadar?

...ның келісі 500 теңге: … kilosu ne kadar?

ойнау: Oynamak.

ойын алаңы: Oyun alanı.

ойыншық дүкені: Oyuncak mağazası.

онлайн төлем: Çevrim içi ödeme.

он саулық: Sağlığa on çeşit fayda sağlama.

пияз: Soğan.

пойыз: Tren.
санап алу: Sayarak almak.
сауда орталығы: Alışveriş merkezi.
Сауданыз сәтті болсын!: Hayırlı işler.
сыпайы: Nezaket.
станция: İstasyon.
таразы: Terazi.
тегін: Ücretsiz, bedava.
төлем: Ödeme.
түрлі-түсті бояулар: Çeşit çeşit boya.
тігін шеберханасы: Dikiş atölyesi.
уақыт өткізу: Vakit geçirmek.
үшінші рет: Üçüncü defa, kez.
ұзын кезек: Uzun sıra.
фильм тамашалау: Film seyretmek.
халық саны: Nüfus.
шаштараз: Kuaför, berber.
... ше?: Ya ….?, Peki ya…?
шешіну: Açmak, çıkarmak.

### 6.3. Халыққа қызмет көрсету

алаң: Alan, saha.
алғысын айту: Teşekkür etmek.
аралау: Dolaşmak, gezmek.
аудан: İlçe, kaza.
аурухана: Hastane.
аю: Ayı.
әкімдік: Valilik, yönetim.
әрқайсы: Her biri.
әрі: Hem, üstelik.
әріп: Harf.
барлық: Bütün, tamamı, hepsi.
барша: Bütün, tamamı.
банк: Banka.
банк қызметкері: Bankacı, banka memuru.
бәрі: Hepsi, tamamı.
би билеу: Dans etmek.
бидай: Buğday.
бүкіл: Bütün, cümle.
бірдеңе: Bir şey.
бірге: Birlikte.
бір кезде: Bir defada.
бірқатар уақыт: Biraz zaman.
бірнеше дәрі: Birkaç ilaç.
бір топ адам: Bir grup kişi.
дәрігердің бөлмесі: Doktor odası.
дене қызуы: Vücut ateşi.
доп: Top.
елшілік: Elçilik.
емхана: Klinik.
ересек: Yetişkin, ergen.
ерікті: Gönüllü, hür.
ерін: Dudak.
есепшот ашу: Hesap açmak.
есту: İşitmek.
ешбір: Hiçbir.
ешкім: Hiç kimse.
ешқайсы: Hiçbiri.
ештеңе: Hiçbir şey.
жазылу: İyileşmek.
жақын: Yakın.
жануарлар: Hayvanlar.
жеке куәлік: Kimlik kartı.
жеке сәйкестендіру нөмірі: Kimlik numarası.
ЖСН деген не?: JSN (vatandaşlık kimlik numarası) nedir?
жүйе: Sistem.

## СӨЗДІК

жүр: Haydi, Yürü!

жұмыспен қамту: İş içermek.

жұмыс немесе оқу визасы: Çalışma veya öğrencilik vizesi.

жылдам: Hemen, hızla, tez.

жылтырау: Parlamak.

кейбір: Bazı.

кезек: Sıra, nöbet.

кезек күту: Sıra beklemek.

кеңес беру: Tavsiyede bulunmak.

кеттік!: Gittik, gidelim!

көңіл көтеру: Eğlenmek.

көптеген: Birçok.

көрсету: Göstermek.

көші-қоннан тіркелу туралы құжат: Göçer geçiş kayır belgesi.

күніне: Her gün, günlük.

күтпеген оқиға: Beklenmeyen olay.

күту залы: Bekleme salonu.

қайта: Tekrar.

қала: Şehir.

қалай қарайсың?: Ne düşünürsünüz? Ne dersiniz?

қандай: Nasıl?

қоян: Tavşan.

құжат: Belge.

мал: Hayvan.

мәдениет үйі: Kültürevi.

мектепке, балабақшаға қабылдау: Okula veya kreşe kabul etme.

мультфильм кейіпкерлері: Çizgifilm kahramanları.

міндетті түрде: Mutlaka.

нар: Tek hörgüçlü deve.

наукас: Hasta.

неке қию: Nikahlanmak.

Нотариус: Noter.

облыс: Eyalet, il, bölge.

оған: Ona.

орталық: Merkez.

өлшеу: Ölçmek.

паспорт: Pasaport.

сәттілік тілеу: Şans dilemek.

сезіну: Hissetmek, sezmek.

секіру: sekmek, zıplamak.

соқыр: Kör.

сондай-ақ: Onun gibi, öyle.

суретке түсу: Fotoğraf çekilmek.

сұрау: Sormak, istemek, rica etmek.

тарату: Dağıtmak.

тауық: Tavuk.

тез: Acil, hemen.

тию: Değmek, dokunmak.

тимеу: Değmemek, dokunmamak.

төлқұжат: Pasaport.

түгел: Tümü, hepsi.

тіркелу: Sicil, kaydolmak.

тіркеу: Kaydetmek, kayıt.

үйрену: Öğrenmek, alışmak.

үй төлқұжаты: Tapu.

үш рет: Üç defa.

ұйымдастыру: Kurmak, düzenlemek.

Халыққа қызмет көрсету орталығы: nüfus müdürlüğü

шақыру:Davet, çağırmak.

шетелдік: Yabancı ülkeden.

шет тілдер: Yabancı diller.

іні: Küçük erkek kardeş.

іші ауыру: Karın ağrısı.

## 7-ДӘРІС. САЯХАТ

### 7.1. Саяхатқа дайындық

ақпарат: Bilg.
аралау: Dolaşmak, gezmek.
армандау: Hayal etmek, istemek.
арнайы: Özel olarak.
ежелгі: Eski, ezeli.
әлемнің керемет жерлері: Dünyanın muhteşem yerleri.
байланыс телефоны: İrtibat telefonu.
бала кезімнен бері: Çocukluğumdan beri.
біту: Bitmek.
гид: Rehber.
дұрыс: Doğru.
ерекше: Özellikle, özel.
жазғы мектеп: Yaz okulu.
жақындау: Yaklaşmak.
жолдама: Sevk kağıdı.
жоспар: Tasarı, plan.
жоспарлау: Planlamak.
жұбай: Eş.
Жібек жолы: İpek Yolu.
кәдесыйлар: Hatıra hediyelik eşyalar
кеңес беру: Tavsiyede bulunmak.
кесене: Türbe.
кешен: Külliye, kompleks.
көмек сұрау: Yardım istemek.
көрікті жер: Görkemli, harika yerler.
қай ел: Hangi ülke.
қолөнер бұйымдары: El sanatları.
қонақүй: Otel.
құрбы: Yaşıt.
қызықты: İlgi çekici.
міндетті түрде: Mutlaka, kesinlikle.
ойлау: Düşünmek.
осы: Bu.
пойыз: Tren
сапар: Sefer, seyahat.
сауда үйі: Ticarethane.
саяхат: Seyahat.
саяхаттау: Seyahat etmek.
табу: Bulmak.
тосынсый: Sürpriz.
тур бағдарламалары: Tur programları.
Түркістан қаласы: Türkistan şehri.
тіркелу: Kaydolmak.
үш мезгіл: Üç defa.
ұлттық киімдер: Milli giysiler.
ұшақ: Uçak.
шатқал: Kanyon.
шешу: Çözmek, açmak.
шын: Gerçek.

### 7.2. Отандық туризм

агенттік: Ajans.
азамат: Vatandaş.
аймақ: Bölge, eyalet, il.
алғыс айту: Teşekkür ermek.
арқылы: Vasıtasıyla.
атақты: Ünlü, meşhur.
аяқталу: Bitmek, sona ermek.
бәлкім: Belki.
биыл: Bu yıl.
біп-биік: Yüpyüksek, çok yüksek
вокзал: Gar, istasyon.
ғажап табиғат: Harika tabiat.

даму: Gelişmek.
дендробақ: Botanik bahçesi.
дендропарк: Botanik parkı.
екпе жасату: Aşı yaptırmak.
емделу: Tedavi görmek.
ескерткіш: Anıt, abide, heykel.
ескеру: Kastetmek, öngörmek.
жағалау: Yaklaşmak.
жайғасу: Yerleşmek.
жақсы көңіл-күй: İyi ruh hali.
жоқ шығар: Sanki yok.
касса: Kasa.
кассир: Kasiyer.
кеденнен өту: Gümrükten geçmek.
кешкі пойыз: Akşam treni.
купе: Yataklı vagon.
қабылдау: Kabul etmek.
қайта-қайта: Tekrar tekrar.
қарастыру: Göz kulak olmak, ilgilenmek.
қатысу: Katılmak.
қонақүй: Otel.
қолайлы: Uygun, elverişli.
қолма-қол ақша: Nakit para.
мүмкін: Mümkün, olabilir.
мұражай: Müze.
міне: İşte.
минеки: İşte, burada.
нақтылау:Kesinleştirmek.
орталық: Merkez.
өзен: Nehir.
өсімдік: Bitki.
плацкарт: Rezerve koltuk.
ретінде: Şeklinde.
риза болу: Memnun olmak.
рухани астана: Manevi başkent.
сала: Alan, saha.
сапар: Seyahat.
саябақ:Park.
Сәт сапар!: Hayırlı yolculuklar.
секілді: Gibi.
сияқты: Gibi.
солай ма: Öyle mi?!
суретке түсу: Fotoğraf çekilmek.
таңдау: Seçmek.
Тәуелсіздік саябағы: Bağımsızlık parkı.
тиіс: Gerek, lazım.
ұлттық мейрамхана: Millî misafirhane.
ұшақ рейстері: Uçuş vakitleri.
шақырым: Kilometre.
шомылу: Suya girmek, banyo yapmak.
экскурсия: Tur.

### 7.3. Шетелге саяхат

алақай!: Merhaba!
алып кеме: Büyük, dev gemi.
анау: Bu.
анда: Orada, oraya.
андағы: Oradaki.
апта: Hafta
арал: Ada.
арқылы: Vasıtasıyla.
әкешім: Babacığım.
әне: İşte.
әуежай: Hava alanı.
бақылау: Denetlemek, gözlemek.

батыс аймақтары: Batı illeri/eyaletleri.

броньдау: Rezervasyon.

бұрын: Önce.

бірнеше шетел мемлекеті: Birkaç yabacı ülke.

ғимарат: Bina, yapı.

декларациялау:

естелік: Hatıra.

ештеңе: Hiçbir şey.

жағалау: Yaklaşmak.

жақтан: Taraftan, yandan.

жергілікті: Yerel.

жеткілікті: Yeteri kadar, yeterli.

зат: Şey, eşya, nesne.

кәдесыйлар: Hatıra, hediyelik eşyalar.

кеденнен өту: Gümrükten geçmek.

кеме: Gemi.

кеме саяхаты: Gemi seyahati.

көне: Eski.

көне ғимараттар: Eski binalar.

қалалық музей: Şehir müzesi.

қауіпсіздік қызметі: Güvenlik hizmeti.

қол жүгі: El bagajı.

құм: Kum.

қыдыру:Dolaşmak, gezinmek.

қызықты: İlgi çekici.

мұнда: Burada, buraya.

мұхит: Okyanus.

мынау: Bu.

міну: Binmek.

оқасы жоқ!: Önemli değil, bir şey değil.

ондай: Onun gibi.

орналасу: Yerleşmek.

өткізу: Geçirmek.

пунк: Ögeler.

сағыну: Özlemek.

санау: Saymak, addetmek, sanmak.

сәулет: Mimari, şaşaa.

солға қарай бұрылу:  Sola doğru dönmek.

сонау: Bu, şu.

сондықтан: Bu sebeple, bu yüzden.

сөмке: Çanta.

суға түсу/жүзу: Suya girmek, yüzmek.

талон: Kupon.

таразы: Terazi.

тастау: Atmak, bırakmak, terk etmek.

теңіз жағасы: Deniz kenarı.

теңізге шомылу: Denize girmek.

теңіз өнімдері: Deniz ürünleri.

түсу (суға): Suya girmek.

тым алыс: Çok uzak.

тым кеш: Çok geç.

тіке жүру:  Düz gidin.

тікелей рейс: Doğrudan uçuş.

тіркеуден өту: Sınır kontrolünden geçmek.

шабадан: Bavul.

шара: Etkinlik.

шенген визасы: Şengen vizesi.

шоу-бағдарламалар: Şov ve programlar.

шығу: Çıkmak.

# ТЫҢДАЛЫМ МАТЕРИАЛДАРЫ

## 1-ДӘРІС. ТАНЫСТЫРУ

### 1.1. Өзім туралы

**1.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Сәлеметсіз бе! Менің есімім - Айзере. Әкемнің аты – Мұрат, яғни аты-жөнім – Айзере Мұратқызы. Мен оқушымын, 18 жастамын. Мектепте 12-сыныпта оқимын. Біз отбасымызбен Астана қаласында тұрамыз.

Мен келешекте университетте оқып, мұғалім болғым келеді. Кітап оқығанды, сурет салғанды, би билегенді және музыка тыңдағанды жақсы көремін. Физика және математика пәндерін ұнатамын. Республика бойынша олимпиадаға қатысып, бірінші орын алдым. Сіз келешекте кім болғыңыз келеді?

**1.1.14-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Сәлем достар! Танысайық!Менің атым – Арайлым. Тегім – Сәдуақас. Мен қазақпын. Болашақ дәрігермін. Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінің студентімін. Жасым жиырмада. Қазақстанның Орал қаласынанмын.
Менің атым – Әділет. Ұлтым – қырғыз. Жасым он тоғызда. Мен экономика бөлімінің студентімін. Анкараның Гази университетінде оқимын. Қырғызстанның Ош қаласында дүниеге келдім. Қазір Анкарада тұрамын.
Менің атым – Тимеа. Мен мажармын. Мажарстанның Будапешт қаласынанмын. Музыка бөлімінде докторантурада оқимын. Жасым отызда.

**1.1.21-тапсырма. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Аптаның соңында әкем, анам, інім және мен ауылға бардық. Әпкем ауылға бармады. Өйткені достарымен басқа қалаға саяхатқа кетті. Ауылымыз қаладан бір сағаттық жерде. Бізді атам мен әжем қуана қарсы алды. Таңертең атаммен балық ауладым. Күндіз анам әжеммен бауырсақ пісірді. Түстен кейін бәріміз бақшада өрік тердік, қымыз іштік. Ауылға барғанды жақсы көремін.

**1.1.27-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Танысайық!

- Сәлеметсіз бе?

- Сәлеметсіз бе? Қандай көмек қажет?

- Мен Ыстанбұл университетінің студентімін. Есімім – Эрен. Қазақстанға академиялық ұтқырлықпен бару үшін виза алуым керек. Арнайы шақыртуым бар.

- Қош келдіңіз, Эрен мырза!

- Студенттік виза үшін қажетті құжаттар мына қағазда жазылған. Жеке фотоңыз бен шақырту қағазы да қажет.

- Қанша айға барасыз?

- Үш айға Қорқыт Ата мемлекеттік университетіне барамын. Мен болашақ құрылыс инженерімін.

- Консулдық бөлім түске дейін жұмыс істейді. Құжаттарыңызды түгел әкеліп тапсырыңыз.

- Жақсы, көп рақмет. Сау болыңыз!

**1.1.35-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров - 1946 жылы 27-шілдеде Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш. Мәскеу авиация институтын бітірген. 1991 жылы қазанның 2-сінде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «СоюзТМ-13» кемесімен ұшқан. Қазақ батырына 2001 жылы Ыстанбұл қаласында «Түріктің тұңғыш ғарышкері» атағы берілген.

**1.1.37-тапсырма. Тыңдаңыз.**

- Кешіріңіз, университеттің кітапханасы қай жақта?

- Кампустың ішінде. Тура жүріп кейін фонтанның жанынан солға бұрыласыз. Мен де кітапханаға бара жатырмын. Менімен бірге жүріңіздер.

- Көп-көп рақмет! Біз университетке шетелден келген студенттерміз. Студенттер қалашығын енді танып жатырмыз. Журналистика факультетіне келдік. Менің атым – Юсуф. Түрікпін. Бұл менің досым.

- Есімім – Мұрат. Әзірбайжанмын. Филология факультетінің студентімін. Танысқаныма қуаныштымын!

- Университетімізге қош келдіңіздер! Мен Берікпін. Биология факультетінің магистрантымын. Қуаныштымын, жігіттер! Қандай да бір көмек қажет болса айтыңыздар. Мында телефон нөмерім жазылған. Хабарласыңыздар.

## 1.2 Отбасы мүшелері

**1.2.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Отбасы мүшелері дегенде қазақтарда ата, әжеден бастайды. Содан кейін әке, ана, балалары, немерелері айтылады. Біз анамызды анашым, әкемізді әкешім, әкетай деп те атаймыз. Отбасындағы балалар: үлкені немесе тұңғыш бала, ортаншы бала, кенже бала, кенжетай деп аталады. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің кенже ұлы әке-шешесімен бірге тұрады. Ол әке-шешесін бағып, қара шаңыраққа ие болады. Қара шаңырақ дегеніміз әке-шешенің үйі.

Мен үйдің кенжесімін, атым – Болат. Атам мен әжем, әке-шешем ауылда мал шаруашылығымен айналысты, мен де мал ұстаймын. Әкемнің есімі – Қайрат, анам – Гүлбаршын. Олар қазір зейнеткер, немерелерін бағады. Менің ағам мен әпкем бар. Ағам үйленген, аты – Олжас, Астанада тұрады. Әпкем Қаламқас университетте жұмыс істейді. Ол тұрмыста емес. Алматыда тұрады. Ал мен үйдің кенжесі болғандықтан ауылда әке-шешеммен бірге тұрамын. Біз жас отбасымыз. Әйелімнің аты – Гүлнұр. Ол қаланың қызы, қазір ауылда тұруға үйренді. Біздің екі кішкентайымыз бар. Үлкеніміз төрт жаста балабақшаға барады, аты – Аслан. Қызымыз Нұрия бір жасқа толды. Біз **ауылымызды, отбасымызды жақсы көреміз.**

**1.2.13-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Отбасылық дәстүр

Менің атым - Серік. Біз әйелім екеуміз 4 бала тәрбиелеп отырмыз. Әр отбасының өз дәстүрі болады. Біздің отбасымызда күн сайын сағат 20.30- да кітап оқу дәстүрі бар. Біз бәріміз жиналып, кітап оқимыз. Үлкен балалар кіші іні-қарындастарына ертегі оқиды.

Демалыс күндері біз кітап үйіне барамыз. Әркім өзіне кітап таңдайды. Бір айда балалар бір кітап, ал біз екі кітап оқимыз.

Ал сіздің отбасыңызда қандай дәстүр бар?

## 1.3.Біздің Отанымыз

**1.3.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет, өз мемлекеттік

рәміздері: туы, елтаңбасы, әнұраны бар. Қазақстан – жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында. Қазақстан Республикасының батысында Каспий теңізі, шығысында Алтай таулары, солтүстігінде Батыс Сібір жазығы, оңтүстігінде Тянь-Шань таулары бар. Жері кең және құнарлы, жерасты қазба байлықтарға толы. Елордамыз – Астана қаласы.

Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік таулар, мөп-мөлдір көлдер, өзендер бар; неше түрлі ағаштар, өсімдіктер мен шөптер өседі. Қазақстанда сирек кездесетін аңдар мен құстар, әртүрлі жануарлар мекендейді. Бұл жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз туып-өскен. Отан – біз үшін оттан да ыстық.

Қазақстан – білімі мен ғылымы, экономикасы, мәдениеті мен өнері дамыған ел. Әлемге танымал ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз, өнерпаздарымыз бар. Қазақстан – әлемдегі достық пен бейбітшілік мекені.

**1.3.12-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Менің бір күнім.

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студентімін. Жатақханада тұрамын. Менің тұрақты күн тәртібім бар. Таңертең 6-дан 10 минут кеткенде ұйқыдан тұрамын. Жатақханадан спорт алаңына дейін жүгіремін. Таңғы жаттығудан соң тамақтануға барамын. 9-дан 20 минут кеткенде сабақ басталады. Сабақтан түскі 2-де шығамын. Кітапханадан қажетті кітаптарымды алып, жатақханаға қайтамын. Кешкі астан соң ерте ұйықтаймын.

**1.3.15-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Менің достарым

Аты-жөнім – Мехмет Генч. Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университетінің 3-курс студентімін. Жатақханада тұрамын. Менің өзге ұлт өкілдерінен достарым көп. Ең жақын досым Натыкс - Әзірбайжаннан. Біз бір топта оқимыз. Қырғыз досым Гүлнар медицина бөлімінде оқиды. Ташкенттен келген Сардар досым дайындық бөлімінде дәріс алады. Татар досым Рамильмен бір бөлмеде тұрамыз. Ол журналистика бөлімінде оқиды. Түркістан – бізді біріктірген құтты мекен.

♫ Тыңдаңыз: Халық әні “Көзіңнің мөлдірін-ай”.

## 2-ДӘРІС. ДАҒДЫЛАР

### 2.1 Күнделікті өмір

**2.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Мен күнде таңертең сағат жетіде тұрамын. Оянғаннан кейін беті-қолымды жуамын, тісімді тазалаймын. Төсегімді жинаймын. Одан кейін 15 минут жаттығу жасаймын.

Таңғы астан бұрын бір стақан су ішемін. Сосын шай қайнатамын. Таңғы аста жұмыртқа, ірімшік, зәйтүн, қияр, қызанақ, аздаған нан, сары май немесе қаймақ және бал жеймін. Таңғы аста міндетті түрде шай ішемін. Одан кейін жұмысқа жиналамын.

Жақсы көңіл-күймен жұмыс істеймін. Түскі тамақты жұмыс орнында әріптестеріммен бірге ішемін. Түскі астан кейін кофе немесе шай ішкенді ұнатамын. Түстен кейін қалған жұмыстарды бітіремін. Кешке келесі күнімді жоспарлаймын. Үйге барардан бұрын дүкенге кіріп, керек заттарды аламын.

Үйге барғаннан кейін кешкі тамақты дайындаймын. Кешкі тамақтан кейін туыстарыма немесе достарыма телефон соғамын. Сондай-ақ кешке біраз таза ауада жаяу жүремін, өйткені жаяу жүру денсаулыққа өте пайдалы.

Жатардан бұрын жуынамын. Ұйықтардан бұрын кітап оқимын.

**2.1.14-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Есімім – Жанту. Алматы қаласының тумасымын. Жиырма алты жастамын. «Тұран» фольклорлық тобының өнерпазымын. Бала кезден бірнеше аспапта ойнауды үйрендім. Алдымен домбыра кейін жетіген, шаңқобыз аспаптарын үйрендім. Музыкалық мектеп түлегімін. Мектептен соң Жүргенов атындағы өнер академиясында оқыдым. 30-ға жуық аспапта ойнаймын. «Тұран» тобының әншісімін. Қазақтың төл өнерін әлемге насихаттау – басты мақсатым.

«Тұран» тобының “Türk kanı” әнін тыңдаңыз.

### 2.2 Уақыт және мекен

**2.2.1-тапсырма. Төмендегі диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

- Алло, сәлем, Арай!

- Сәлем, Құралай!

- Қалың қалай? Не істеп жатырсың?

- Бәрі жақсы, рақмет! Үй жинап жатырмын. Өз қалың қалай, сен не істеп жатырсың?

- Менде де бәрі жақсы. Шымкентте тұратын әпкем мен жездем, жиендерім келген. Ертең апта соңы Медеу мұз айдынына баруға дайындалып жатырмыз. Сенің бізбен барғың келе ме?

- Әрине, барғым келеді! Бірақ демалыс күні үйге қонақтар келеді. Анама көмектесуім керек. Анам бауырсақ пісіріп жатыр. Әкем дүкеннен азық-түлік сатып алып жатыр. Бәріміз дайындалып жатырмыз!

- Түсіндім, онда басқа бір күні кездесерміз, Арай.

- Иә, көріскенше!

**2.3.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Менің атым – Ерік. Мен күнде таңертең сағат 6-да оянамын. 6-дан 15 минут кеткенде төсектен тұрамын. Беті-қолымды, тісімді жуамын. Таңғы 6 жарымда далаға шығып, үйдің жанында жүгіремін. Мен спортпен шұғылданғанды жақсы көремін. Сағат 7-де душқа түсемін. 7 жарымда алдымен көгөніс суын ішемін, содан кейін таңғы ас ішемін.

Таңғы астан кейін университетке бару үшін автобусқа мінемін. Университетке жеткеннен кейін, сабақта ұстаздарымды тыңдаймын. Маған университеттегі дәрістер ұнайды.

Түскі сағат 12-де достарыммен бірге университет асханасына барып, тамақ ішемін. Мен ет өнімдері мен көгөніс жегенді ұнатамын. Тамақтан кейін, таза ауада отырып, сабаққа дайындаламыз. Жолдастарыммен әңгімелесіп, бірге уақыт өткізгенді ұнатамын.

Сағат 13.30-да түстен кейінгі сабақтарымыз басталады. Кешке қарай сабақтарымыз бітеді. Сабақ біткеннен кейін кітапханаға барып, кітап оқимын, сабаққа дайындаламын. Маған кітап оқыған ұнайды.

Кешкі сағат 19.00-да үйге қайтамын. Кешкі тамақты ішкеннен кейін, біраз музыка тыңдаймын. Мен музыка тыңдағанды өте жақсы көремін. Кейде достарыммен киноға барамын. Сағат 22.00-де ұйықтауға жатамын. Ұйықтардың алдында тағы да душқа түсемін. Мен тазалықты ұнатамын.

Сенбі, жексенбі күндері спорт залға барамын. Спорт залда жаттығу жасаған

ұнайды. Ол жерде бассейн де бар, жүзу маған өте ұнайды. Кейде боксқа қатысамын. Қыста шаңғы тебемін. Спорттың барлық түрін жақсы көремін.

**2.3.7-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Раушан мен Сағыныш бала күннен құрбылар. Астана қаласында тұрады, 13 жаста. Бір мектепте оқиды әрі көрші. Раушан спортты жақсы көреді. Бала кезінен жүзу курстарына қатысады. Домбырада жақсы ойнайды. Сағыныш кітап оқығанды жақсы көреді. Спортпен айнасылқанды ұнатпайды. Музыканы жақсы көреді. Ол фортепиано курсына қатысады.

**2.3.16-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Роза Қуанышқызы Рымбаева – Қазақстанның ең атақты әншісі. Қазақстанның халық әртісі. Семей облысында дүниеге келген. Ол қазір 67 жаста. Алматы қаласындағы Театрлық көркемдік институтын бітірген. 1976-1979 ж. Республикалық Гүлдер жастар – эстрадалық ансамблінің солисі болған. Бала кезден ән айту хоббиі болған. Рымбаева «Әлия» әнімен танымал.

Роза Рымбаеваның «Наурыз думан» әнін тыңдаңыз.

## 3-ДӘРІС. САЛАУАТТЫ ӨМІР

### 3.1. Денсаулық

**3.1.1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Қазақта "Денсаулық – зор байлық" деген сөз бар. Денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану, көбірек су ішу және спортпен айналысу қажет. Таза ауада серуендеу де денсаулыққа өте пайдалы. Майлы тағамдарды көп жемеген дұрыс, себебі ол денсаулыққа зиян. Денсаулық мықты болу үшін дәрумендер қабылдаған дұрыс. Жылына бір рет дәрігерге көрініп, тексерілу керек. Егер адам өз денсаулығына көңіл бөлмесе, ауырып қалуы мүмкін. Сондықтан өзіңізді күтіңіз!

**3.1.4-тапсырма. Тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз. Жазыңыз**

(1.Екпе 2.Дәрі 3.Жедел жәрдем 4.Қызуөлшегіш 5.Тұмау 6. Жөтел
7.Жақпа май 8. Тамақ ауруы 9. Қан қысым 10. Дәрумен)

**3.1.10-тапсырма. Тыңдаңыз.**

- Алло, алло, шұғыл жедел жәрдем қажет.

- Тыңдап тұрмыз. Науқас қай жерде? Нақты мекенжайды айтыңыз.

- Қабанбай батыр көшесі 32-үйдің алдындамыз. Жол апатынан жараланған науқас бар.

- Науқастың жағдайын қысқаша баяндаңыз. Науқастың кімі болып келесіз?

- Науқастың оң жақ қолы сынған сияқты. Басында және оң аяғында да жарақаттар бар. Әлсіз жатыр. Науқастың ұлымын.

- Науқастың жасы және жынысы қандай?

- Елу бес жаста, ер адам.

- Жақсы. Ең жақын жедел жәрдем тобы жіберіледі. Күтіңіз!

## 3.2. Спорт

**3.2.1-тапсырма. Тыңдаңыз.**

- Сәлеметсіз бе! Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайына қош келдіңіз!

- Сәлеметсіз, қош көрдік! Спорт сарайы өте үлкен екен, қай жылы салынған?

- 1967 жылы салынған. Бұл спорттық-мәдени кешенінде Қазақстандағы ең ірі мұз айдыны бар. Мұнда жыл бойы конькимен сырғанауға болады.

- Тамаша екен, мен коньки тепкенді жақсы көремін! Балуан Шолақ деген кім?

- Балуан Шолақ – қазақтың әйгілі спортшысы, өнерпазы, ол 14 жасынан бастап күрескен.

- Сарайда тағы қандай спорт шаралары өтеді?

- Бұл сарайда бокс, баскетбол, каратэ, грек-рим күресі т.б. спорт түрлерінен республикалық және халықаралық жарыстар, сонымен қатар концерттер, көрмелер өтеді.

- Жақында өтетін қандай шара бар?

- Біз сізді спортшыларға арналған мәдени көрмеге шақырамыз!

- Көп рақмет! Көрме қай күні болады?

- Тамыздың 20-сында, сағат екіде келіңіз!

- Міндетті түрде келемін!

**3.2.11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз. /Диктант/**

Қазақ күресі – қазақтардың ең көне спорт түрлерінің бірі. Қазақстанда бұл

жекпе-жек өнері халық арасында үлкен сұранысқа ие. Қазақ күресі 1938 жылдан бері республикалық жарыстар бағдарламасына кіреді.

### 3.3 Табиғат

**3.3.1-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Ахмет: Алло, сәлем, Берік. Қалың қалай?

Берік: Сәлем Ахмет. Жақсымын. Сен қалайсың, досым?

Ахмет: Көп рақмет, жақсымын. Бір аптадан кейін Қазақстанға келемін.

Берік: Керемет жаңалық! Күнде мені осылай қуантып тұр. Ылғи мен Түркияға келетін едім, енді сені Қазақстанда асыға күтеміз.

Ахмет: Қазір Қазақстанда ауа-райы қалай? Заттарымды дайындап жатыр едім.

Берік: Бір апта бойы жаңбыр жауып тұр. Бірде-бір рет күн ашылмады әрі суық. Жылы киініп кел.

Ахмет: Көп рақмет, досым. Көріскенше!

Берік: Көріскенше күн жақсы!

**3.3.6-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Мамыр айында Ыстанбұлда ауа райы ылғи жауын-шашынды. Ауа температурасы 20-25 градус шамасында. Ең төменгі градус +5. Ыстанбұлда көктем айларында үнемі жаңбыр және бұршақ жауады. Ылғалдылық жоғары болады.

Мамыр айында Астанада ең жоғарғы ауа температурасы +15 градус болса, ең төменгі градус – 3. Көктемде күн бірде жылы, бірде салқын болады. Көктемнің басында кейде қар жауып, күн күрт суытады. Күнде ауа райын бақылаймын.

## 4-ДӘРІС. АДАМ КЕЛБЕТІ

### 4. 1. Сырт келбет

**4.1.1-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

Айнұр, бүгін кітапханада бір қыз сені сұрады.

- Қай қыз, аты кім?
- Атын білмеймін. Әдемі, шашы сарылау бір қыз.
- Әлия ма ?
- Жоқ, Әлия емес. Бойы Әлиядан ұзындау қыз. Саған беретін кітабы бар.

- Кім болды екен, Шынар ма ?

- Жоқ, Шынарды танимын, Шынар емес. Шынарға қарағанда арықтау, көзі үлкендеу, шашы қысқарақ.

- Мүмкін Айман болар? Қай залда отырды?

- Сирек кітаптар қоры залында көрдім.

- Қалай киінген?

- Күлгіндеу жейде мен қоңыр белдемше киген.

- Түсіндім, ол Айбике ғой! Рақмет!

QR. «Бір бала» халық әнін тыңдаңыз.

## 4. 2. Киім үлгісі

**4.2.1-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

- Бегімай, сен салтанатты кешке көйлек алдың ба?

- Жоқ, әлі алмадым. Сен ше?

- Мен де әлі алмадым. Бүгін сабақтан кейін киім дүкеніне бірге барайық.

- Әрине, Ақтолқын. Бірге барайық, мен де көйлек қарайын.

(Киім дүкенінде)

- Бегімай, мына көйлек қалай, маған жараса ма?

- Бұл қып-қысқа екен, ұзындау бір көйлек киіп көрші, Ақтолқын.

- Онда мына көйлекті киіп көрейін.

- Осы көйлек әдемірек сияқты. Мен де мына көйлекті киіп көрейін, сен де маған пікіріңді айтасың ба?

- Әлбетте!

- Сеніңше, бұл көйлек жараса ма маған?

- Бұл көйлек сені толықтау көрсететін сияқты.

- Онда мына көйлекті киейін. Енді қалай болды?

- Осы қызыл көйлек жақсырақ, маған осы ұнады.

- Маған да осы ұнады.

**QR. «Самалтау» халық әнін тыңдаңыз.**

## 4.3. Маусымдық киім

**4.3.1-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

- Балам, дала өте суық. Тым жұқа киініпсің. Жылы киін, жарай ма ?
- Иә, анашым, қазір күртемді киемін.
- Күртемен тоңасың ғой, балам. Қалың пәлтеңді ки, басыңа баскиім киюді ұмытпа. Қолғабыңды да ал.
- Анашым, алаңдама, тоңбаймын. Күртем де жылы, бәтеңкем де.
- Балам, далада қар жауып тұр. Бәтеңке емес, етігіңді ки.
- Анашым, етік кигім келмейді, осы бәтеңкем ұнайды.
- Жаным-ау, тоңып қаласың.
- Тоңбаймын, анашым. Сені жақсы көремін!

**4.3.12-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Сатушы: Дүкенімізге жаңа топтама түсті. Өткен маусымдағы тауарларға 20% жеңілдік бар. Екі сырт киімнің бірін 50 % жеңілдікпен аласыз.

Сатып алушы: Өте үлкен өлшемде тондарыңыз бар ма?

Сатушы: Мінеки, киіп көріңіз.

Сатып алушы: Өлшемі дәл келді. Осы тонды аламын. Екінші сырт киім таңдайын. Тым қалың сырт киім қажет емес.

Сатушы: Былғары күртелеріміз де бар. Нағыз қой терісінен жасалған. Қысқы баскиімдерге де жеңілдіктер бар.

Сатып алушы: Менің өлшемімдегі күрте бар ма?

Сатушы: Мінеки, бар. Екі сырт киімге 50% жеңілдік және баскиім сыйлыққа беріледі.

Сатып алушы: Көп рақмет. Ендеше тон мен күртені алайын. Картамен бе әлде қолма-қол ақшамен төлеймін бе?

Сатушы: Картамен төлеуіңізге болады. Игілігіңізге киіңіз!

Сатып алушы: Рақмет!

«Қарлығаш» әнін тыңдаңыз.

## 5-ДӘРІС. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

### 5. 1. Мінез-құлық

**5.1.1-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

- Ержан, мен сені жақынырақ танығым келеді. Маған өзіңнің мінезің туралы айтып берші.

- Әрине, Айым. Мен сабырлы және мейірімдімін. Мен де сені жақсырақ танып, білгім келеді. Сен өзің туралы не айта аласың?

- Мінезім жібектей жұмсақ деп айта алмаймын. Мен де мейірімдімін, ашықпын, бірақ кейде сабырсызбын.

- Бұл қызық екен. Мысалы, сен қандай жағдайларда сабырсыз боласың?

- Көп күту керек болғанда сабырсызданамын немесе біреу сөзінде тұрмаса, ашуланамын.

- Түсінікті. Біреу сөзінде тұрмаса, ашулану – табиғи жағдай. Мен де кейде шыдамсыз боламын, әсіресе қарным ашқанда төзімсіз және ашулы боламын, бірақ спорт сабырлыққа үйретеді. Өзімді кереметпін деп ойламаймын. Аздаған жалқаулығым да бар.

- Ержан, сен қайырымдылық жасайсың ба?

- Әлбетте, қолымнан келгенінше қайырымдылық көрсетемін. Бұдан басқа, адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауға тырысамын. Сен көпшілсің бе?

- Иә, мен де ашықпын, көпшілікті жақсы көремін, көмектесемін. Біздің үйге қонақ көп келеді. Мен қонақтарды жақсы көремін, әкем сияқты аққөңілмін.

- Айым, қонақжай болғаның өте жақсы екен!

### 5.2. Достық

**5.2.1-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

- Сәлем, Алма!
- Сәлем, Райхан!
- Қалайсың?
- Жақсы, сабақтан енді шықтым. Өзің қалайсың?
- Менде де бәрі жақсы. Ертең Ботагөздің туған күні ғой, не істейміз?

- Оған тосынсый жасап, туған күнін ерекше атап өтейік.

- Тамаша! Не жоспарлаймыз?

- Оның жақсы көретін тағамдарын дайындап, достарымызды шақырайық. Содан кейін ән айтайық.

- Керемет! Мен торт пісіріп келейін.

- Жақсы, мен пицца пісірейін. Гүл де алайық.

- Иә, міндетті түрде.

(Ертеңінде Ботагөздің есігі қағылады, Ботагөз есікті ашады)

- Ботагөз: Сәлем, достар!

- Алма мен Райхан (достарымен бірге): Туған күніңмен, Ботагөз! Туған күнің құтты болсын!

- Ботагөз: Бұл қандай керемет тосынсый! Өте қуаныштымын! Қош келдіңдер! Қалайсыңдар? Кіріңдер!

(Барлық достар жиналып, дастарқанға отырады)

- Алма: Ботагөз, біз саған ән орындап берейік, тыңдашы.

(Алма мен Райхан ән орындап береді)

- Ботагөз: Бұл керемет кеш болды! Сендерге көп-көп рақмет! Менің бүгінгі туған күнім ерекше өтті.

- Достары: Біз де қуаныштымыз.

- Райхан: Достық – бұл бір-бірімізге әрқашан қуаныш сыйлау.

- Сені жақсы көреміз!

- Мен де сендерді жақсы көремін!

## 5. 3. Әріптестік

**5.3.1-тапсырма. Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

- Сәлем, Диана! Қалың қалай?

- Сәлеметсіз бе, Дарын мырза! Жақсы, рақмет. Өзіңіз қалайсыз?

- Мен де жақсымын, рақмет. Жаңа жобамен жұмыс қалай жүріп жатыр?

- Жобаны әзірлеп жатырмын, бірақ сіздің көмегіңіз керек болар.

- Әрине, Диана! Қандай көмек керек?

- Мына құжаттарды сіз бір тексеріп беріңізші.

- Жарайды, түстен кейін қарармын, түске дейін кездесуім бар. Сенің жұмысыңа қолдау көрсетуге әрқашан дайынмын.

- Рақмет! Сіз тәжірибелі мамансыз, сол үшін сіздің көмегіңіз өте маңызды.

- Оқасы жоқ, біз әріптеспіз ғой, бір-бірімізге көмектесіп тұрамыз. Бірге жұмыс істесек, нәтиже жақсы болады.

- Дұрыс айтасыз. Бірге жұмыс істесек, бәрі оңайрақ болады.

- Иә, Диана, кез келген уақытта көмек сұрауыңа болады.

- Рақмет, Дарын мырза!

- Ендеше іске сәт!

- Рақмет, іске сәт!

**5.3.5-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Әріптестік

Басшы: Құрметті әріптестер, мерекеге орай табиғатта демалайық. Сенбі күні барсақ, қалай қарайсыздар?

Хатшы: Біз отбасымызбен ауылға тойға барамыз. Өкінішке қарай, бара алмаспыз.

Жас маман: Мен де сенбі күні таңертең дәрігерге баруым керек. Түстен кейін ғана келермін.

Есепші: Демалысқа шығуыма байланысты шетелге саяхатқа кетеміз. Кейін әріптестермен тағы да барармыз.

Басшы: Ендеше қалған әріптестермен сенбі күні жұмыс орнында кездесеміз. Автобус жүргізушісі сіздерді офис алдында күтеді.

Мамандар: Жақсы демалыс болсын!

## 6-ДӘРІС. ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

### 6. 1. Қоғамдық орындар

**6.1.1-тапсырма. Төмендегі полилогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

Арман:- Мехмет, сен түскі үзілісте тамаққа барасың ба ?

Мехмет:- Мен түсте кітапханаға барармын.

Арман: - Түстен кейін де сабағымыз бар. Қарның ашар. Бірге тамақтануға бармаймыз ба?

Мехмет: - Иә, тамақтансақ, жақсы болар еді, бірақ мен асхананың қайда екенін

білмеймін.

Арман: - Мен саған көрсетейін, жүр.

Мехмет:- Рақмет, кеттік!

Асханада

Арман: - Мехмет, қара, осы жерден тамақтарды таңдаймыз.

Мехмет: - Бұл қандай тамақ?

Арман: - Бұл – көже. Ал бұл – қуырдақ.

Мехмет: - Мен мына тамаққа тапсырыс берейін деп едім, бұл тамақ қалай аталады?

Арман: - Бұл – палау. Ішінде ет, күріш, сәбіз және дәмдеуіштер бар. Сусын ішпейсің бе, айран, шай немесе су аласың ба?

Мехмет: - Айран алайын.

Арман: - Нан мен бауырсақ жегің келсе, олар мына жерде.

Мехмет: - Бауырсақ алайын. Біз Түркияда да осылай пісіреміз.

Арман: - Қазір тапсырыс берейік. Апай, өтініш, досыма палау, бауырсақ және айран, маған қуырдақ, нан мен қара шай беріңізші.

Асханадағы апай: - Мінеки, ас болсын!

Арман: - Жақсы, рақмет, апай!

Мехмет: - Ақшасын қай жерге төлейміз?

Арман: - Анау жерде касса бар, ақшасын сол жерге төлейміз. Жүр, бірге төлейік.

Кассир: - Екі мың үш жүз теңге. Картамен төлейсіз бе, қолма-қол ақшамен төлейсіз бе?

Мехмет: - Картамен төлейін, мінеки алыңыз.

Кассир: - Ас болсын!

Мехмет пен Арман: - Рақмет!

**6.1.9-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Тапсырыс беру

Айдана: Қарным ашты. Тамақтанайық.

Асқар: Жақын жердегі кафеде түрлі тағам түрлері бар. Сол жерде тамақтанайық. Кеттік.

Айдана: Барайық.

Даяшы: Қош келдіңіз! Ас мәзірі, мархабат. Не қалайсыз?

Айдана: Мен қазақша ет сорпасымен алайын. Өтініш, жанында бауырсақ

болсыншы.

Даяшы. Жақсы. Тапсырысыңыз жиырма минутта дайын болады. Тәттіден не қалайсыз? Қазақ ұлттық тәттілері бар.

Айдана: Сүтпен шай және жент пен балқаймақ алайын.

Асқар: Мен нарын, ыстық бауырсақ және балғын салат алайын. Мен тәтті алмаймын.

Даяшы: Жақсы. Тапсырысыңызды қабылдадым.

Асқар: Балғын салат пиязсыз болсыншы, өтініш.

Даяшы: Жақсы.

«Дастархан» әнін тыңдаңыз.

## 6.2. Сауда-саттық

6.2.1-тапсырма.Төмендегі диалогты оқыңыз және тыңдаңыз.

Айгүл: - Сәлеметсіз бе!

Сатушы: - Сәлеметсіз бе!

Айгүл: - Маған алма мен апельсин керек еді. Алманың бағасы қанша?

Сатушы: - Алманың келісі 500 теңге.

Айгүл: - Жақсы, маған екі келі алма беріңізші. Ал апельсиннің бағасы қанша?

Сатушы: - Апельсиннің бағасы 600 теңге.

Айгүл: - Онда бір келі апельсин беріңізші. Қызанақ ше?

Сатушы: - Қызанақтың келісі 450 теңге.

Айгүл: - Жақсы, маған екі келі қызанақ қосыңызшы.

Сатушы: - Мына қиярдан алыңыз.

Айгүл: - Рақмет, үйде бар.

Сатушы: - Жарайды. Тағы бірдеңе аласыз ба? Бәрі жаңа келді, дәмді.

Айгүл: - Бір келі жүзім керек еді.

Сатушы: - Жүзім өте дәмді! Өзіңіз таңдаңыз!

Айгүл: - Рақмет, мына жүзім жақсырақ көрінеді. Бағасы қанша?

Сатушы: - Мына қара жүзімнің келісі 500 теңге, ал көк жүзім 300 теңге.

Айгүл: - Жақсы, маған бір келі қара жүзім және жарты келі көк жүзім беріңізші. Бананның келісі қанша?

Сатушы: - 1000 теңге.

Айгүл: - Қымбат екен. Арзанырақ жоқ па?

Сатушы: - Кішірек банандар бар, келісі 600 теңге.

Айгүл: - Содан бір келі беріңіз онда.

Сатушы: - Мінеки. Тағы не аласыз?

Айгүл: - Жоқ, жеткілікті. Барлығы қанша теңге болды?

Сатушы: - Барлығы 3750 теңге болды.

Айгүл: - Міне, ақшаны санап алыңыз. Рақмет!

Сатушы: - Сізге рақмет! Келіп тұрыңыз!

Айгүл: - Сауданыз сәтті болсын!

## 6. 3. Халыққа қызмет көрсету

**6.3.1-тапсырма. Төмендегі полилогты оқыңыз және тыңдаңыз.**

Мехмет: -Арман, сәлем!

Арман: - Сәлем, Мехмет! Қалайсың?

Мехмет: - Бәрі жақсы. Қазақстанға үйреніп келемін. Маған сенің көмегің керек.

Арман: - Әрине, қолымнан келгенінше көмектесейін.

Мехмет: - Мен банктен есепшот ашуым керек, сабақтан кейін банкке бірге барсақ қалай қарайсың?

Арман: - Әлбетте, барайық!

Банкте

Мехмет: - Сәлеметсіз бе! Мен есепшот ашқым келеді. Қандай құжаттар қажет?

Банк қызметкері: - Сәлеметсіз бе! Шетелдіктерге банкта есепшот ашу үшін паспорт, көші-қоннан тіркелу туралы құжат қажет. Егер жұмыс немесе оқу визаңыз болса, оны да көрсетуіңіз керек. Сондай-ақ ЖСН-ыңыз бар ма? Жоқ болса, міндетті түрде алуыңыз керек.

Мехмет: - ЖСН деген не?

Банк қызметкері: - ЖСН деген – жеке сәйкестендіру нөмірі. Қазақстанда тұратын немесе жұмыс істейтін барлық адамға берілетін жеке нөмір.

Мехмет: - ЖСН қайдан және қалай алуыма болады?

Банк қызметкері: - Паспорт, тағы басқа қажетті құжаттарыңызды алып, жақын жердегі халыққа қызмет көрсету орталығына барыңыз.

Арман: - Мехмет, жақын жерде бар, мен білемін. Жүр, кеттік!

**6.3.8-тапсырма. Тыңдаңыз.**

Халыққа қызмет көрсету орталығы

Қазақстанда барлық құжаттар халыққа қызмет көрсету орталықтарында жасалады. Барша облыс, аудан, қалаларда орталықтар бар. Жеке куәлік, паспорт, үй төлқұжаты, неке қию, жұмыспен қамту, мектепке, балабақшаға қабылдау – барлығы бір орталықтан жүргізіледі. Орталықта бірнеше маман www.egov.kz жүйесімен жұмыс істейді. Әрқайсы тәжірибелі әрі жылдам. Көптеген құжаттар жылдам әрі электронды түрде жасалады. Мен де 16 жасқа толған соң жеке куәлігімді қызмету көрсету орталығында жасатамын.

## 7-ДӘРІС. САЯХАТ

### 7. 1. Саяхатқа дайындық

**7.1.1-тапсырма. Төмендегі полилогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

Фатма: - Айше, Алматыдағы жазғы мектебіміз бітуге жақындап қалды. Дәрістеріміз біткеннен кейін, Қазақстанның көрікті жерлерін бірге аралайықшы.

Айше: - Фатма, мен де осыны ойлап жүр едім. Мен бала кезімнен бері Түркістан қаласын көруді армандайтынмын.

Фатма: - Сенесің бе, мен де Түркістанға барғым келеді!

Айше: - Шын ба, қандай керемет! Мен Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесін көргім келеді.

Фатма: - Мен де! Айсезім Шымкенттен ғой, құрбымыздан көмек сұрайық.

Айше: - Сұрайық.

Фатма: - Айсезім, біз дәрістеріміз біткеннен кейін Түркістанға барайық деп шештік. Сенің ойыңша, қалай барғанымыз дұрыс болады?

Айсезім: - Бұл керемет шешім! Қазақстанға келгеннен кейін, Түркістанды міндетті түрде көру керек деп ойлаймын. Түркістанға ұшақпен, пойызбен немесе автобуспен баруға болады. Мен сендерге пойызбен баруға кеңес беремін. Дәріс біткеннен кейін бірге барайық!

**7.1.6-тапсырма. Тыңдаңыз.**

- Сәлеметсіз бе!

- Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз! Қандай көмек қажет?

- Есімім – Бурак. Тамыз айында Қазақстанға 10 күнге отбасыммен демалысқа барғым келеді. Арнайы тур бағдарламаларыңыз бар ма?

- Иә, әрине! Қазақстанға арнайы турларымыз бар. Алматы, Түркістан және Астана қалаларына тур бар. Тур ішінде сізді арнайы гид алып жүреді. Алматы, Түркістан, Астана қалаларының көрікті жерлерін көресіз.

- Сізге Алматының ең көрікті жерлерінен қонақүй ұсынамыз. Алматы, Астана және Бурабайда бес жұлдызды қонақүйде жатасыз. Үш мезгіл тамақтану қарастылырылған.

- Өте жақсы. Біз жұбайымызбен және екі баламызбен барамыз.

- Жақсы. Құжаттарыңызды алайын.

## 7.2. Отандық туризм

**7.2.1-тапсырма. Төмендегі полилогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

Фатма: - Айше, біз Шымкентке пойызбен барамыз ғой, солай ма?

Айше: - Иә, Фатма. Пойызбен бару ыңғайлы болар. Бүгін билет аламыз ба?

Фатма: - Иә, алайық. Интернеттен алайық па, вокзалда кассадан алайық па?

Айше: - Вокзалдан алғанымыз дұрыс болар.

(Екеуі Алматы вокзалына келеді.)

Айше: - Фатма, қара, міне, Алматыдан Шымкентке дейінг сағат 8:00-де, 12:00-де, 20:00-де пойыздар бар екен.

Фатма: - Пойызбен 10 сағатта жетеміз. Кешкі пойызды таңдасақ, таңертең Шымкентте боламыз.

Айше: -Иә, кешкі 8:00-дегі пойыз қолайлы сияқты. Енді кассаға барайық.

(Олар кассаға келеді)

Фатма: - Сәлеметсіз бе! Бізге Алматыдан Шымкентке екі билет керек еді.

Кассир: - Сәлеметсіздер ме! Қай уақыттағы пойызға билет аласыздар?

Айше: - Кешкі 8:00-дегі пойызға екі билет керек.

Кассир: - Жақсы. Сіздерге плацкарт керек пе, купе ме?

Фатма: - Купе жақсы болар еді.

Кассир: - Купеде екі орын бар. Бағасы әрқайсыңызға 8000 теңгеден.

Айше: - Міне, 16000 теңге.

Кассир: - Паспорт немесе төлқұжаттарыңызды көрсете аласыздар ма?

Айше: - Әрине, мінеки.

(Кассир паспорттарды қарап, ақшаны қабылдап, билеттерді басып шығарады.)

Кассир: - Міне, сіздердің билеттеріңіз. Сәт сапар!

Фатма: - Рақмет! Сау болыңыз!

Айше: - Көп рақмет!

## 7. 3. Шетелге саяхат

**7.3.1-тапсырма. Төмендегі диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

Саяхаттау

- Сәлем, қайда барасың?
- Сәлем, мен Анкараға ұшамын бүгін.
- Мен де бүгін кешке Анкараға ұшамын.
- Шынымен бе, сен нешеде ұшасың?
- Мен сағат 18.15 ұшамын.
- Анкарада неше күн боласың?
- Шамамен 2 апта боламын, жұмыспен бара жатырмын. Мен көбірек қалар едім, Түркияда саяхаттағым келеді. Қазақстандықтарға Түркияда визасыз 1 ай жүруге болады, бәлкім жақында тағы бір барармын.
- Сен тікелей рейспен барасың ба?
- Жоқ, Германия арқылы ұшамын. Мен билеттерді тым кеш броньдадым, сондықтан тікелей рейске билет ала алмадым.
- Әуежайға дейін қалай жетесің?
- Таксимен жетемін.
- Бірге барайық, мен сені апарып тастай аламын.
- Шынымен бе?! Өте жақсы болар еді!
- Сенде жүк бар ма?
- Жоқ, қол жүгім ғана бар. Мен сапарға шыққанда көп жүк алмаймын.
- Жақсы екен, онда шыға берейік, әуежайға бір-екі сағат бұрын барған дұрыс. Сонда сенде тіркеуден өтуге, кеденнен өтуге уақытың жеткілікті болады.
- Жақсы, онда кетейік!

**7.3.3-тапсырма. Төмендегі диалогты тыңдаңыз және оқыңыз.**

- Қайырлы күн, ханым! Сізге қандай көмек керек?
- Сәлеметсіз бе, маған Анкара рейсіне тіркеуден өту керек.
- Әлбетте, паспортыңызды беріңізші.
- Иә, әрине, мінеки!
- Рақмет. Сіз жүгіңізді тапсырасыз ба?
- Иә, менің бір шабаданым бар.
- Тамаша! Таразыға қойып жібересіз бе?
- Әрине, қояйын.
- Көп рақмет. Сіздің жүгіңіз қабылданды. Сізде қол жүк бар ма?
- Иә, менің сөмкем бар.
- Сіздің сөмкеңізде декларациялайтын қандай да бір заттар бар ма?
- Жоқ, ондай ештеңе жоқ.
- Жақсы, мынау Сіздің отыру талоныңыз.
- Көп рақмет! Қауіпсіздік қызметі қай жерде екенін айтып жіберісз бе?
- Иә, тіке жүріп, солға қарай бұрылыңыз. Қауіпсіздікті бақылау пунктін көресіз.
- Көмегіңізге рақмет!
- Оқасы жоқ! Сәт сапар!

# ДҰРЫС ЖАУАПТАР



## 1-ДӘРІС

### 1.1 Өзім туралы

**1.1.2-тапсырма.** Аты-жөні:Айзере. Кім: оқушы. Жасы:18. Оқу орны: Мектеп. Қаласы: Астана. Арманы: мұғалім болу. Ұнататын пәндері: физика, математика. Хоббиі: кітап оқу, сурет салу, би билеу, музыка тыңдау.

**1.1.5-тапсырма.** Дәрігерсіз, медбикемін, студентпін.

**1.1.6-тапсырма** суретші+мін, мұғалім+мін, сатушы+мын, ғарышкер+мін, дәрігер+мін, құрылысшы+мын, медбике+мін, заңгер+мін, аспаз+бын, жүргізуші+мін.

